

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

**Казахский язык и литература
в русской школе**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

4/2012 СӘУІР

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

***Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша ӘЛІМЖАНОВА, Шәмша
БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК,
Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар
ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия
ОРАЗБАЕВА, Күлнәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.***

	<i>Басшылыққа алар тірегіңіз</i>	
Анар ЕРМЕКҚЫЗЫ.	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу.....	3
	<i>Tuімді әдіс – баршаға ортақ</i>	
Күләнда АЛДАБЕРГЕНОВА.	Инновациялық технологияларды оқу үрдісінде қолдану.....	10
Нұргүл МАМПАСҚЫЗЫ.	Ақпараттық технологиялар – қазақ тілі сабақтарында.....	13
	<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Гүлнар БЕРКУТОВА.	Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілі.....	17
	<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Толғанай ҚАБДЫҒАЛИЕВА.	Абайды білмек парыз ойлы жасқа.....	20
Айман АРЫСТАНБЕКҚЫЗЫ.	Мәшһүр Жүсіп Көпеев.....	24
Айнагүл ЖОЛДАСҚЫЗЫ.	Мағжан Жұмабаев. «Сүйемін».....	27
	<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Роза ӘБДІКӘРІМҚЫЗЫ.	Сөйлемнің бірыңғай мүшелері – үлкен білім ошағында.....	30
Салтанат РУЗАМЕНҚЫЗЫ.	Грамматикалық тақырыпта – сыйлық ұсыну рәсімі.....	32
Раушан ХАБДИЛХАЛЫҚҚЫЗЫ.	Оқшау сөзді жарнама және біз.....	36
Махаббат МАНАТҚЫЗЫ.	Сөздік қоры мол ұлылар елі.....	40
Тұрымтай СҰЛТАНҚЫЗЫ.	Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі.....	43
Раушан ЖОРАБЕКОВА.	Септік жалғауының нәтиже сабағы.....	45
Гүлзар КАМАЛОВА.	Дыбыстарды дұрыс айтқызған – менің мектебім.....	49
Диляра ХАСЕНОВА.	Тіл ұстартқан ертегілер әлемі.....	52
Барқыт МАҚАНОВА.	Қазақ тіліне тән дыбыстар – отбасы тәрбиесінде.....	55
Әлия ПЕРНЕБЕКҚЫЗЫ.	Ауызекі сөйлеу мен ұлттық ойындар.....	59
Алтынгүл ӘЛЕНҚЫЗЫ.	Бастауыш пен Бәйтерек.....	61
Салтанат БЕКТАСҚЫЗЫ.	Біріккен сөз – Бағдатқа жол.....	64
Тотыгүл ЕЛУБАЙҚЫЗЫ.	Мақта қыз бен мысық сөздігі.....	68
Бақытгүл ЖАҚАНАЕВА.	Синонимдер.....	71
Ақонер СӘУЛЕБАЙҚЫЗЫ.	Сөзге бай қарапайым Қаныш.....	74
Раушан ҚАЙДАРҚЫЗЫ.	Етістікті Тәуелсіз Қазақстан.....	77
Күлсін ҚАРАБАЛИЕВА.	Есімшеде – күйші Дина.....	80
Панеш СЕКЕНҚЫЗЫ.	Жаңа сөз үйреткіш ұялы телефон.....	82
	<i>Бір тақырыпқа – екі мақала</i>	
Алмагүл НҰРТАЗАҚЫЗЫ.	Шешендікке баулыған Шоқан.....	94
Раушан ЖҰМАНҚЫЗЫ.	Шешендікке баулыған Шоқан.....	97
	<i>Білім сынағында</i>	
Жанар ҚАЗЕЗҚЫЗЫ.	Тіл мен спорт тақырыбындағы деңгейлік тапсырмалар.....	100
	<i>Сыныптан тыс тәрбие</i>	
Назым АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ.	Мәнерлеп сөйлеткен Жеңіс жыры.....	115
Рая ЕЛЕУКЕНҚЫЗЫ.	Тіл күрмеуін шешкен Шәмші.....	120
Сымбат СМАТАЕВА.	Тілі нәрлі ертеңіне сенімді.....	122
Альмира ЕРЕЖЕПОВА.	Тіл мәртебесі - ел мерейі.....	126
Қапұра ҚАЛИЯҚПАРҚЫЗЫ.	Сөз сардары – жігіт сұлтаны.....	130
	<i>Ұлыстың ұлы күні</i>	
Гүлнәр КӨШЕРБАЙҚЫЗЫ.	Тіл байлығы – Наурыз.....	132
Айгүл АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ.	Сөйлетеді Наурыз – көктем!.....	138

Анар ЕРМЕКҚЫЗЫ,
«Бірсуат» орта мектебінің
мұғалімі.

Ақмола облысы,
Еңбекшілдер ауданы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ

*(орыс сыныптарында 9-сынып оқушыларына
арналған элективтік курстың оқу бағдарламасы,
жалпы сағат саны – 34)*

1. Түсінік хат.

Курстың мақсаты: оқушылардың мемлекеттік тілде ақыл-ой қабілетінің даму деңгейін өсіру, дұрыс сөйлеу, білім деңгейін тереңдету және сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру; орыс сыныптарында мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу оқушыларды келешек мамандығында қолданатын іс қағаздарының түрлерімен таныстыру, оларды кәсіби бағытта тілдік қатынасқа дайындау; оқушыларды болашақ маман ретінде қазақ тілімен қатар мамандыққа байланысты сөздерді үйреніп, сөздік қорын байытады және оны келешекте үйреніп қызмет барысында қолдану – оларды өз мамандығын жетік меңгерген маман болуына септігін тигізеді.

Таңдалып алынған оқыту бағдарына сәйкес элективтік курстың тақырыбын анықтау керек. Кейінгі жылдар ішінде іс қағаздарына байланысты көптеген әдебиеттер жарық көрді. Бірақ бұл әдебиеттердің басым көпшілігі іс қағаздарының түрлерін, үлгілерін, қажетті тірек сөздері мен жаттығуларын берумен шектелген.

Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу – оқу процесінің өзекті мәселелерінің бірі болғанымен, бұл салада жарық көрген әдістемелік құралдар – жоқтың қасы. Іс қағаздарына байланысты

шыққан қай оқулықты алсаңыз да, онда іс қағаздарының жалпыға ортақ түрлері: арыз, өмірбаян, анықтама, қолхат, жеделхат, түсінік хат, т.б. берілген. Шынына келсек, іс қағаздарының жалпыға бірдей бұл түрлерімен оқушылар мектеп қабырғасында танысып үлгереді. Сондықтан осы бағдарлама орыс сыныптарында мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу дегенде оқушыларды келешек мамандығында қолданатын іс қағаздарының түрлерімен таныстыру, оларды кәсіби бағытта тілдік қатынасқа дайындау деп түсіну қажет.

Жалпы оқу процесінің сипаттамасы, әдістері, жұмыстың түрлері.

Пәнді оқыту жұмысы тақырыптың ұстанымға негізделіп, коммуникативті бағытта функционалды – жүйелік әдісті қолдану негізінде, орыс тілі мен қазақ тілі грамматикасын салыстыру жолымен іске асады. Іс қағаздарының қай-қайсысы болса да мәтін деп алынып, тіл дамыту жұмыстарының барлық түрлері жүргізіледі. Яғни, іс қағазының мәтінін тыңдау, оны оқу, сауатты жазу, сөздік жұмыстарын жүргізу, сұраққа жауап әдісімен диалогтар құрастыру, үлгі, кесте бойынша іс қағаздарын толтыру, грамматикалық жаттығуларды жүргізу, тыныс белгілерімен жұмыс істеу, тест сұрақтарына жауап беру; сын жұмыстарын жүргізу, т.б.

Сөйлем құрату, грамматикалық ережелер, анықтамалар – сөз үйретудің техникасы. Ғылым мен техниканың жылдан-жылға жедел қарқынмен дамуына байланысты шәкірттерге дәріс беруде жаңа технологияларды енгізу – оқушылардың білімін көтеруде үлкен әсер етіп отыр.

Жаңа технологияларды қолдану: деңгейлеп оқыту технологиясы (Ж.Қараев); ұжымдық оқыту технологиясы; интерактивтік және компьютерлік технологиялар; жазу және оқу арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту.

Тәсілдер: электрондық оқулықтар, презентациялар, Интернет, ақпарат көздері, тестілер, мониторингтік бақылау жүйесі, коррекциялық жұмыстың жүйесі.

2. Мазмұны. “Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу” курсы орыс сыныптарында мемлекеттік тілді меңгерту сабақтарының, яғни, практикалық қазақ тілі сабақтарының заңды жалғасы ретінде қарастырылып, бір-бірімен байланысқан, бірізді әдістемелік жолмен меңгерілуі керек.

Яғни, 9-сынып оқушылары мемлекеттік тілді қатынас құралы ретінде игерсе, курстың оқушылары – мамандыққа сай кәсіби бағытта және мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізуді меңгеруі керек.

Әрбір мамандықтың өз саласында қолданылатын терминдері мен іс қағаздарының түрлері ұшан-теңіз. Мысалы, экономика мамандығы бойынша банк, сауда; салық қызметкерлеріне байланысты валюта, төлем, есеп айыру, кредиттеу; депозиттерге байланысты түрлі қызмет, қатынас қағаздары толтырылады. Жалпы экономика, қаржы саласындағы жұмыстың барлығы дерлік тек мамандыққа байланысты терминдер мен қызмет барысында қолданылатын кәсіби сөздер молынан кездесетін құжаттар арқылы іске асатыны белгілі. Сондықтан практикалық қазақ тілі сабақтарына кәсіби бағытта арнайы сағаттар бөлінген.

Екінші тілді оқытудағы ұстанымдардың бірі – екі жақты іс-әрекетін негізге алу. Бұл ұстаным бойынша оқытушы сабақта тек білім беріп қана қоймай, сол білімді оқушылардан оларды сабаққа белсене қатыстыру арқылы “қайтарып” алып отырады. Яғни, оқушы сабақта материалды меңгергенін тілдік іс-әрекет әдісі арқылы көрсетіп отырады.

Іс қағаздарын тек сабақта ғана үйреніп қоймай, оны сабақтан тыс уақытта, қазақ тілі үйірмесінде жазып үйреніп, оның үлгілерін екі тілде көрсететін арнайы стенділер, газеттер, альбомдар шығаруда пайдалануға болады.

Осындай жан-жақты ұйымдастырылған жұмыстар арқылы іс қағаздарын сауатты жазуға үйреніп қана қоймай, сонымен бірге оқушылардың сөздік қорын молайтып, тілге деген құрметін арттырамыз.

Әр мамандықтың өзіне ғана тән кәсіби сөздері мен терминдері, іс қағаздарының түрлері мен құжаттары барын ескерсек, оқушыларымыз кәсіби бағытта дайын болады.

3. Нормативтік бөлім. *Оқушы нені білуі тиіс:*

- қазақ тілінің фонетикасын, үндестік заңын, оларды сөйлемде дұрыс қолдану;
- лексиканы, сөздіктердің түрлерін, атқаратын қызметін білу;
- етістіктердің жасалу жолын;
- есімдіктің түрлерін, жасалу жолын;
- етістіктің болымсыз түрінің жасалуын;
- етістік шақтарының жасалу жолын;
- есімшенің жұрнақтарын дұрыс қолдану;
- көсемшенің жасалу жолдарын;
- етіс түрлерін ажырату;
- шылау сөздердің түрлерін, оларды қолдану;
- мамандықтардың түрлерін;
- жалғаулардың айырмашылықтарын, ерекшеліктерін;
- қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасын;
- іс қағаздарының түрлерін ажырату.

Оқушы нені үйренуі тиіс:

- өзара сөйлесу;
- мемлекеттік тілге қатысты мәліметті әңгімелеуді;
- іс қағаздарды сауатты толтыруды;
- сызбалар негізінде іс қағаздарды құрастыруды;
- деңгейлік тапсырмалар негізінде сауатты жазуға;
- кеңселік іс қағаздарын дұрыс толтыру;
- қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасының ерекшеліктерін;
- іскерлік іс қағаздарының түрлерін;
- іскерлік іс қағаздарды стандарттық талаптарға сай құрастыру;
- мемлекеттік тілде іс қағаздарды компьютерде басып шығаруды;
- қызметтік хаттардың түрлерін ажырату;
- қызметтік хаттарды сауатты және стандарттық талаптарға сай

құрастыру;

- көпшіліктің алдында сөз сөйлей алу;
- түрлі мәліметтер бойынша есеп жазуға;
- түрлі қызмет мәселелерін шешу арқылы еркін тілдік қарым-қатынас жасауға.

Курстың нәтижесі: Курсты бітірген оқушылар келешек маман ретінде өзі істейтін жұмыс орнында мамандық бойынша терминдерді еркін пайдаланып, түрлі қатынас қағаздарын жаза алатындай, мәжілістерде сөз сөйлей алатындай дәрежеге жету. Түрлі мәліметтер беріп, жылдық есеп жазу, жиналысты ұйымдастыру, не болмаса, өзі сияқты мамандармен кездесіп, қызмет мәселелерін шешу арқылы еркін тілдік қарым-қатынасқа түсу керек.

Олар: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым.

Тақырыптық-күнтізбелік жоспар (9-сынып)

Барлығы 34 сағат

№ р/с	Тақырыбы	Сағат саны			Өткізудің түрі
		барлығы	лекциялар	практика	
I	Кеңселік іс қағаздарының үлгісі.	6			
1.1.	Кіріспе.		1		лекция
1.2.	Өмірбаян. Өтініш.		1		лекция
1.3.	Арыз. Талап арыз.			1	компьютерде басу
1.4.	Шағым. Бұрыштама.			1	лекция
1.5.	Сенімхат. Қолхат.		1		лекция
1.6.	Түсініктеме.			1	лекция
II	Қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы.	8			
2.1.	Кіріспе. Қазақ және орыс тілдерінің қалыптасу ерекшелігі.		1		лекция
2.2.	Фонетика. Қазақ және орыс тілдері дыбыстарының жіктелуі.		1		әңгімелеу
2.3.	Сөздің морфологиялық құрамы.		1		лекция
2.4.	Сөзжасам. (Словообразование).		1		лекция
2.5.	Морфология. Сөз таптары.		1	1	лекция тест
2.6.	Синтаксис.		1	1	лекция талдау

III	Іскерлік іс қағаздарының үлгілері.	3			
3.1.	Түйіндеме.		1		лекция
3.2.	Мінездеме.			1	компьютерде басу
3.3.	Визит кәртiшкесi.			1	практикум
IV	Қызметтік хаттар.	13			
4.1.	Өтiнiш хат. Ресми хат.		1		лекция
4.2.	Ұсыныс хат. Сұраныс хат.			1	практика
4.3.	Жолдама хат. Жарнама.		1		лекция
4.4.	Хабарландыру. Хабарлама хат. Баянат (рапорт).			1	газет шығару
4.5.	Баяндау хат. Ақпарат хат.		1		әңгімелеу
4.6.	Циркуляр хат. Жеделхат.		1		әңгімелеу
4.7.	Телефонхат. Құттықтау хат.		1		ойын
4.8.	Бұйрық.		1		лекция
4.9.	Бұйрықтан көшiрме.			1	компьютерде басу
4.10.	Хаттама.		1		лекция
4.11.	Хаттамадан көшiрме.			1	Іскерлік
4.12.	Анықтама.			1	ойын
4.13.	Келiсiмшарт. Келiсiм.		1		практикум
					лекция
V	Практикалық жұмыстар	4			
5.1.	Мектептің іс қағаздарын басу.			2	компьютерде басу
5.2.	Көрме ұйымдастыру.			1	Мәжіліс отырыс
5.3.	Конференция.			1	дөңгелек үстел

4. Әдістемелік-ақпараттық бөлімі.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі:

Оқушыдан (баға “4”-тен төмен болмау керек) келесі шарттар бойынша сынақ алады: міндетті жұмыстардың орындалуы 3-тен кем болмау, тапсырмаларды уақытында тапсыру, мұғалім ұсынған стандарттық талап бойынша жұмыстарды әзірлеу.

Қосымша ұпайлар төменгі шарттар бойынша қойылады:

- міндетті тапсырмалардан басқа өзіндік сапалы орындаған тапсырмаға;
- Интернет-технологияларды қолдану;
- өз жұмысы бойынша презентацияны орындау және көпшіліктің алдында есеп беру (конференция, Мәжіліс отырыс).

Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізуде оқушылардың

білімін көтеру мақсатында бағдарлама бойынша нәтиже сабақтар ұйымдастырылуы қажет. Нәтиже сабақтардың мақсаты — оқушыларды оларға “тілдік орта” ұйымдастыру арқылы практика жүзінде іс қағаздарымен кездестіру.

Сонымен бірге оқушылар іс қағаздары бойынша өзіндік жұмыстарын орындап, сабақта ол жайында есеп беріп отырады. Өйткені аптасына бір-ақ рет жүргізілетін сабақта жоғарыда айтылғандардың бәрін меңгерту мүмкін емес. Оны толық игеру оқушылардың әр сабақта белсене қатынасып, сабақ сайын өтілген жаңа іс қағазын игеріп, өз бетінше түрлі жұмыстар жүргізу арқылы пысықтап, қайталап отыруына байланысты.

Пәнаралық кіріктіру: орыс тілі; қазақ тілі.

5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Мұғалімге: 1. А.Қ.Құрманова, Б.Б.Жахина, И.С.Қайырбекова. Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу курсынан практикалық тапсырмалар. Келешек-2030. Көкшетау. 2007; 2. Ж.Мұсаұлы, Р.Әміренова. “Қазақорыстілдерініңсалғастырмалыграмматикасы”. Келешек-2030, Көкшетау, 2007; 3. Л.Дүйсембекова. Іс қағаздарын қазақша жүргізу. А., 1991; 4. Т.Дүйсебаева. Машинкамен жазу және іс қағаздарын жүргізу. А., 1991; 5. С.Исаев, Г.Нуркина. Сопоставительная типология казахского и русского языков. А., 1996; 6. Н.Ерғазиев, Б.Сүлейменова. Іс қағаздарының орысша-қазақша сөздігі. А., 1992; 7. Қазақстан Республикасының іс қағаздарын жүргізу. А., 2005.

Оқушыларға: 1. А.Қ.Құрманова, Б.Б.Жахина, И.С.Қайырбекова. Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу курсынан практикалық тапсырмалар. Келешек-2030. Көкшетау, 2007; 2. Б.Қапасова. Оқушы анықтамасы. Қазақ тілі. 5-11 сыныптар. “Арман-ПВ”, 2004; 3. Екі тілде іс жүргізу. Делопроизводство на двух языках. Словарь-справочник. А., 1994; 4. Электрондық оқулық.



ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Мемлекеттік тілді жетік меңгеру үшін инновациялық технологияларды қолдана білу керек. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Сондықтан, оның мақсаты – технологияға бейімдеп, шығармашылық, ізденіс қабілетін дамыту, жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі кезде ақпараттық, жеке тұлғаны оқыту, Ж.Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйесі» технологиялары өз қолдауын тауып, оқу үрдісінде қолданылуда.

Деңгейлік тапсырмаларды әдетте жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай, ойлауын дамыту арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырады, ізденушілікке баулиды.

Орыс тілді оқушылардың кейбірі қазақ тілін жақсы біледі. Осындай оқушылар, әдетте, бәрінен бұрын оқулықтағы тапсырмаларды бірінші орындайды. Сол себепті де сабақ жоспарын деңгейлік тапсырмалар арқылы құруды тәжірибеме енгіздім:

- оқушылардың қазақ тілін жақсы меңгергендеріне арнайы тапсырма;

- қазақ тілін міндетті деңгейде меңгергендеріне жеке тапсырма.

Мен өз тәжірибемде Кобдикова-Қараевтың «Оқытудың үш өлшемді әдістемелік» жүйесінің жұмыс дәптерін қолданамын. Оны пайдалана отырып, оқушының тақырыпты қандай деңгейде меңгергенін анықтаймын.

Мысалы, 11-сынып- математикалық бағыт. Тақырыбы – «Туған жер ұғымы». 1-деңгей. 1. «Туған» сөзі төменде берілген сөздердің қайсысымен тіркесе алады? Аға, мектеп, оқулық, ана, бауыр, сөз,

тіл, күн, Отан, дос, жер. 2. Сөз тіркестерімен сөйлем құрастыр.
3. «Отан» сөзіне дыбыстық талдау жаса. 2-деңгей. 1. 4-беттегі
«Туған жер ұғымы» мәтіні бойынша резюме жаса. 2. Мәтіннен
сабақтас құрмалас сөйлемдерді теріп жазып, синтаксистік талдау
жаз. 3. «Ұмытпайсың» деген сөзге морфологиялық талдау жаса.
3-деңгей. 1. Төмендегі картаға қарап, өзің білетін елдер туралы
жаз. 2. «Менің туған жерім» тақырыбына шағын шығарма жаз.
3. Мәтін бойынша тест тапсырмаларын құрастыр. Сонымен,
осы деңгейлік тапсырмалар тілдік білім жүйесін танып білуге,
оқушының диалогтік, монологтік тілін дамытуға, сын тұрғысынан
ойлау қабілеттерін жетілдіруге, шығармашылық ой-өрісін
дамытуға ықпал етеді.

Бұл технология, біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге
асыруға мүмкіндік береді, екіншіден, оқушының ойлау, елестету
мен есте сақтау қабілеттерін, үшіншіден, оның ынтасы мен
белсенділігінің дамуына көмектеседі.

Тіл сабақтары эстетикалық, адамгершілік, отансүйгіштік
тәрбие беретіндіктен тіл маманынан терең білімді, ізденгіштікті,
қажырлы еңбекті талап етеді. Оқушыларды жалықтырып жібер-
меу үшін қызықтыратын әдістерді пайдаланған тиімді және
ғылым мен техниканың жылдан-жылға жедел қарқынмен дамуына
байланысты шәкірттерге дәріс беруде ақпаратты технологияны
пайдалану қажет.

Ақпараттық құралдардың ішінде электронды оқулықтардың
рөлі ерекше. Зерттеушілердің пікірінше, оқытудың компьютерлік
технологиясы, ең бастысы, мультимедия оқытудың даралығын,
интерактивтілігін, арнайы оқыту ортасын құруға және оны
белсенді қолдануға жағдай туғызады.

Электронды оқулықтар – оқу пәні бойынша өздігінен білім
алуға, оның тиянақтығын, тереңдігін арттыруға және білімді
бақылауға арналған бағдарламалармен жабдықталған оқу құралы.

Мысалы, «Қазақстанның белгілі өнер адамдары» тақырыбын
өткенде, экрандағы Word бағдарламасындағы кесте бойынша
жұмыстарын орындайды.

Ал, жаңа тақырыпқа байланысты электронды оқулықтағы
«Мәдениет және өнер» тақырыбын оқушылар тыңдап, көріп,

оқып, аударып, тапсырмаларды орындап, тақырып бойынша презентация жасайды.

Инновациялық технология оқытудың жаңа түрлерін, амалдарын пайдалана отырып, белгілі бір уақытта жоғары нәтижеге жетуді талап етеді

Шығармашылық деңгейге жету жолдары оңай емес.

Сондықтан сабақ барысында жоба жасату, қорғату, оқу, жазу арқылы оқушылардың сыни көзқарасын қалыптастырамын.

3-сыныпта «Жыл мезгілдері» тақырыбын өткенде, интерактивті тақта қолдану арқылы оқушылар сөзжұмбақты шешіп, жаңа сабақтың тақырыбын анықтайды және «топтастыру», «тор» стратегияларын қолдана отырып, үш деңгейлі тапсырмалар орындайды және сыни тұрғыдан ойлау арқылы өз ойын айта білуге, өз бетінше ізденуге үйренеді. Сондықтан бала жас кезінен-ақ еркін ойлауға, алдына қойған істі жоспарлап, оны соңына дейін жеткізуге ынталанады. Мемлекеттік тілді орыс мектептерінде оқытуда инновациялық технологиялар оқушыларды қазақша дұрыс сөйлеуге, оқуға, қазақша дұрыс жазуға үйрету, ойлау қабілетін дамыту, ойын қазақша жеткізе алатындай болып көзделеді.

Ал, ақпараттық технология оқушыларға тақырып көлемінде мәлімет береді, білімге бір-бірінен үлкен ара қашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орындарына отырып қол жеткізуге болады және оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі оқу материалының сапасын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Ү.Көбдікова. «Орта мектепте білім алуды технологияландыру». А., 2003.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы, №12, 2007.
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы, №7, 2008.
4. Б.Баймұқанов. Оқытудың жаңа технологияларының негізгі ерекшеліктері. «Бастауыш мектеп» журналы, №3, 2007.
5. «Ұлағат» журналы, №7, 2010.
6. «Инновационная технология» журналы №3, 4, 6, 2010.
7. «Школьная технология» №5, 2007.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР – ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА

Қазіргі кезде мектептерде жаңа технологияларды қолдану жөнінде жиі айтылып жатыр. Қазіргі педагогикалық технологиялар – жобалау технологиялары, ақпараттық технологиялар, ынтамақтасты оқыту технологиясы және тағы басқалары балалардың қабілеттерін, біліктілік деңгейін, зеректіліктерін ескере отыра, даралап, саралап оқытуды қамтамасыз етеді және оқытуда құзыреттіліктерін іске асыруға көмектеседі. Сонымен, педагогикалық технологиялар деген не десек, олар:

- Өзара байланысты әдіс-тәсілдердің жиынтығы арқылы жеке тұлғаның белгілі қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған ықпал;
- Сол деңгейді қалыптастыру үшін белгілі шарттарды жасауға бағытталған іскерлік.

Педагогикалық технологиялардың мақсаты – оқыту үдерісінің тиімділігін көтеру, оқытуда бағдарланған нәтижелерге жетудің кепілі болып табылады.

Қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың коммуникативті мәдениетін дамыту және қалыптастыру болса, мұғалім өз жұмысында әрбір оқушыға тілді практикада меңгеруіне жағдай жасауы тиіс.

Оқыту үдерісінің тиімділігі үшін әр түрлі технологиялар қолданылып жатыр, бірақ мен қазақ тілін оқытудағы ақпараттық технологияларды қолдануға тоқталғым келеді. Біздің қарқынды заманымыз – ақпараттық технологиялар заманы. Қазіргі кезде бізге әр түрде берілген ақпараттар жиі ұсынылады. Сондықтан шәкірттерді оқытуда олардың ақпараттық құзыреттіліктері маңызды орын алып отыр, яғни, керекті ақпаратты тауып, оның

мазмұнын беру біліктіліктері. Әрбір мұғалім шәкірттерінің өз пәніне деген қызығушылықтарын армандайды. Оны қалыптастыруда көптеген қиындықтар кездеседі. Сол себепті жаңа ақпараттық технологияларды қолдану бізге әдістемелік әдіс-тәсілдерді таңдауға, сабақтарды қызықты да, есте қаларлық болуына көмектеседі. Сонымен бірге олар оқыту үдерісін өзгертіп, балалардың жүйелі ойлау қабілеттерін қалыптастырады.

Ақпараттық компьютерлі технологияларды қолдану: оқыту үдерісінің аясын кеңейтеді, оның практикалық бағыттылығына себеп болады, оқушылардың білім алуға, оқуға деген уәждемелерін көтереді.

Өз жұмысымда мен көптеген электрондық ресурстарды қолданамын: мультимедиялық бағдарламалар, Интернетте табылған материалдар, интерактивті тестілер, бағдарламалар. Олар сабақты түрлендіреді және қызықты етеді, балаларды әртүрлі жаңа технологияларды пайдалануға үйретеді.

Интернетте біз оқушылармен жобаларымызға түрлі керекті ақпаратты табамыз: мұражайлар жөнінде, дәстүрлі жерлерді, елдерде болып жатқан оқиғаларды, әлемдегі экологиялық жағдайларды, ұлттық мерекелерді және т.б. Осы материалдар ұлтаралық коммуникация үдерісінде «мәдениеттің иесі» болып шығады. Осы жерде менің қазақ тілі пәнінің мұғалімі ретіндегі рөлім – оларды берілген оқу курсына, тақырыпқа, оқушылардың тілдік деңгейлеріне бейімдеу. Мультимедиялық презентацияларды әрбір мұғалім кеңінен қолданып жүр. Олар мұғалімге де, оқушыға да қолайлы.

Мен өзімнің әр сабағымда презентацияларды қолданамын. Презентацияларға мәтінмен бірге суреттер, графиктер, кестелер, бейнекөрініс және музыкалық сүйемелдеулерді кірістіру қажет. Мультимедиялық презентациялардың артықшылықтары мынадай:

- 1) барлық оқушылардың зейінін белсендіреді; 2) оқушылардың сыныптық және сыныптан тыс жұмыстарын байланыстырады;
- 3) оқу уақытын үнемдейді; 4) презентацияға интерактивті тақта-

ны қолдану жаңа лексикалық, грамматикалық, фонетикалық материалдарды көрнекі жүйелеуге мүмкіндік жасайды және де барлық тілдік әрекеттерді оқытуға тірек болады; 5) түрлі мәтіндік аудио және бейне көрнекіліктерді қиыстырады.

Презентация жасау материалдарды таңдап алуда, презентацияның құрамын ойластыруда, оларды түрлендіруде мұғалімнен үлкен дайындық қажет етеді. Ақпараттық компьютерлік технологиялар қолдану арқылы сабақтарда біз оқушылардың оқу дағдыларын дамытамыз. Интернеттен алған материалдарды пайдаланамыз, жазбаша біліктіліктерін арттырамыз, сөз қорларын кеңейтеміз және шәкірттеріміздің оқуға деген тұрақты бейімін қалыптастырамыз.

Көптеген оқушылар Интернет жүйесінде өткізілетін олимпиадаларға, байқауларға, тестілеуге қатысып жатады. Ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын көтереді, басқа тілді үйренуде психологиялық кедергілерден өтуге көмектеседі. Интернетті пайдалану мұғалімнің күнделікті жұмысында, т.б. жаңа технологияларды танып, өз біліктілігін көтеруде әсері мол. Өз жұмысымда мен күнделікті интерактивті тақтаны пайдаланып отырамын. Осы тақтаның ең үлкен артықшылығы – көрнекілік және интерактивтік.

Ол бір уақытта баланың екі қабылдау мүшесіне – көру және естуіне әсер етеді, сондықтан оның тиімділігі өте жоғары деуге де болады. Тақтаның көрнекілік, дыбыстық, интерактивтік мүмкіндіктерін пайдалану сабақта жайлы эмоционалды орта туғызады. Оқушылар керекті де маңызды ақпар танып, сонымен қатар өте күшті, жайлы таңқалу, қуаныш, құмарлану сияқты эмоциялар алады. Тақта арқылы берілген, оқытылған материалдың көрнекілік, интерактивтік мүмкіндіктері арқылы оқушылар тапсырманы қорықпай орындап, түгелдей жұмысқа белсенді түрде қатысып отырады. Интерактивті тақта қолданылып өтетін сабақтарда мен әр түрлі жұмыстар жүргіземін, мысалы, естіп – ұғуда әр оқушы басқа тілді анық тыңдауға, айтылымда – әрбірі

өйлеуге, грамматиканы оқытуда – грамматикалық жаттығуларды орындауға мүмкіндік алады, сонымен бірге жасалған жұмыстарға қайта-қайта оралып, тапсырманы дұрыс орындауды қадағалауға да мүмкіндік беріледі.

Қорыта келгенде, қазақ тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану оқу үдерісін жетілдіріп, тиімділігін арттырады және сабақтарды қызықты өткізуге көмектеседі. Біз дәстүрлі оқыту әдістерін осындай жаңа технологиялармен толықтырып және үйлестіре отыра, әрбір оқушыға жекелей қарап, олардың лингвистикалық қабілеттерін дамытамыз, білім сапасын объективті бағалаймыз. Яғни, осы тақырып қазіргі білім беруді модернизациялау кезінде өте өзекті деуге болады, өйткені жаңа технологияларды қолдану оқыту үдерісін тиімді етеді және оқушының жеке басына бағытталады. Бір ескеретін жайт – ешбір технология мұғалімнің өзін алмастыра алмайды. Компьютер мұғалімді тек қана толықтырып отырады. Ал, ақпараттық технологияларды қолдануды мұғалімнің біліктілік құзыреттілігін айқындайтын талап ретінде қарастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Т.Мұхамбетжанова, Ж.Ә.Жартынова. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. А., 2008.
2. А.Медешова. Компьютерлік программаларды оқу-тәрбие жұмысында қолдану. Бастауыш мектеп, №1, 2001.
3. Т.В.Душеина. Проектная технология на уроках иностранного языка. ИЯШ, №5, 2003.
4. И.И.Инкина. Использование ИКТ в обучении иностранному языку.
5. Т.Л.Слабова. Использование современных образовательных технологий при обучении английскому языку. www.edu.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ

Біздің тіліміз ойлаумен тығыз байланысты. Баланың тілін дамытумен бірге біз оның ойын да дамытамыз. Тіл – ойдың құралы. Адамның ойлауы тек тіл арқылы ғана баяндалады.

Қазіргі мектептің оқу-тәрбие ісіндегі басты мәселе – тіл мен сөйлеу үдерісін жіктей оқытып, оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу. Сондықтан, мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамытуға, байланыстырып сөйлеуге айырықша назар аударуы тиіс.

Әр мұғалім қазақ тілі сабағында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне және білген нәрселерін ауызекі сөзде қолдана білуіне жағдай жасайды. Демек, оқушының тілін дамыту жұмысы – баланың ойын дамыту деген сөз, өйткені, оқушы қай пәнді оқып-үйренсе де, өзінің істеген жұмысы, көрген-білгені туралы күнбе-күн сөйлеп, ойын қалыптастырып отырады. Сондықтан қазақ тілі сабағындағы тіл дамыту жұмыстары оқушылардың жалпы ойын дамытуға бағытталып, ойлау қабілетімен байланыстырылғанда ғана сөйлеу үдерісінің бірлігі ұйымдастырылады.

Ауызекі сөйлеу тілін жақсы меңгерген оқушы ойын жазбаша да дұрыс, жүйелі бере алады.

Тіл дамытудың негізгі мақсаты – тіл мен сөйлеу үрдісін дифференциялау. Ол көп жұмысты талап етеді, өйткені оқушылардың дұрыс сөйлеуі, жазуы, өз ойларын баяндай білуі тіл дамыту сабақтарында айырықша орын алады. Сондықтан мұғалім қазақ тілі мен тіл дамытуды байланыстырып жүргізеді.

Тіл дамытудың негізгі бағыттары, мақсаты: *мәдени-әдеби сөйлей білудің нормаларына үйрету, яғни, орфографиялық дағдыны*

меңгерту, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру; лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы сөздік қорларын байыту; есту, сөйлеу қабілетін дамыту; көріп-қабылдау қабілетін меңгерту; қате берілген дыбыстарды дұрыс қою (түзету), коррекциялық жұмыстар; жаңа сөздер үйрету, сөз бен сөздің байланысын, сөйлем құрату, сөйлемнің құрылысын меңгерту, синтаксистік лексикадан мәлімет беру; оқушылардың ойын жазбаша дұрыс, сауатты жазуға, сөйлей білуге үйрету.

Тіл үйретудің негізгі мақсаты – оқушылардың сөздік қорын байыту, сол сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Жаңа үйренген сөздер оқушылардың есінде ұзақ сақталуы үшін үнемі қайталанып, дыбыстардың дұрыс айтылуы үнемі қадағаланып отырылуы тиіс. Сөздерді қайталағанда бұрын өтілген сөздер жаңа мәтінде кездескенде оқушылардың оны қалай түсінетінін, ұққанын байқап, естеріне салып, тексеріп отырған жөн.

Тіл үйретуде жазба жұмыстарын да ұйымдастыруға болады. Мысалы: Бір сөз түсіріліп берілген сөйлемдерді толықтырып көшіру, жалпылама мағына беретін сөздерді ататып айтқызу немесе, керісінше, жалқы мағыналы сөздерді жалпы мағыналы сөздермен байланыстырып оқыту.

Мұғалім үйреткен сөздердің оқушылардың естерінде сақталуы үшін, оларды жақсы меңгертіп, күнделікті сабақта пайдалану үшін сөздерді белгілі тәртіпке келтіріп, топтап, жүйелеп отырылуы керек. Мысалы: а) пісті, қайнады; ә) жүрді, жүгірді, тоқтады; б) жоғалтты, іздеді, тапты; в) кеше, бүгін, ертең, т.б.

Сөздер өзара мағына жағынан байланысты келген жағдайда оқушыларға тіл үйрену, есте сақтау онша қиынға соқпайды. Әрі ойлау қабілетін де жақсы дамытады. Мысалы: *От жанды. От өшті. Арамен аралады. Күрекпен күреді. Жазу жазды. Оқу оқыды.*

Тіл сабақтарында сөзден сөйлем құраудың негізгі мақсаттарының бірі – практикалық жолмен түсіндіру. Оқушылар сөйлем құрауды практикалық жолмен үйренеді. Олар алдымен сұрақтармен танысады. Сол сұраққа жауап беретін сөздерді тауып,

сөйлемдер құрап үйренеді.

Алғашқыда оқушылар сөздерді өзгертпей, тек бастапқы сөзге жақын сөздермен танысады. Сөйлемнің жаңа түрін өз бетінше құруды меңгерту мынадай жұмыс жолдарымен іске асырылады:

1. Сөйлемнің бір сөзі түсіріліп, оның орнына сұрақ қойып, сұрақтың орнына керекті сөзді толықтырып айту, жазу;

2. Жазбаша, ауызша сұрақ беріп, оған жауап беру;

3. Оқушылардың бір-біріне сұрақ қоюы;

4. Мәтінді оқытып, мазмұнын айтқызу;

5. Сурет бойынша сөйлем құрату, әңгіме айтқызу.

Осы жұмыс түрлері кезінде мұғалім сөйлем құрату арқылы оқушылардың сөздердің орнын дұрыс тауып, қатесіз қолдануын қадағалап отырады.

Оқушылардың тілін дамытуда жүйелі сөйлеуге үйретудің маңызы зор. Тілді меңгерту сөздерді өзара байланыстырып, жүйелі сөйлем құру дәрежесіне жеткізеді. Сондықтан да оқушылар тек сөз біліп, сөйлем құрап қана қоймайды, жүйелі сөйлеуге, пікір айтуға дағдыланады. Оқушыларды жүйелі сөйлеуге үйрету үшін мынадай жұмыс түрлері іске асырылады: *1. Әңгіме, ертегі, мәтін оқытып, қысқаша мазмұнын жоспар бойынша айтқызу; 2. Сурет бойынша сұрақтар арқылы шағын әңгіме құрастыру; 3. Көргендері туралы берілген сөз тіркестері арқылы әңгіме айтқызу.*

Бұл жұмыстарды ұйымдастырғанда алға қоятын мақсат — оқушыларды еркін, өз сөзімен әңгімелеуге, жүйелі сөйлеуге үйрету. Бірақ, алғашқы кезде оқушылардың білімі аз болғандықтан, жұмысты жеңілден ауырға қарай меңгерту әдістері қолданылады.

Әр сабақтың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік деп аталатын үш мақсаты бар екені белгілі. Бұл мақсаттар бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Сондықтан да әрбір мұғалім сабақтың осы аталған негізгі үш мақсатын ашып алмай, әрі оны іске асыратын әдіс-тәсілдермен, сабақтың түрлерін алдын ала нақтылап алмай нәтижелі, сапалы сабақ өткізу мүмкін емес.

АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ ОЙЛЫ ЖАСҚА

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын оқып білу; **дамытушылық** – Абайдың өскен ортасы мен жастық кезеңін өз сөздерімен айта алу. Мәтіндерді оқу, өлеңдерін жатқа айту, әндету. Қазақ тілінде анық сөйлеу машықтарын қадағалау. Оқушылардың өлеңді талдау, сөйлеу мәдениетін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларға Абайдың ұлылығын, оның поэзиясының тереңдігін түсінуіне ықпал ету. Отанын сүю, өскен ортаны бағалау, құрметтеу сезімдерін оятып, нығайту. Еңбекқорлыққа, талаптылыққа, білімқұмарлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Абай мұрасына қызығушылығын арттыру. Қазақ және орыс, басқа тілді халықтар арасындағы достықты нығайтып, мемлекеттік тілді дамытуға үлес қосу.

Әдістері: мәнерлеп оқу, жатқа айту, шығармаларын талдау, әндету. **Түрі:** ауызша журнал. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі мен саз өнері. **Көрнекілік:** Абайдың портреті мен шығармашылығы туралы кестелер, Абай мұражайындағы Абай қолданған заттардың суреттері, оның өскен ортасын, туған өлкесін бейнелейтін суреттер, Абай туралы жазылған, айтылған қазақ ақын-жазушыларының, қоғам қайраткерлерінің пікірлері мен суреттері. Абайдың екі томдық шығармалар жинағы, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының жинағы. Абай шығармашылығы жайында жазылған кітаптар мен журналдар көрмесі, слайдтар-компьютер, буклеттер.

Сабақтың барысы:

Мұғалім сөзі: - Бүгінгі біздің сабағымыз қазақ халқының ұлы

ойшыл ақыны Абай Құнанбайұлы шығармашылығына арналады.

Ауызша журналымыздың мақсаты: Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінің мазмұн-мәнінен тәлім-тәрбие беру. Абайды жақын танып, әрбір Алланың берген уақытын тиімді пайдалану. Білімге құштарлықты ояту. Журналымыз жеті беттен тұрады. Журналымыздың алғашқы бетін ашуды оқушыларға беремін.

Оқушы: - Абайды ардақтап, адамзат үшін асыл қазына болып табылатын ақын еңбегін терең оқып, үйрену – парызымыз. Бүгін де, ертең де, тіпті, келешек ұрпақ үшін де Абай тағылымын зер сала оқып-үйренудің маңыздылығында шек жоқ. Халқымыздың адамзат тарихында алатын орны, әдет-ғұрпы, салт-санасы Абай шығармаларынан кеңінен көрініс табады.

Журналдың 1-беті: **Абайдың өмірбаяны, балалық шағы** (Интерактивті тақтадан слайд көрсетіліп, слайд бойынша оқушылар әңгімелейді).

Оқушы: - Қазақтың ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы 1845 жылы Семей жерінде Шыңғыстау өңірінде, Жидебай қыстағында дүниеге келген. Арғы атасы Ырғызбай, Өскенбай, өз әкесі – Құнанбай бәрі де тобықты руының билеушілері, ірі феодалдар болды. Бала кезінен өлең мен әңгімеге әуес Абай халықтың ертегі-аңыздарын құмарта тыңдап өседі. Әжесі Зере мен анасы Ұлжанның ауызынан естіген ертегі аңыздары Абай дәріс алған халық ауыз әдебиетінің бастауы болып саналады.

Оқушы: - Алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашқан Абайдың әкесі он жасында Семейге оқуға жібереді. Семейде Ахмет-Риза медресесінде оқиды. Мұнда болашақ ақын өз қатарларының алды болып, анағұрлым үздік оқыған. Медреседе жүргізілетін сабақтың сабағын жеңіл үлгеріп, бос уақытын кітап оқуға, өз бетімен ізденуге жұмсайды.

Оқушы: - Араб тілінде сауатын ашқан Абай шығыстың Низами, Сағди, Жәми, Хафиз, Фердауси, Науаи шығармаларымен танысып, оларды қызыға оқыған. Медреседегі оқудың соңғы жылында Абай мұсылманша оқумен тоқтамай, Семейдегі «Приходская

школаға»түсіп, үш ай орысша да оқыған. Бұл Абайдың кейін өз бетімен даярланып, орысшаны игеріп кетуіне негіз болған. Абай өздігінен орыс ақын-жазушылары: А.С.Пушкин, А.И.Герцен, Салтыков-Щедрин, А.Некрасов, И.Крылов, Ф.Достоевскийлерді көп оқыды.

Оқушы: - Он үш жасында Абайды өз елінің билік басшысы – әкесі Құнанбай сұлтан оқудан шығарып алып, өз қасына алады. Ел билеу әдісін үйретіп, өз тәліміне баули бастайды. Ел ісіне араласу-зерек те талапты жас Абайдың ел танып, жер танып, халықтың әдет-ғұрып, салт-тұрмыстарымен кеңірек танысуына жол ашады. Абай ел ісіне араласқан жылдарында әділеттілігімен, білімділігімен көрініп, халық арасында беделі өседі.

Оқушы: - Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек.
Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.

Оқушы: - Осындай өлең жолдарымен Абай халықтың мінез-құлқын, ел басқару ісіне араласа жүріп, білгені туралы, қалың бұқара халықпен жалғыз жүріп күрескені жайында айта кетеді.

Сонымен қатар, арамдықпен жүріп алысқа бара алмайтыны турасында, «мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек» деп, тек қана адамзат баласы адалдық жолында ғана жеңіске жететінін меңзеп, түйін түйеді.

1-беттің қорытындысы.

Мұғалім: - Абай балалық кезінде ақылды, көп оқыған, ізденімпаз бала болған. Мен сендерге Абайдың осындай қасиеттерін тілеймін.

Абай өзі шыға алмадым деп санаған білім-ғылым шыңына, әрдайым ізімді басар жас ұрпағым жетсе екен, білім соңына түссе

сқан дейді.

«Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,

Екі талай нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,

Думан-сауық ой да жоқ әуел баста-ақ»,- деп осы ойын өлең жолдарымен айқындай түскендей.

Өзің үшін үйренсең,

Жамандықтан жиренсең,

Ашыларсың жылма-жыл.

Біреу үшін үйренсең,

Біреу білмей, сен білсең

Білгеніңнің бәрі тұл- деп өлеңмен айтқан Абай шығармашылығының негізгі бағыты ұрпақ тәрбиесіне арналады.

Яки, білген білімінді өзге адамға айтып, үйретіп отыруды шарт етеді. Адами тұрғыдан да, ислами тұрғыдан да сауап және адамшылық болып саналады. «Адамның күні – адаммен» деген дана халқымыз.

Жұрналдың 2-беті: **Абай – лирик ақын.**

Оқушы: - Абай 12 жасынан бастап өлең жазған. Абайдың табиғат лирикасы, әсіресе, жылдың төрт мезгілін суреттейтін өлеңдері-күшті ақындық шеберлікпен, суреткерлікпен жазылған аса сұлу өлеңдер.

Балалық шағымыздан-ақ «Күз», «Қыс», «Жазғытұры», «Жаз» өлеңдерін жаттап өстік. Абай лирикасын түсініп оқу арқылы табиғат құдіретіне ғашық болмай өсу, сүйсінбеу мүмкін емес.

Сондай-ақ, ғашықтар арасындағы сүйіспеншілік лирикасы да жастарды кіршіксіз таза сезімге, шынайы махаббат иесі болуға баулиды.

Махаббатсыз – дүние бос,

Хайуанға оны қосындар- деп, махаббатты тірліктен жоғары қойса, келесі өлеңінде; Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, Көзбен көр де ішпен біл,- деп, махаббатты таза, кіршіксіз, әдептен озбайтын, ішкі таза нәзік сезім, сыпайы сыйластық болған жерде ғана ғашықтық,

сүйіспеншілік болатынын айшықтап тұрады.

Жұрналдың келесі беті: «Абай – білім жаршысы»

Оқушы: - Жұрналымыздың бұл санында кеменгер ақын жас қауымды білім-ғылым іздеуге өзінің ғибратты өлеңдерімен ұран етіп, ерінбей оқып,білуге шақырады.

!Оқушылар өлеңдерді жатқа оқиды, интерактивті тақтада оқылып жатқан өлеңдерді слайдқа шығарып қоямыз, орыс тіліндегі аудармасы да жазылып тұрады/.

1. «Ғылым таппай мақтанба».
2. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім».
3. «Білімдіден шыққан сөз».
4. «Сегіз аяқ».
5. «Сәулең болса кеудеңде».
6. «Өзің үшін үйренсең».
7. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін».

Мұғалім: - Абай ақын сияқты өлең шығаруға сендер де талпыныңдар!
(Жалғасы бар).



Айман АРЫСТАНБЕКҚЫЗЫ,
№252 Г.Н.Ковтунов атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Шиелі ауданы.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ

Сабақтың мақсаты: білімділік – Мәшһүр Жүсіп Көпеев өмірі мен шығармашылығы туралы ұғындыру, абзал бабамыздың ардақты да абыройлы жырларына үңілу, оқып-тану; **дамытушылық** – оқушы ой-өрісін шындай отырып, танымын, қазақша сөйлеу тілін дамыту, шешендікке, шығармашылық жұмыс жүргізе білуге баулу; **тәрбиелік** – патриотизмге тәрбиелеу, салауатты өмір салтына баулу, ғылым – білімді меңгерген, көкірегі ояу азамат болуға шақыру.


Түрі: жаңа білімді меңгерту. **Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, аударма, әңгімелеу, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** М.Ж.Көпеев портреті, кітаптары, ақыл-нақыл сөздері.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу. Сыныпта оқушылардың білім алуы үшін қажетті жағдайларды үйлестіру. Кезекші оқушыны анықтап, оқушыларды түгелдеу.

- Бүгінгі ашық сабағымыз Мәшһүр Жүсіп Көпеев өмірі жайлы болмақ.

М.Ж.Көпеев 1857 жылы (кей кітаптарда 1808 жылы) Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы ауқатты отбасында дүниеге келген.



Еліміз тәуелсіздік алғалы бері ардақты тұлғаның өмірі мен шығармашылығы туралы көптеген ғылыми - зерттеу еңбектері, мақалалары жарияланды. М.Ж.Көпеев бабамыз – көзі тірісінде өз бағасын ала алмай кеткен киелі қазақтың бірі.

«Атымды «Мәшһүр» деген үш жүз білді,

Дүниеде мұнан артық не табасың?!» деген өлең жолдарында өзі де айтып өткендей, Мәшһүр бабамыз алты алашқа әйгілі болып, ел-жұрттың айырықша ықылас-құрметіне бөленген.

Көп жылдар ел қыдырып, серілік құрып, Еділ жағасындағы қалаларды аралайды. Қазан, Горький қалаларына барады. Өлең жазады, ауыз әдебиетінің нұсқаларын жинайды. Хабар, мақалалар жазып, 3 кітап шығарады.

Олар: «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», Сарыарқаның кімдікі екендігі» деп аталады.

Ол қамсыз жатқан халқының жағдайына жаны ауырады, одан шығарудың жолын іздестіреді. Жастарды оқуға, білім алуға шақырады.

«Жатқанда тәтті ұйқыда қазақ халқы

Айырмай жақсы менен жамандарды»,- деп ашып айта білді.

«Өнерге ұмтылайық, оқып-жетіліп, мәдениетті, күшті ел болайық»,- деп шақырады.

Ақын өз шығармаларында қазақ халқына бостандық беру, елде мектеп, медреселер ашу, жер, сөз бостандығы сияқты өзекті мәселелерді көтереді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өлеңдер жинақтары көп. Соның ішінде ерекше тоқталып кететін мынадай шығармалары бар: «Гибратнама», «Хал-ахуал», «Шайтанның саудасы», «Ит дүние», «Бес қымбат». Сол жинақтардың кітаптарын пайдаланып, сынып көрмесі ұйымдастырылды. Ақынның 150 жылдық мерейтойына арнайы тарту ретінде жинақталып шығарылған «Ит дүние» деп аталатын кітабы, тағы да басқа еңбектері, газет-журналдар қойылған.

V. Жаңа сабақты қорытындылау.

1. Мәшһүр Жүсіп Көпеев қай жылы туған? 2. Қай облыста дүниеге келген? 3. Оның қандай шығармаларымен таныстық және тағы басқа қандай еңбектер жазған?

VI. Үйге тапсырма. М.Ж.Көпеевтің шығармасын жаттау, мәліметтер жинақтау.

VII. Бағалау. Жаңа сабақты өтілген материалдармен байланыстыра отырып, оқушының сабаққа деген белсенділігін бағалау.



Айнагүл ЖОЛДАСҚЫЗЫ,
Ақтау қаласындағы
№28 орта мектептің мұғалімі.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ. “СҮЙЕМІН”

Сабақтың мақсаты: білімділік – Маған Жұмабаевтың өмір жолы мен шығармашылығын бере отырып, өлеңнің көркемдік ерекшелігін таныту; **дамытушылық** – өлеңді теориялық талдауға машықтандыру, шығармашылық жұмысқа үйрету; **тәрбиелік** – анасын, елін, халқын қастерлеуге, Отанын сүйуге тәрбиелеу.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын сұрау. 1. «Туған жердің табиғаты».

2. Шығармашылық жұмыстарын тексеру, оқыту.

III. Жаңа сабақ. Эпиграф.

Не көрсем де Алаш үшін көргенім,

Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім. **Мағжан.**

Мағжан Жұмабаев (1893-1938ж.ж.)

1. Мағжан – қазақ поэзиясының шолпан жұлдыздарының бірі әрі бірегейі. Ол – артына өшпес рухани мол мұра, өлмес мәңгілік ескерткіш қалдырған ұлы ақын.

2. Туған жері – Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы.

3. Ата-анасы – беделді, дәулетті Жұмабай қажы, әкесі – Бекен.

4. Білімі – 4 жасында ауыл молдасы, “Ғалия медресесі”, Омбы мұғалімдер семинариясы.

5. Ұстаздары – Ғалымжан Ибрагимов, Міржақып Дулатов.

6. Ақындығы – “Мен жастарға сенемін”, “Сағындым”, “Қорқыт”, “Батыр Баян”, “Толқын”, «Шолпы».

7. Мағжан туралы айтылғандар: “Мен Мағжанды сүйемін! Оның Еуропалығын, әшекейін сүйемін...” Мұхтар Әуезов.

Мағжан Жұмабаев туралы тың дерек. «Мағжан рухы кезген – Магадан».

Ғаламторды пайдалану. «Сүйемін» өлеңін мәнерлеп оқып беру.

Өлеңді сатылай кешенді талдау (Оқушылар тауып жазады).

«Сүйемін»

Авторы: _____

1. Тақырыбы: _____

2. Жанр түрі: _____

3. Идеясы: _____

4. Шумақ: _____

5. Тармақ: _____

6. Бунақ: _____

7. Буын: _____

8. Ұйқас: _____

9. Әдеби теориялық ұғымдар: _____

а) Эпитет: _____

ә) Теңеу: _____

б) Кейіптеу: _____

в) Метафора: _____

10. Сөздік жұмыс:

- Тасбиық – діни адамдардың сиынуы үшін қолданылатын моншақ тізбектері.
- Алаш – ежелгі қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы.
- Кебін – өмірден өткен адамды орайтын ақ матадан тігілген киім.

11. Өлеңнің тәрбиелік мәні:

Әр адам өзінің туған жерін, анасын, Отанын сүйе білуге, оны аялап, қадіріне жетуге тырысады.

IV. Шығармашылық жұмыс.

«Мағжан және мен сүйетін туған жер»

Хат

Өлең

Ойтолғау

Тірек сөздер: туған жер, Отан ана, Тәуелсіз елімізге 20 жыл, Қазақстан, Елбасы, Егеменді елдің ұланымын.

V. Салыстыру:

Мағжан. “Сүйемін”.

- *Қарт ана.*
- *Адал жары.*
- *Халқы.*
- *Туған жері.*

Мұқағали. “Үш бақытым”.

- *Халқы.*
- *Отаны.*
- *Тілі.*

VI. Қорытындылау.

- Мағжанның барлық өмірі – поэзиясында. Өлеңдері романтикалық асқақ сезіммен өрілген. Ешкімге ұқсамайтын қолтаңбасы бар Мағжан аталарыңның осы өлеңі арқылы сендердің де отансүйгіш, елжанды, адал азамат болатындарыңа сенеміз!

VII. Үй тапсырмасын беру. Өлеңді жаттап келу. Шығарма жазып келу.



СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІ – ҮЛКЕН БІЛІМ ОШАҒЫНДА

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – мәтіннің мазмұны мен мағынасын ұғындыру. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері бойынша білімдерін нақтылау, жүйелеу, жинақтау, қайталау. Талдау жұмыстарын жүргізу; **дамытушылық** – оқушылардың тапсырмаларды орындау арқылы сын тұрғысынан ойлауын дамыту, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу, тіл байлығын арттыру. Өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру, ауызекі сөйлеу дағдысын жетілдіру, оқушының дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды адал еңбек етуге тәрбиелеу, тілге деген құрмет, мақтаныш сезімдерін дамыту, тереңдету.

Түрі: кіріктірілген. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздену, ойлану, түсіндіру, салыстыру. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, әр түрлі тапсырмалар. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, ағылшын тілі. **Типі:** стандарт. **Формасы:** дискуссия.

1-слайд. Эпиграф: Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын, жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс.

Н.Ә.Назарбаев.

Қазақстан халқына Жолдауынан

28 ақпан 2007 жыл.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылардың сабаққа қатысы, даярлығы тексеріледі (сынып екі топқа бөлінген).

- Бүгінгі сабақта еліміздің жоғарғы оқу орындарымен танысамыз, жаңа мәтінмен жұмыс жүргіземіз және әртүрлі тапсырмалар орындаймыз.

II. Үйге берілген тапсырманы тексеру.

Слайд **Қазақстанның білім ошақтары.**

Оқушылардың хабарламасы Астана, Алматы, Семей.

Влад Темірлан Настя

IV. Мәтін бойынша жұмыс:

а) «Үлкен білім ошағы» мәтінін оқу.

ә) Сөздік жұмысы: Түсініксіз күрделі сөздерді табу.

б) Мәтінді қайталап оқу, аудару.

в) **Қандай сөздерге антонимдік, синонимдік сыңар құруға болады?**


Топтық жұмыс:


I топ – мәтін бойынша сұрақтар дайындайды.


II топ – мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.

III топ - мәтінді қысқаша мазмұндайды.

Тіл дамыту жұмысы. Сөз тіркестерімен сөйлем құру.

Ірі  оқу орны
тұлғалар

Білім  беру жүйесі
ошағы

Мамандық  иесі
бойынша

Выступление учителя русского языка И.Н.Ищенко.

Дискуссия үш тілде жүргізіледі.

1. Кто или что влияет по выбору профессий?

2. Какие проблемы и трудности встречаются на пути по выбору профессий?

V. Интерактивті тақтамен жұмыс. Мәтінді оқу, үш тілде аудару, бір сөйлемге талдау жасау.

IV. Қорытындылау. СТО стратегиясы. Венн диаграммасы.

1. Білімді болу үшін не істеу керек?
2. Мақсатыңа жету үшін қандай қасиеттер керек?

V. Үй тапсырмасын беру, бағалау.



Салтанат РУЗАМЕНҚЫЗЫ,
И.П.Шухов атындағы
Преснов орта мектеп-
гимназиясының мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Жамбыл ауданы.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТА – СЫЙЛЫҚ ҰСЫНУ РӘСІМІ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – өткен тақырыптар бойынша алған білімдерін толықтыру, тереңдету, ұжымдық түрде білім алуға бағыттау, сөздерді байланыстырып, ойды жүйелеп айту дағдысын қалыптастыру, грамматикалық тақырыппен байланыстыру; **дамытушылық** – тақпақ, мәтін, мақал-мәтелдер, сұхбат, жаңа сөздер арқылы оқушылардың тіл байлығын, ой-өрісін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды әсемдік пен сұлулыққа сүйсіндіретіндей етіп танытырып, тапқырлыққа тәрбиелеу. Сыйлық ұсыну рәсімімен таныстыру.

Міндеті: ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтуға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, көрнекілік әдісі, интерактивті оқыту

әдісі, СКТТ (сатылай кешенді талдау технологиясы). Негізгі
әдіс: ізденіс. **Көрнекілігі:** мәтін, слайдтар, суреттер. **Сабақтың**
интеграциялық мүмкіндігі: орыс тілі, ағылшын тілі. **Түрі:**
аралас.

Сабақтың барысы.

I дидактикалық кезең.

Оқушылардың танымдық қызметінің мотивациясы.

Міндеті: сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.

Атқарылатын жұмыс түрі: оқушылар келген қонақтармен
танысады. Танысу тренингі.

Мұғалім сөзі: - Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! Good afternoon!

- Балалар, қонақтармен де амандасайық.

- Балалар, бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Сыйлықты ұсыну
рәсімі».

Сабақтың ойқазығы:

Әдепті бала – арлы бала,

Әдепсіз бала – сорлы бала. **Халық даналығы.**

Мақалды аудару.

- Қандай бала арлы бала?

- Қандай бала сорлы бала?

- Осы даналық сөзге қарап, балалар, қонақтарға өзімізді
таныстырып кетейік. Сендер «Мен қандаймын?» сұрағына жауап
бердіңдер, дәлелдедіңдер.

- Ал, енді, мынандай сұрақ. «Қандай?» деген сұрақ қай сөз
табының сұрағы?

Мұғалім сөзі: - Сын есім деген не? Қандай сұрақтарға жауап
береді? Слайд бойынша сын есімнің түрлерін жазыңдар. Мысал
келтіріңдер.

II дидактикалық кезең.

Міндеті: өткен сабақты еске түсіру. **Атқарылатын жұмыс**
түрі: модуль бойынша өткен тақырыптарда кездескен жаңа
сөздерді еске түсіру. 1-топ пирамида құрастырады, 2-топ моншақ
тізеді, 3-топ сөздерді сәйкестендіреді.

Пирамида құрындар.

Кең – тар; Араз – тату; Жақсы – жаман.

2. «Моншақ тізу».

Сыйлық – подарок – present;

Құрмет – уважение – respect;

Мейрам – праздник – holiday;

Дәстүр – обычай – custom.

3. Сәйкестендіру.

III дидактикалық кезең. Ой шақыру.

Сыйлық ретінде не ұсынуға болады? (Интерактивті тақтада суреттер шығады).

Міндеті: жаңа грамматикалық тақырыпқа көшу. Сын есімнің шырайларымен танысу.

Ережені пысықтау. «Кубик» ойынын ойнатқызу. Мысалы: Менің сыйлығым қымбаттырақ.

- Балалар, осы біз сыйлық деп айтып жатырмыз, ал сыйлықты ұсыну рәсімін біз білеміз бе?

Жаңа мәтінмен танысу.

Сыйлық ұсыну рәсімі

Адамның өмірінде қуанышты жағдайлар жиі болады. Мұндай кездерде адам өз қуанышын жолдастарымен, туыстарымен бөліседі. Жарасымды халық дәстүрі бойынша адамдар бір-біріне сыйлық ұсынады. Арнайы жолданған аз ғана сыйлықтың өзі – гүл, ашықхат адамның көңіл-күйін сергітіп, қуанышқа бөлейді.

Сыйлық ұсынуда: қай кезде, кімге және қандай затты сыйлау керектігін білудің мәні зор.

- Оқушылар кезекпен бір-бір сөйлемнен оқиды.
- Сендерге таныс емес сөздер кездесті ме?

Жаңа сөздер:

Ұсыну рәсімі – церемония (обряд) дарения;

Қуанышты – радостный;

Арнайы жолданған – специально посланный;

Қадірлейтін адамына – человеку, которого уважает;

Мәні зор – огромное значение.

Жаңа сөздерді оқу, оқыту, сөздік дәптерге жазу.

Жазбаша жұмыс.

- Ал, енді, балалар, мәтін бойынша сұрақтарға жауап берейік, аударуға тырысайық.

Сұрақтарға жазбаша жауап жазыңдар.

Кімге не сыйладың?

Мен әжеме сырға сыйладым.

Мен анама көйлек сыйладым.

Мен қарындасыма туфли сыйладым.

Мен мұғалімге гүл сыйладым.

Мен досыма кітап сыйладым.

Сырға қандай?


Сырға қымбаттырақ.

IV дидактикалық кезең. «Сауатты болу мақсатым».

Міндеті: грамматика бойынша сауаттылықтарын тексеру.

Атқарылатын жұмыс түрі: фонетикалық, СКТТ бойынша фонологиялық талдау жасау.

Сөзге фонологиялық талдау жасаудың үлгісі.



V дидактикалық кезең. «Бекіту – нәтижеге бағытталған білім беру». Міндеті: қайталау тапсырмалары арқылы жинақтаған білімдерін бірізділеу.

Мұғалім сөзі: - Бүгінгі сабағымызды қорытындылайық, ол үшін сіздер тақырып төңірегінде (мәтін бойынша) «қандай

жаңа сөздермен таныстық?» деген сұраққа жауап беріп, ойларыңды жинақтап көріңдер.

- Қазір жұмбақ шешейік.

Түрі шар сияқты, Түсі қып-қызыл, Дәмі бал сияқты.
(Шие).

Осы жұмбақта «қандай?» сұрағына жауап беретін сөздерді айтайық. Дұрыс. Ал бұл сөз сын есімнің қай шырайына жатады?

Қып-қызыл (Күшейтпелі шырай-превосходная.)

Мұғалім сөзі: - «Жүгіріп жүріп диктант жазу» ойыны.

1. Біздің үй сіздікінен кішірек.

2. Сенің көйлегін әдемілеу.

3. Арнайы сыйлықты мұғалімдерге ұсыну.

Бағалау.

Үй тапсырмасы: жаңа сөздерді жаттау, жаңа сөздерден 4 сөйлем құрастыру, құралған сөйлемдерге сұрақ қою.



Раушан ХАБДИЛХАЛЫҚҚЫЗЫ,

Орал қаласындағы

№21 жалпы орта білім

беретін мектептің мұғалімі.

ОҚШАУ СӨЗДІ ЖАРНАМА ЖӘНЕ БІЗ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – баспасөз және бұқаралық ақпарат туралы білу, «Жарнама» ұғымы туралы мәлімет беру, оқшау сөздердің мағынасына қарай түрлерін білу. Деңгейлік тапсырмалар арқылы алған білімдерін тексеру; **дамытушылық** – оқушыларды өз бетімен ойын

тиянақты айтуға, сауатты оқу мен жазуға дағдыландыру;
тәрбиелік – балаларды ұжымдыққа, сыйластыққа тәрбиелей отырып, қазақ халқының тіліне қызығушылық тудыру және құрметтеуге баулу.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, тарих. **Көрнекілігі:** деңгейлік тапсырмалар, газеттер, қағаздар, фломастерлер.

Түрі: сайыс.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: а) сабақтың мақсатын айту.

ә) топқа бөлу. I топ – «Шәкірт» газетінің тілшілері.

II топ – «Өзгеріс» газетінің тілшілері.

Лексикалық тақырыптар бойынша жұмыс.

Әрбір тапсырмаға 3-5 минут беріледі.

I. Баспасөз – өмір айнасы. Сөзжұмбақ.

II. Газет тарихынан. Теледидар.

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер:

Венецияда не құрылды? (жаңалықтарды жинайтын бюро құрылды); «Гадзетта» деген не? (қолжазба парақтары); Бүгінде Қазақстанда қандай газеттер шығады? Теледидардың пайдасы көп пе әлде зияны көп пе?

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - «Жарнама» ұғымы туралы мәлімет беру. Жарнама деген сөз (француз тілінен) «жар саламын» дегенді білдіреді. Жарнама – тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама; белгілі бір адамдар, ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармалары туралы хабар таратып, оларды әйгілеу. Жарнама – ақпарат құралдары: теледидар, радио, газет, Интернет, плакаттар, т.б. арқылы жүзеге асырылатын коммуникацияның ақылы түрі болып табылады.

III. Мәтінмен жұмыс.

а) Мәтіннің мазмұнын, мәнін түсініп алу;

ә) Мәтін бойынша сұхбат құру;

б) «Біздің өміріміздегі жарнама неге керек?».

Осы сұрақ бойынша I, II топ оқушылары өз пікірін айтады.

IV. Тапсырма. I топ. Қазақ тілін үйренуге жарнама жаса.

II топ. Өзің оқитын мектебіңе жарнама жаса.

V. Үш деңгейлі тапсырмаларды орындау.

III деңгей.

1. Төмендегі сөздерді орыс тіліне аударыңдар:

мәлімет – *айдар* – *мақала* –
баспасөз – *жергілікті* – *қағида* –
тұңғыш – *қоғам* – *насихат* – *тұтқын* –

2. Дұрыс құрастырылған сөйлемді белгілеңдер:

а) Бағдарламаларды теледидардан білім, таным, өнер үшін қажетті көріп тұрған дұрыс;

ә) Білім, таным, өнер бағдарламалары үшін теледидардан қажетті көріп тұрған дұрыс;

б) Теледидардан білім, таным, өнер үшін қажетті бағдарламаларды көріп тұрған дұрыс.

3. Сөйлемдердің тыныс белгілерін қойыңдар:

а) Жарайсың балам өнеріңе қуанамыз.

ә) Болат сен кешегі гала – концертті көрдің бе?

б) Жолдас жүргізуші қазір оңға бұрылыңыз.

II деңгей. Төмендегі сөздердің мәндес сөздерін жазыңдар:

Тұңғыш – ...; *іс* – ...; *ренжігіш* – ...;

тілші – ...; *ақпарат* –

2. Мәтіннен қыстырма сөздерді тауып, мағынасын ажырату.

3. Жарнаманың міндеті, қызметі, түрлері туралы әңгімелендер.

I деңгей.

1. *Сөз жоқ, бәлкім, қорыта айтқанда, мүмкін* деген қыстырма сөздермен сөйлемдер құрастырыңдар.

2. Қазақ халқындағы жарнаманың пайда болуы және қазіргі уақытта нарықтық экономикаға байланысты дамуы

туралы айтып берiндер.

VI. Тест.

1. Мерзiмдiк басылымдар қалай аталады?

- А) бұқаралық ақпарат; В) күнделiктi ақпарат;
Ә) жалпы ақпарат; Г) iрiктеулi ақпарат.
Б) таңдаулы ақпарат;

2. Мерзiмдiк басылымдарға нелер жатады?

- А) кiтаптар; Б) оқулықтар; В) газет-жұрналдар;
Ә) жарнамалар; Г) буклеттер.

3. Қазақ тiлiнде шыққан алғаш газет?

- А) «Қазақ тiлi»; Б) «Ана тiлi»; В) «Қазақ әдебиетi»;
Ә) «Жас Алаш»; Г) «Түркiстан уәлаяты».

4. «Қазақ» газетiнiң бас редакторы кiм болған?

- А) А.Байтұрсынов; Б) Б.Майлин; В) Ж.Аймауытов;
Ә) Ы.Алтынсарин; Г) С.Сейфуллин.

5. Жарнаманың қарапайым түрi қандай?

- А) буклеттер; Ә) теледидар; Б) суреттер;
В) баспа өнiмдерi; Г) кiтаптар.

VII. Сабақты қорыту.

VIII. Оқушылардың бiлiмiн бағалау.

IX. Үйге тапсырма. Газет, жұрналдардан мысал алып, кестенi толтыру.

Көше жарнамасы	Сату орнындағы жарнама	Баспалық жарнама	Теле-жарнама	Көлік жүйесіндегі жарнама

Бұл сабақта оқушылар деңгейлiк тапсырмалар арқылы сабақтың мақсатына жете бiлдi. Лексикалық тест сұрақтары арқылы өткен тақырыптарды да қайталап өттi.

СӨЗДІК ҚОРЫ МОЛ ҰЛЫЛАР ЕЛІ

Сабақтың мақсаты: а) оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру, сөйлем мүшелеріне қарай талдау жасатып, білімдерін тереңдету; ә) сөйлем құрау біліктіліктерін арттыру, сөздік қорларын молайту, өз ойларын тұжырымдай білуге баулу; б) қазақ халқының кемеңгер ақындарын мақтан етуге тәрбиелеу, білімге, өнерге шақыру.

Түрі: ашық сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** баяндау, әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру. **Көрнекілігі:** Абай, Шәкәрім, Мұхтар портреттері, Семей қаласының суреті, О.Сүлейменовтің сөзі.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, орыс тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сұхбаттасу. Сабақтың мақсатын хабарлау.

Ой шақыру. Оқушылар бір-біріне жақсы, жылы тілектер айтады: *Саша, мен саған жақсылық тілеймін. Коля, мен саған бүгінгі сабақта 5 алуға тілектеспін.*

II. Жаңа сабақ:

1. Мұғалім сөзі: - Семей – қала...

Көрмеген де қызығар,

Ол қалада шәкірт Абай ізі бар.

Жатқа оқысаң ұлы ақынның жырларын,

Бойың түгіл, тоңған ойың қызынар.

Семей – қала...

Мұнда ойнайды отты қан,

Алаңында бала Мұхтар доп құған.

Ескерткіш боп ойға шомған,

Келешекті елестетіп Көк тудан!

(М.Әлімбаев).

2. Оқушы сөзі: - Семей қаласы 1782 жылы қаланған. Семей Шығыс Қазақстан облысының батыс өңіріндегі екінші орындағы ірі қала болып табылады. Ол Ертіс өзенінің екі жағасына орналасқан. Семейде еліміздегі ең үлкен ет комбинаты бар.

3. Сөздік жұмысы:

1) жаңа сөздермен таныстыру

қасиетті – священный; құбылыс – явление;

кемеңгер – гений; алып – великий;

даналық – мудрость; топырақ – почва.

2) 4.5.2. – сөздерге антоним табу:

алып – аласа, сирек – жиі, атақты – белгісіз, батыр – қорқақ.

3) 4.5.5. – синонимдік қатар жазу:

кемеңгер – дана, данышпан, ақылды.

4. Мәтінмен жұмыс:

1) түсініп оқып шығу;

2) аударып, мазмұнын ашу;

5. Қосымша мәлімет:

1) «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», - деп А.Байтұрсынұлы жоғары баға берген Абай атамыздың мұрасы – таусылмас қазына, сарқылмас мұхит, түпсіз тұңғыш.

2) Абай салған жолды жалғастырушылардың бірі, Абайдың ізбасары, оқушысы Шәкәрім Құдайбердіұлы – реалистік әдебиеттің көрнекті өкілі, ұлы ақын.

3) Мұхтар Омарханұлы Әуезов – есімі әлемге танымал жазушы, белгілі қоғам қайраткері, академик, филология ғылымдарының тұңғыш докторы, профессор.

4) Семей спортшылары: Олимпиадаға қатысқан тұңғыш қазақ Ғұсман Қосанов, Леонид Никитенко, Василий Ярков, Жақсылық Үшкемпіров, Дәулет Тұрлыхановтар Қазақстандаңқын аспандатты. Семейліктер өздерінің жерлестері Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Әсет Найманбаев, Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар

заңды түрде мақтан етеді.

6. Өткенді қайталау: 1) сұрақ-жауап әдісі арқылы сөйлем мүшелерін еске түсіру.

2) 4.5.6. – сөз тіркестерді қатыстырып сөйлем құрастыру, талдау:

«Домино» оқыту ойыны.

Қасиетті мекенде	екі дана	кездесуі	сирек кездесетін құбылыс	бұл өңірде	өткен ғасырда
үш кемеңгер	ақын-жазушысы	бір жерде	дүниеге келуі	бұрын да	атақты адамдар
қайтыс болған	дүниеге келген	үш алыптың	бұл мекенде	тұрған	өмір сүрген

III. Жаңа сабақты бекіту: «Даналық ағашы» оқыта-үйрету ойыны.

1. Қарағай суретін салу: сөйлемдерді рет-ретімен орналастыру.

Бұл жерде үш кемеңгер ақын дүниеге келген.

Олар: Абай, Шәкәрім, Мұхтар.

Қазақтар үшін қасиетті мекеннің бірі – Шыңғыстау.

2. Қарағайды безендіру: сөйлемдердің дұрыс не бұрыс екенін анықтау.

Семей – қадірлі жер.

Бір жерде өмірге келу – жиі кездесетін құбылыс.

Бұл өңірде атақты адамдар туған.

Олар: Бибігүл Төлегенова, Роза Рымбаева.

Халық бұл мекенді «Ұлылар елі» дейді.

IV. Қорыту: Абай, Шәкәрім өлеңдерін жатқа айту, 68-бет.

V. Бағалау.

VI. Үйге тапсырма: өзіңнің туған жерінде қандай ұлы тұлғалар өмір сүрген деген сұраққа жауап беру.



Тұрымтай СҰЛТАНҚЫЗЫ,
Солтүстік Қазақстан облысының
Айыртау ауданындағы
№1 «Саумалкөл» орта
мектебінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АНА ТІЛІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақ тілі жайлы түсініктерін кеңейту, алған білімдерін пысықтау, толықтыру; **дамытушылық** – сөйлеу, ойлау арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейту, өз ойын еркін жеткізе білуге, өзгелердің ойын, пікірін тыңдай білуге тәрбиелеу; **тәрбиелік** – оқушылар бойына адамгершілік қасиеттерін, өз Отанына, ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімін дамыту, мемлекеттік тілге құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Психологиялық дайындық: - Балалар, сіздер бір-біріңіздің көздеріңізге мұқият қараңыздаршы, олардың түсі қандай?

Адамға көз не үшін керек деп ойлайсыздар?

Сіздердің көздеріңіз сондай әдемі, сүйіспеншілік пен мейірімділік сезіледі.

Көздеріңіз табиғаттың сұлулығын, көгілдір аспанды, қоршаған ортаны көреді.

- Ендеше, балалар, бір-бірлеріңіздің көздеріңізге қарап табыс, жақсылық тілеңіздер.

Үй тапсырмасын тексеру.

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі».

- Балалар, 22 қыркүйек қандай мереке?

Тіл дегеніміз – қай халықтың болмасын, кешегі, бүгінгі ғана емес, ертеңгі де тағдыры. Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті. Тіл, сөз дегеніміз – ата-бабамыздан келе жатқан ел дәстүрі. Тіл – адамдар арасындағы қасиетті қатынас құралы. Қай халықтың болса да басынан өткендері, қилы кезеңдері өз ана тілі арқылы

бір-біріне жалғасқан.

Тапсырма: тор көзде берілген әріптерді белгілі бір жүйемен оқысаң, тіл туралы айтылған мақал шығады.

т а қ р і д л н т ы е қ з а ж ы а н қ о
т л а т і н д е р ы қ қ с а е и ж т қ о

1-оқушы «Ана тілім – әнім» атты өлеңді оқиды.

Оқулықтың 14-бетіндегі 2-тапсырманы орындайық. Берілген мәтінді оқып, аудару. *Халқының* сөзіне фонетикалық талдау жасаймыз.

Хал-қы-ның 3 буын 1- бітеу; 2-ашық; 3-бітеу.

Х- дауыссыз, қатаң;

А- дауысты, езулік, ашық, жуан;

Л- дауыссыз, үнді;

Қ-дауыссыз, қатаң;

Ы-дауысты, езулік, қысаң, жуан;

Н- дауыссыз, үнді;

Ы- дауысты, езулік, қысаң, жуан;

Ң- дауыссыз, үнді.

8 әріп, 8 дыбыс.

Ел сөзін септеп, *тіл* сөзін тәуелдеп, *оқушы* сөзін жіктейміз.

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын жазыңдар.

1. Конституция... «Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі» делінген.

2. 1989 жылы 22 қыркүйек... «Қазақстан Республикасы... Тіл туралы» Заңы қабылданды.

3. Қазақстан Республикасы... «Тіл туралы» Заңы 1997 жылы 11 шілде ... екінші рет қабылданды.

4. «Тіл Туралы» Заң... 27 бап қамтылған, ол алты тарау... тұрады.

Берілген сөздердің антонимдерін екінші бағанадан табыңдар.

жақын	қысқа
жоқ	қара
көп	бар
құнды	аз
ақ	құнсыз
ұзын	алыс

Мына сөздерге синонимдес сөздер табындар: көркем, жасқану, қоныс, ел сыйлау, парыз, жәрдем.

Үйге тапсырма: 3-тапсырма, 16-бет. Диалогты түсініп оқып, толықтыру.

Сабақты бағалау, қорытындылау.



Раушан ЖОРАБЕКОВА,
 №252 Г.Н.Ковтунов атындағы
 орта мектептің мұғалімі.
 Қызылорда облысы,
 Шиелі кенті.

СЕПТІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ НӘТИЖЕ САБАҒЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың білімін тексеру, септік жалғауларын қаншалықты дәрежеде меңгергендіктерін байқау; **дамытушылық** – ауызша, жазбаша жаттығулар жүргізе отырып, оқушылардың сауаттылығын, тілін дамыту, логикалық ойлау қабілетін дамыту, түсінгенін айта білу дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелік** – Отанын сүйеге, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншіліктерін білдіруге, қазақ халқының тарихына тағзым ету, ұлттық рәміздерді құрмет тұтуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, тірек схема. **Түрі:** аралас сабақ. **Тіпі:** қайталау сабағы. **Пәнаралық байланысы:** орыс тілі, математика, саясат.

Барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

Кезекшімен сөйлесу.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

Жаңа сабақ: - Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Нәтиже сабақ.


Бұл қорытынды, білім тексеру сабағы. «Қайталау – білім анасы», - дейді. Сол сияқты өткенді білмей, еске түсірмей алға жылжу жоқ. Олай болса өткен сабақтарда өтілген көмекші есімдерді еске түсірейік.

1. Көмекші есімдер дегеніміз не?


Заттың, нәрсенің атын білдіріп, толық мағыналы сөзбен тіркесу жұмсалатын есімдерді көмекші есімдер дейді.

Көмекші есім тіркескен сөз ілік септігі жалғауын ашық жалғауында мүмкін, жасырын түрде де көрінуі мүмкін.

Мысалы: *үйдің маңы, үй маңы, өзеннің жағасы, т.б.*



- Мына көмекші есімдермен сөйлем құра.





1. Көп нүктенің орнына тиісті көмекші есімді тауып жазыңдар.

Қаланың ... үлкен саябақ бар.

а) алдында; ә) үстінде; б) шетінде.

2. «Сықырлы гүл» ойынын өткізу



- Сонымен, қазақ тілінде неше септік бар?

Қазақ халқында қасиетті жеті саны бар, соған сай біз септіктерді қайталап жатырмыз.

Септік жалғауының сұрақтары мен жалғауларын айтайық.

Сөздерді дұрыс аударыңдар:

Тұрғын *зритель;*

Кешен *комплекс;*

Ғимарат *житель;*

Көрермен *здание.*

Көрермен, ғимарат сөздерін септе.

3. Сөйлемді дұрыс құраңдар.

1 2 3 4 5 6 7 8

Алатау, әлемге, әйгілі, етегінде, мұз, бар, айдыны, «Медеу»

Алатау етегінде әлемге әйгілі «Медеу» мұз айдыны бар.

4. «Ойлан, тап» ойыны. Мына сандарды дұрыс атасаңдар, бір

жануардың аты шығады. Ең бірінші әріпті жазып отырасыңдар.



«Медеу» мұз айдынының трибуналары қанша мың көрерменге арналған?

- а) 10; ә) 12; б) 11.

5. «Мен Отанның азаматымын» мәтінін мәнерлеп оқу.

Сөздікпен жұмыс:

остановка – аялдама;


часы – сағат;

судьба – тағдыр;


район – аудан;

гордость – мақтаныш;

устный – ауызша.



Тірек-сызба бойынша «Астана» туралы әңгімелеп беру.




6. Бекіту кезеңі. Суретпен жұмыс.

үстінде

астында

жанында

қасында



ДОП

«Отан» сөзін септе.

Ж Қ А

1) Қ

2))))

3) $\sqrt{-10^0}$



4)

5)



6) 12^{00}

Сан есімді тап.

7. Оқушыларды бағалау.

8. Қорытындылау.

9. Үйге тапсырма: «Астана» сөзін септеу, сан есімге мысал келтіру.



Гүлзар КАМАЛОВА,
Шымкент қаласындағы
№1 саңырау балалар-
мектеп-интернатының мұғалімі.

ДЫБЫСТАРДЫ ДҰРЫС АЙТҚЫЗҒАН – МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – өз мектебі жайында әңгі-мелей білу, керекті сөздерді екі тілде меңгерту, сұрақ-жауап арқылы сөздік қорды молайту, балалардың білім деңгейін дамыту; **тәрбиелік** – қазақ тілін құрметтеуге тәрбиелеу, балалардың қазақ тілі сабағына деген құштарлығын арттыру; **коррекциялық** – оқушылардың дыбыстарды дұрыс айтуларын қадағалау, үнемі түзетіп отыру, есте сақтау қабілетін арттыру.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, қазақ әдебиеті, математика.
Түрі: жүйелеу сабағы. **Көрнекілігі:** кесте қағаздар, суреттер.
Менгерілетін сөздер: менің мектебім, Шымкент қаласы, Қасым Аманжолов көшесі, үш қабатты, екі жүз жиырма төрт оқушы, мектеп басшысы, мектеп мұғалімдері, мектеп кітапханасы, мектеп ауласы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Диалог құрастыру. 2. Сөздік жаттығу.

II. Өткен сабақты қайталау.

III. Сабақтың тақырыбы бойынша жұмыс.

1. Сұрақ-жауап арқылы әңгіме құру.

- Сенің аты-жөнің кім?
- Сен қандай мектепте оқисың?
- Мектептің мекен-жайы қандай?
- Мектеп ғимараты қандай?
- Мектеп ішінде нелер бар?
- Мектеп басшысы кім?
- Мектепте неше оқушы білім алады?
- Мектепте қандай пән мұғалімдері бар?
- Мектеп ауласы қандай?

2. Оқулықпен жұмыс (28-бет, 1-тапсырма).

Берілген сөздерді орыс тіліне аудару, сөз тіркесін құру, сөз тіркесін пайдаланып сөйлем құрау.

Үлгі: Мектептің өмірі, мектептің оқушылары, мектептің кітапханасы,

3. Мақал-мәтелдерді суреттер арқылы толықтыр.

- | | |
|---------------------------------|--------------------------------|
| 1. Өмір – үлкен | 2. Мектеп - ..., білім - |
| 3. ... – алтын қазына. | 4. Ұстаздан - ... озар. |
| 5. Күш – білімде, білім - | 6. ... – ғалым, тілсіз |

IV. Пысықтау.

1. Сөзжұмбақты шешіндер.

					М					
					Ұ					
					Р					
					А					
					Ж					
					А					
					Й					

1. Балалар білім алатын орын.
2. Мұғалім сөзінің синонимі.
3. Күнделікті сабақта қолданылатын оқу құралы.
4. География сабағында қолданылатын оқу құралы.
5. Кітап жазатын адамды кім дейміз?
6. Соңғы қоңырау қай айда соғылады?
7. Алғашқы қоңырау қай айда болады?

2. Еріннен оқу диктанты (Сөйлемдерді еріннен оқу арқылы қатесіз жазу).

Менің мектебім үлкен. Мектепте екі жүз жиырма төрт оқушы оқиды. Мектепте асхана бар.

V. Сабақты қорыту.

- **Бүгін біз сабақта қандай тақырыппен жұмыс жасадық?**
- Біз «Менің мектебім» тақырыбымен жұмыс жасадық.
- **Сабақта не білдік?**
- Мектепте 224 оқушы бар екенін білдік.
- **Сабақта не істедік?**
- Сұрақтарға жауап бердік.
- Мақал-мәтелдерді толықтырдық.
- Сөзжұмбақты шештік.
- Сөйлем құрадық.

VI. Үй тапсырмасын беру.

- Күнделікті ашып, үй тапсырмасын жазып алыңдар.
- 6-тапсырма, 31-бет.
- Сөз тіркестерін құраңдар.

VII. Балалардың білім деңгейін бағалау.

ТІЛ ҰСТАРТҚАН ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың «Ертегілер» тақырыбы бойынша өтілген сабақтарда алған білімдерін тиянақтау, шығармашылық тапсырмалар арқылы пысықтап, бекіту; **дамытушылық** – ой-өрістерін, дүниетанымын, өзіндік ой-пікірін жүйелі, дәйекті етіп жеткізу, образды ойлау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – ертегілер арқылы адамгершілік, интеллектуалдық эстетикалық тәрбие беру.

Түрі: дәстүрлі емес, жарыс сабағы. **Әдістер:** «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясының элементтері, талдау, салыстыру, баяндау мәселе қойып оқыту, іздендіру. **Көрнекіліктер:** «Шығыс сарайы», «Жайлау» атты декорациялар, интерактивті тақтадағы «Шахерезада» бейнесюжеті, «Құйыршық» мультфильмінен үзінді, домбыра, «Ертегілер әлемі» әнінің музыкасы.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру кезеңі.

- Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, балалар! Көңіл-күйлеріңіз қалай? Бүгінгі дәстүрлі емес, ерекше сабағымызға қош келдіңіздер!

Ой қозғау. «Ертегілер әлемі» әнінің музыкасы ойнайды.

- Балалар, естіліп жатқан әдемі әуеннің сазын тыңдай отырып, айналадағы сиқырлы, бейнелі заттарға қарай отырып, қалай ойлайсындар, біз қандай ғажайып әлемге тап болдық?

- Ертегілер әлеміне тап болдық.

- Яғни, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қалай деп аталады?

- Ертегілер әлемінде.

Сабақтың мақсатын жариялау: - Бүгінгі сабағымыздың мақсаты – «Ертегілер әлемі» тақырыбы бойынша өтілген

сабақтарда алған білімдеріңді тиянақтап, бекіту, шығармашылық тапсырмалар арқылы ой-өрістеріңді, дүние таным мен образды ойлау қабілеттеріңді дамыту.

Сабағымыз екі топ арасында жарыс түрінде өтеді. Жарыс сабағымыз екі топтың атауын жариялау әрі әділқазылар алқасымен таныстырудан басталады.

Өткен тақырыпты пысықтау кезеңі.

Жарыс тапсырмаларын орындау.

1-сайыс – «Шахерезаданың тапсырмалары».

Интерактивті тақтадағы көрініс: айлы түн мен жұлдызды аспан фонында ұшқыш кілемде Шахерезада отырады (**Шахерезада рөлін мұғалім орындайды**).

Шахерезада сөзі: - «Ертегі – адам даналығының ғажайып туындысы. Ол адамды асқақ сезімге бөлеп, қуанышқа кенелтеді, өз күшіне, болашағына деген сенімін ұштайды.

- Балалар, мен сендерге ертегілерге байланысты сұрақтар мен тапсырмаларды дайындадым. Егер менің тапсырмаларымды орындай алсаңдар, ертегі әлемі бойынша қызықты саяхатқа аттана аласыңдар. Сапарларың сәтті болсын!».

Интерактивті тақтадағы Шахерезаданың сұрақтары:

1. Ертегі дегеніміз не? 2. Ертегілерде не бейнеленген?
3. «Ертегі» деген сөз қалай пайда болған? 4. Ертегілер неше топқа бөлінеді? 5. Әр топтың мазмұндық ерекшелігі неде? 6. Келесі мультфильм үзіндісі қай ертегіден?

Мұғалім: - Шахерезада сендердің жауаптарыңа риза ма? Жауаптарыңды қалай бағалайды екен? Тыңдап көрейікші (назарларын интерактивті тақтаға аударту).

Шахерезада сөзі: - Жарайсыңдар, балалар! «Таңдау» атты гимназияның 5-ші сынып оқушылары өте білімді, қиялдары бай, тапқыр балалар екен! Қазақ әдебиеті пәніне аттанған алғашқы қадамдарың құтты болсын!

2-сайыс – «Жас сахнагер» сайысы.

А) «Сұңқарлар» тобы «Жыл басына таласқан хайуанаттар»

деген ертегіні, «Тұлпарлар» тобы «Хан мен кедей» ертегісін сахналайды.

Ә) Сахналаған ертегілері бойынша екі топ бір-біріне тапсырмалар мен сұрақтар қояды.

«Тұлпарлардың» тапсырмасы: 1. Хан мен кедейге мінездеме беріңдер. 2. Ертегінің тәрбиелік мәні неде?

«Сұңқарлардың» тапсырмасы: 1. Ертегіге жоспар құрастырыңдар. 2. Ертегілерде хайуанаттар қандай мінезді болған?

3-сайыс – Топбасшылар сайысы.

Венн диаграммасын толтыру. Екі топтың топбасшысы интерактивті тақтаға шығып, «қанатты тұлпар» әкелген Венн диаграммасын толтырады. Осы кезде мұғалім қонақтарға арнап «Адай» күйін орындайды.

Ой толғау. 4-сайыс. «Біздің өміріміздегі ертегілердің рөлі» деген тақырыпқа эссе жазу.

Мұғалімнің қорытынды сөзі: - Жарайсыңдар, балалар, екі топтың эссесі де мазмұнды, қызықты болып жазылған. Рас, адам өмірінде ертегінің атқаратын рөлі орасан зор. Әзірше, адамзат өмір сүріп тұрған кезде, ол арманға құштар келеді, демек, ол адамды рухтандырып, жүрекке үміт ұялататын, жанды жұбатып, рахатқа бөлейтін ертегісіз тіршілік ете алмайды.

-Балалар, бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? Қалай ойлайсыңдар, сабақтың мақсатына жеттік пе? Расында да, бүгінгі сабақ ерекше болып өтті деп ойлаймын. Өйткені, бүгін сендер білімдерің мен тапқырлық қасиеттеріңді, өзіндік ой-пікірлеріңді дәйекті, жүйелі айта білдіңдер, әртістік қабілеттеріңді көрсете алдыңдар.

Әділқазылар алқасы екі топтың ұпайларын санап, жеңімпаз тобын атайды.

Жеңімпаз тобын құттықтау.

Мұғалім: - Ақылды, 5-ші сынып оқушылары, қазақ әдебиеті пәніне аттанған алғашқы қадамдарың құтты болсын!

РЕФЛЕКСИЯ. Мұғалім мен оқушылар «Ертегілер әлемі» әнін орындайды.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ТӘН ДЫБЫСТАР – ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНДЕ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушыларға коммуникативтік бағытта берілген тапсырмаларды меңгерту, коммуникативтік дағдысы мен білігін қалыптастыру.

Сабақтың міндеттері: білімділік – есте сақтау қабілетін ұлғайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқуға, жаңа сөздерді меңгеруге, қысқа әңгіме айта және жаза білуге үйрену; **дамытушылық** – тақырып бойынша өз ойын айта білу, ауызекі сөйлеу және сауатты жазу қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік:** ата-анасын, бауырларын ардақтауға, қадірлеуге, отбасындағы сыйластыққа тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі. **Типі:** аралас. **Әдісі:** түсіндіру, әңгімелесу, сөздік, тапсырмалар, мәтінмен жұмыс, өз ойын айта білу. **Көрнекілігі:** тақырыпқа қатысты суреттер, слайд, тапсырмалар жазылған қиықшалар, кітапшалар, интерактивті тақта. **Оқыту формасы:** жеке-дара, жұптық.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: (2 минут).

1. Сәлемдесу.
2. Кезекші есебі.

II. Үй тапсырмасын тексеру (10 минут)

III. Жаңа сабақ (24 минут). Сабақтың мақсатын, барысын айту.

1. Сабақтың тақырыбымен таныстыру: «Қазақ тіліне тән дыбыстар – отбасы тәрбиесінде».

A) Тілдесім. Отанды сүю отбасынан басталады. Тәрбие –

отбасынан басталады.

- Балалар, сендер осы сөздерді қалай түсінесіңдер?

Ә) Қазақ отбасында кімнің орны ерекше? Кім шаңырақ иесі?

Қара шаңырақ кімге қалады?

Қазақ отбасында әр бала неше атасын біледі? т.б.

Отбасында «Отан – отбасынан, отбасы – ошақ қасынан басталады» деген екен бабаларымыз.

Ал, сол ошақтың иесі - әйел, ал, отбасының иесі – сол үйдің ері.

«Еркек – шаңырақтың иесі әрі асыраушысы» деп айтамыз.

«Қыз ақылды ескермес – ана үлгісін көрмесе,

Ұл жарылқап ас бермес – әке үлгісін көрмесе». (Қорқыт)

- Балалар, сендер отбасы, ата-ана туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?

Мақал-мәтелдерді қайталау. *Бала тәрбиесі – бесіктен, Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі, Әке – асқар тау, Ана – ағып жатқан бұлақ, Бала – жағасындағы құрақ. Отбасы – шағын мемлекет. Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер. Отан – отбасынан басталады. Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада Ата көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер. Әкені көріп ұл өсер, Ананы көріп қыз өсер, Баланың ұяты – әкеге, қыздың ұяты – шешеге. Балапан ұяда не көрсе, Ұшқанда соны іледі. «Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек. Кәріге – құрмет, жасқа – ізет. Әдепті бала – ата-анасын мақтатар, әдепсіз бала – ата-анасын қақсатар.*

Ә) Тыңдалым.

1. Басым сөздермен жұмыс: оқу, сөйлем құрастыру.

Лексика: отбасылық дәстүрлер, ұлттық дәстүрлер, қалыптастыру, маңызды орын, ерекше мән беру, үй ұстау, дағдыларды қалыптастыру, балаға қамқор болу, тырысу, ұлт болашағы, тәлім-тәрбие, дәстүрге айналу, әулет басшысы, дүниеге келу, әдептілік, сыпайылық таныту, өнегелі іс, отбасының ұйытқысы, береке, басты міндет, отбасы беріктігін сақтау, ерін сыйлау, рухани қолдау көрсету, мейірімділік, имандылық, асырап

сақтаушы, қамқоршы.

Б) Оқылым.

1) Мәтін: «Отбасы – тәрбие бастауы».

1. Отбасы – әр адамның алтын ұясы. Адам дүниеге келгеннен бастап, осында ержетіп, отбасының тәрбиесін алады. Отбасы ұрпақтарға ұлттық дәстүрлерді қалыптастыруда маңызды орын алады. Ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алмайды. Қазақ отбасында өз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірген.

2. Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап құрметтеуді, содан соң өзгелерге, әсіресе, үлкендерге сыпайылық танытуды үйреткен. Ең негізгісі, қазақ отбасында баланы сөзбен емес, көбінесе, өзінің өнегелі істерімен тәрбиелеген. Қазақ отбасында ұл баланы, қыз баланы тәрбиелеуге ерекше мән беріледі.

Отбасында ұл балаға үйдің күрделі, ірі жұмыстарын үйретеді. Қыз балада тамақ істеу, үй ұстау дағдыларын қалыптастырады.

3. Әке мен шеше – отбасы мектебінің ұстаздары. Әке – әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Ана – отбасының ұйытқысы, берекесі. Қазақ әйелдері үшін басты міндет – отбасы беріктігін сақтау, бала тәрбиелеу, ерлерін барынша сыйлау, рухани қолдау көрсету болып табылады.

2) Топтық жұмыс. Оқушыларға мәтін таратылады.

Әр топ (I, II, III) өзіне берілген азат жолмен (абзацпен) жұмыс істейді. Әр топ берілген тапсырмаларды орындайды.

I топ: 1) мәтінді сөздіктің көмегімен түсініп оқу;

2) мәтіннің мазмұнына байланысты үш сұрақ дәптерге жазу;

3) «Отбасы» деген сөзді дәптерге жазып септе.

II топ: 1) мәтінді сөздіктің көмегімен түсініп оқу;

2) мәтіннің мазмұнына байланысты диалог құрастыру.

3) «Өздері» деген сөзді дәптерге жазып септе.

III топ: 1) мәтінді сөздіктің көмегімен түсініп оқу;

2) мәтінді мазмұндау.

3) «Ұстаздар» деген сөзді дәптерге жазып септе.

3) Оқушылардың жұмыстарын тексеру.

4) Мәтін бойынша сөйлемдердің дұрыс-бұрыстығын

тексер.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
1. Отбасы – әр адамның алтын ұясы.		
2. Қазақ отбасында өз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірмеген.		
3. Қазақ отбасында ұл баланы, қыз баланы тәрбиелеуге ерекше мән берілмейді.		
4. Қыз балада тамақ істеу, үй ұстау дағдыларын қалыптастырады.		
5. Әке мен шеше – отбасы мектебінің ұстаздары емес.		
6. Тәрбие – отбасынан басталады.		
7. Адам отбасының тәрбиесін алады.		
8. Әке – әулет басшысы емес.		
9. Ана – отбасының ұйытқысы.		
10. Отбасында ұл балаға үйдің күрделі, ірі жұмыстарын үйретпеген.		

5) Айтылым. «Ой қозғау».

Қос сөздер деген не? Бүгінгі тақырыпқа байланысты қандай қос сөздер сендерге кездесті? (ата-ана, әке-шеше, үрім-бұтақ, ата-баба, аты-жөні, салт-дәстүр, ата-тегі, әдет-ғұрпы, ар-ұят, ұрпақтан-ұрпаққа)

IV. Сабақты бекіту, қорытындылау. (5 минут)

Топтастыру. Отбасы деген сөзді қалай түсінесіңдер?

Отбасы бақытының жеті кілті: түсіністік, достық, кешірім, сыйластық, сенім, көңіл аудару, шыдамдылық.

Сөйлемдердің дұрыс-бұрыстығын тексер:

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
1. Бақытты отбасының тірегі - түсінісуде.		
2. Бақытты болудың бір кілті – сыйластықта емес.		
3. Отбасыңды ойлама.		
4. Балама қолдан келген жақсылықты жасамаймын.		
5. Балаларыма үлгі болуға тырыспаймын.		
6. Түсіністікке ері де, әйелі де тырысу керек.		

Мұғалім сөзі: - Үлкендердің әр сөзіне зер сала, астарына үңіле қарай білу керек. Әсіресе, үйдегі ата-әжелеріңнің, ата-аналарыңның әр сөзін ұғып, кәрі адамдардың ақылын, өсиетін саналарыңа ұстандар. Өздеріңнің бүгінгі сабақтан алғандарыңды үйдегі кішкентай бауырларыңа айтып отырыңдар. Бүгінгі сабағымызды ұлы бабаларымыздың бізге қалдырған мына өсиет сөздерімен аяқтай отырып, осы сөздерді әр кез есімізде ұстайық демекпін.

Сабақтың соңында әр балаға **«Бойжетер қыз», «Ержетер ұл» ережелері** таратылады.

V. Бағалау (2 минут).

VI. Үйге тапсырма (2 минут): 1. «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбына диалог дайындау; 2. Басым сөздерді жаттау; 3. «Бойжетер қыз», «Ержетер ұл» ережелерінің ұнағандарын жаттау.



Әлия ПЕРНЕБЕКҚЫЗЫ,
№252 Г.Н.Ковтунов атындағы
орта мектебінің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Шиелі кенті.


АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ МЕН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

Сабақтың мақсаты: білімділік – ұлттық ойындармен таныстыру, көрсету, *ұлттық* сөзінің ерекшелігін көрсету, баяндау, аударма жұмысын орындау; **дамытушылық** – ауызекі сөйлеуге дағдыландыру, сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша ой дамыту; **тәрбиелік** – адамгершілікке, ұлттық сыйластыққа, Отанымызға сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу.

интерактивтік тақта.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
 2. Өткен тақырыптарды қайталау.
 3. **Жаңа сабақ:** Қазақтың ұлттық ойындары.
- 1-тапсырма. Тірек-сызба (ассоциация)



2-тапсырма. «Ұлттық ойындар» мәтінін мәнерлеп оқып, орыс тіліне аудар.

Қазақ халқының тұрмысы, салт-дәстүрі, ойындары, көбінесе, төрт түлік малға байланысты болды. Олар ойынға мал сүйегін, қой құмалағын пайдаланды. Мысалы, мынадай ұлттық ойын түрлері бар: «Асық», «Ақсүйек», «Тобық», «Ханталапай», «Тоғызқұмалақ».

Мақалды аяқтаңдар:

1. Отанды сүйю –
2. Ел елдің бәрі – жақсы,
3. Туған жердің қадірін,

Сөздерді жіктендер: *тастау, үйіру, түсу, ойна.*

3-тапсырма. «Сұрақ-жауап».

«Сөйлемді тап» ойыны.

Әр ты тық қа не ныш шан бей лік же де біт ші рі бол міз сын жә

Үйге тапсырма: қазақтың ұлттық ойындарына диалог (сөйлесу) құрастыру.

БАСТАУЫШ ПЕН БӘЙТЕРЕК

Сабақтың мақсаты: 1. Модуль бойынша алған білімдерін топтау, жинақтау; 2. Қазақша сөйлеу дағдыларын арттыру, логикалық ойлау мен сөздік қорын дамыту, сөз тіркесін және сөйлем құрау дағдысын қалыптастыру; 3. Туған елін, жерін сүюге, патриотизмге тәрбиелеу, ана тілін сүюге, қорғауға баулу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** мәнерлеп оқу, аудару, ауызша сөйлеу, сұрақ-жауап, тестік бақылау, шығармашылық жұмыс, қорытынды, жинақтау, бекіту. **Көрнекілігі:** слайд, интерактивті тақта, суреттер, сызба, қоржын, семантикалық карта, Н.Ә.Назарбаевтың «Еуразия жүрегінде» кітабы, үлестірмелі кәртiшкелер, кесте.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

Ұраны: Бәріміз біріміз үшін,
Біріміз бәріміз үшін.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

Слайд: Еліміздің ел ордасы – Астана қаласындағы әдемі сәулетті құрылыстарды көрсету.

Бәйтеректің суретімен танысу 87, 107-бет

Н.Ә.Назарбаевтың «Еуразияның жүрегінде» атты кітабындағы Елбасының сөзінен үзінді оқу (129-130-бет).

«Бәйтерек» мәтінімен танысу, оқушыларға оқыту.

Сөздікпен жұмыс: Екі тілде берілген жаңа сөздерді кезек-кезек оқушыларға оқыту.

Мақтаньш – гордость;

Кешен – комплекс;

Келісім – согласие;

Пішін, түр – форма;

Кеңдік – простор.

жүргізу:

1. Қай қала қазақстандықтардың мақтанышына айналып отыр?
2. «Бәйтерек» кешені ненің символы?
3. «Бәйтеректің» пішіні қандай идеяны білдіреді?
4. Н.Ә.Назарбаев қай кітабында «Бәйтерек» кешені туралы жазады?
5. Бәйтерек бұтағына самұрық құс не салады екен?
6. Айдаһар не істейді екен?
7. Самұрық құстың жұмыртқасын кім аман алып қалады?
8. Разы болған құс не істейді?
9. Киелі ағаш туралы аңыз ненің көрінісі?

Семантикалық картамен жұмыс: Интерактивті тақтада берілген семантикалық карта арқылы дара, күрделі бастауышты тапқызу.

№	Сөйлемдер	Дара бастауыш	Күрделі бастауыш
1	<u>Астана қаласы</u> қазақстандықтардың мақтанышына айналып отыр.		
2	<u>«Бәйтерек» кешені</u> – тәуелсіздіктің символы.		
3	<u>Ол</u> – еліміздің бейбітшілік пен келісімнің белгісі.		
4	<u>«Бәйтерек»</u> пішіні ұлы даланың кеңдігін білдіреді.		
5	Көк теңіз жағалауында <u>алып бәйтерек</u> өседі екен.		
6	<u>Самұрық құс</u> алтын жұмыртқа салады екен.		
7	Бірақ жыл сайын <u>айдаһар</u> сол алтын жұмыртқаны жеп қояды екен.		
8	<u>Ер Төстік</u> алтын жұмыртқаны аман алып қалады.		

Сергіту сәті: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде».

Н.Ә.Назарбаев.

«Ана тілім - ардағым» атты поэзия минутына кезек беріп отырып, тіл туралы ақындардың өлеңдерін мәнерлеп оқыту.

«Армысың, арайлы Шығысым» атты айдармен аймақтық компонентті қолдану аясында интерактивті тақтадан Өскемен қаласындағы «Бәйтеректің» макетін көрсету, таныстыру.

Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы «Гүлің болып егілемін, Туған жерім – Қазақстаным» атты айдармен төмендегі хронологиялық картаны толтыру:

1	1991 жыл 16 желтоқсан	<u>Қазақстан</u> өз тәуелсіздігін алды.
2	1995 жыл 30 тамыз	<u>Жаңа Конституция</u> қабылданды.
3	1989 жыл 22 қыркүйек	<u>Қазақ тілі</u> мемлекеттік статусын алды.
4	1992 жыл 4 маусым	Қазақстан Республикасының Рәміздері қабылданды.
5	1997 жыл 6 шілде	<u>Астана қаласы</u> Қазақстанның астанасы болып жарияланды.
6	97 метр биіктігі	«Бәйтерек кешенінің» <u>биіктігі</u> .
7	130-ға жуық	Қазақстанда 130-ға жуық <u>ұлт</u> тұрады.
8	Үш тұғырлы тіл	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілін меңгеру керек.

Бекіту.

Жақтайық біз қашанда әділдікті,

Кімдердің жауаптары кәміл шықты?- дей отыра, оқушылардың жаңа сабақта алған білімдерін қорытындылау, «Бәйтерек» мәтінін, бастауыштан өткен білімдерін бекіту.

Интерактивті тақтаны пайдалана отырып, «Сен білесің бе?» атты танымдық ойынын жүргізу.

10	20	15
15	10	20
20	15	10

Сұрақтары:

10. Бәйтерек кешенінің биіктігі қанша метр?

15. Әнұранның авторлары кімдер?

20. Қазақ тілі мемлекеттік статусын қашан алды?

10. Отан туралы қандай мақал-мәтел білесің?
15. Қазақ тілі қандай тілдер тобына жатады?
20. Қазақстан Республикасы қандай мемлекет?
10. Астана қаласы қай өзеннің бойында орналасқан?
15. «Астана-Бәйтерек» кешенін жобалаған топтың жетекшісі кім?
20. Қазақтың үш биін ата, үш биге арналған ескерткіш Астана қаласының қай көшесінде орналасқан?

Бағалау. Қорытынды. Үй тапсырмасын беру.



Салтанат БЕКТАСҚЫЗЫ,
М.Ломоносов атындағы
мектеп-гимназиясының мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түлкібас ауданы,
Т.Рысқұлов ауылы

БІРІККЕН СӨЗ – БАҒДАТҚА ЖОЛ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – оқушылардың алған білімдерін пысықтау, жаңа тақырыпты түсіндіру, біріккен сөз туралы түсіндіріп, білімдерін толықтыру; **дамытушылық** – мәтін арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың тіл байлығын, қазақ тілінде еркін сөйлеу шеберліктерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды адамгершілікке, сыпайылыққа, еңбекке баулу, елін, жерін, тілін құрметтеуге, халқына деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, патриот адамды тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: тест сұрақтары, жаттығу жұмыстары, слайдтар.
Техникалық жабдықтар: интерактивті тақта, электронды

оқулық, компьютер. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, іздену, зерттеу.

Сабақ барысы: **I. Ұйымдастыру кезеңі.** Оқушылармен сәлемдесіп, қатысу сапасын тексеріп, көңілдерін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ. Мұғалім сабақтың мақсатымен таныстырады.

Интерактивті тақтадан әл Фарабидің портреті, ғылым туралы ақпаратты тыңдаймыз.

1. Жаңа сабақты түсіндіру. Әбу Насыр әл Фараби – ғұлама ғалым, данышпан ойшыл, аса білімі тарихи тұлға туралы мәтінді оқып, талдаймыз. Әбу Насыр әл Фараби білім жолын жалғастыру үшін бозбала шағында туған жерімен қоштасып, Бағдатқа қарай сапар шекті, бұл уақыт тарихта «Алтын ғасыр» аталған. Бұл дәуір білім, ғылымның гүлденген шағы.

2. Сөздікпен жұмыс. Жаңа сөздер слайдтан көрсетіледі. Танысып, оқып шығу, сөйлем құрастыру:

Ұлық – правительство;

Керуен – караван;

Мархабат – пожалуйста;

Баспасөз – печать;

Атамекен – родная земля;

Әркім – каждый.


3. Венн диаграмасы.



- Балалар, мәтінде кандай біріккен сөздер бар? Оқушылар мәтін бойынша біріккен сөздерді атап шығады. Төмендегі сұрақтар бойынша келесі жаңа тақырыпқа көшемін.

1. Қазақ тілінде сөздер нешеге бөлінеді?
2. Дара сөз дегеніміз не?
3. Күрделі сөз дегеніміз не?
4. Күрделі сөз неше түрге бөлінеді?

4. Интерактивті тақтадан тірек-сызбалар көрсетіледі.



Біріккен сөз дегеніміз екі я одан да көп түбірден бірігіп, тұтас бір ұғымды білдіреді. Біріккен сөз мағынасына қарай екіге бөлінеді.

5. Біріккен сөздер.



6. Біріккен сөздерге мынадай атаулар жатады:

1. Аң, құс, өсімдік атаулар: итмұрын, түйеқұс, жолбарыс.
2. Географиялық атаулар: Сарысу, Көкшетау, Қызылорда .
3. Кісі аттары: Бейсенбай, Орынбасар, Майгүл, Ербол.
4. Дене мүшелері: анатомиялық атаулар: асқазан, тоқішек, ұлт-табар.
5. Ауру атаулары: алаөкпе, көкжөтел.
6. Ойын атаулары: алтыбақан, ақсүйек.
7. Ән-күй, өлең атаулары: Саржайлау, сегізаяқ
8. Қоғамдық өмірге байланысты әр түрлі сөздер: баспасөз,

қолбасшы, кәсіпорын.

9. Мезгілге байланысты: биыл, бүгін, жазғытұрым.

10. Белгісіздік, болымсыздық мәндегі атаулар: ешкім, ештеңе, әлдекім.

7. Оқулықпен жұмыс. 46-беттегі ережені оқып, 4-тапсырманы орындау.

Біріккен сөздерді үш тілде атаңдар: *баспасөз, атамекен, әркім, көпсөзділік.*

IV. Жаңа сабақты бекіту.

1. Семантикалық кесте.

р/с	Күрделі сөздер	Біріккен сөздер	Қос сөздер	Қысқарған сөздер	Тіркес сөздер
1.	Бейбарыс қазақша жақсы сөйлейді.				
2.	Алия он бесінші пәтерде тұрады.				
3.	Ата-аналарға құрмет көрсету керек.				
4.	Асан ҚарМУ-дың филология факультетінде оқиды.				
5.	Алтыбақан – ұлттық ойындардың бірі.				
6	Қазақтардың тұрмысында колөнер ерекше орын алады.				

2-слайд. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінен сөйлем құраңдар.

1. Туған, Әбу Насыр әл Фараби, қаласында Отырар. (Әбу Насыр әл Фараби Отырар қаласында туған).

2. Қалдырды, ол, жазып, іргелі, еңбектер (Ол іргелі еңбектер жазып қалдырды).

3. Шебер, әл Фараби, музыкалық аспаптарда, орындаушы, болды (әл Фараби музыкалық аспаптарда шебер орындаушы болды).

4. Ол, музыкалық, тапты, ойлап, жаңа, аспаптардың, түрлерін (Ол музыкалық аспаптардың жаңа түрлерін ойлап тапты).

V. Қорытынды: Кубизм әдісі бойынша сабақты қорытындылау.

1. Біріккен сөз дегеніміз не?
2. Әл Фараби Бағдатқа қандай мақсатпен барды?
3. Біріккен сөз қандай атауларда кездеседі?
4. Қашан дүниеге келді?

VI. Үй тапсырмасы: 1. Біріккен сөздерді қатыстырып, 6 сөйлем жазу; 2. Мәтінді оқып, мазмұнын айту.

VII. Бағалау: оқушыларды білімдеріне сәйкес бағалау.

Бағалау парағы

№	Аты-жөні	Жүргізілетін жұмыстар						Бағасы
		Үй тапсырмасы	Сұрақ-жауап	Жаттығу жұмыстары	Семантикалық кесте	Тестпен жұмыс	Қорытынды	
1								
2								



Тотыгүл ЕЛУБАЙҚЫЗЫ,
Солтүстік Қазақстан облысының
Ғабит Мүсірепов ауданындағы
Буденный орта мектебінің мұғалімі.

МАҚТА ҚЫЗ БЕН МЫСЫҚ СӨЗДІГІ

Сабақтың мақсаты: 1. «Мақта қыз бен мысық» ертегісін мәнерлеп оқып, мазмұндау, рөлге бөліп оқу; 2. Оқулықпен жұмысқа баулу; Ертегідегі жаңа сөздермен жұмыс; Ертегіні

жанрлық ерекшелігіне сай оқи отырып, оқу дағдыларының қалыптастыру; 3. Оқушыларды еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрі: интерактивті тақтамен өткізілген жаңа сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, көрініс көрсету, сұрақ-жауап, топпен жұмыс.

Көрнекілігі: суреттер.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Үй тапсырмасын сұрау.
3. Жаңа сабақ.

- Балалар, бүгін біз «Мақта қыз бен мысық» ертегісімен танысамыз. Ең алдымен, ертегіде кездесетін түсініксіз сөздермен жұмыс істейміз.

1. Сөздікпен жұмыс:

Мейіз – изюм;

Қатығын төгеді – выливает кефир (густое кислое молоко);

Тауып алады – нашел;

Шөлдеп тұрмын – хочется пить;

Дән – зерно;

Бас салады – хватает;

Тышқан – мышь.

2. Берілген сөздермен сөз тіркестерін құрастыру:

Тәтті мейіз. Алтын дән. Кішкентай тышқан.

3. Сөйлем құрастыру: Әжем тәтті мейіз сатып алды.

Кішкентай тышқан алтын дән тауып алды.

4. «Мақта қыз бен мысық» ертегісін мәнерлеп оқу.

5. Балаларды ертегіні мәнерлеп оқуға дағдыландыру, ертегінің қиын, түсінбеген жерлерін балалармен оқып, аудару.

6. Ертегідегі кейіпкерлерді атау (Мақта қыз, мысық, ағаш, қыздар, дүкенші, тауық, тышқан, т.б.)

7. Ертегіге көрініс көрсету.

4. Жаңа сабақты бекіту.

1. Ертегіні рөлге бөліп оқу.

2. Әр балаға рөлдерді таратып беру.

3. Ойынан кейін негізгі және қосалқы кейіпкерлерді жеке-жеке топтап жазу (Негізгі: Мақта қыз, мысық. Қосалқы: Ағаш, қыздар, дүкенші, тауық, тышқан).

4. Ертегінің қай топқа кіретінін анықтау (Тұрмыс-салт ертегісі).

1-топ. Мысық қатық іздегенде қайсысына қашан барғанын ретімен айтыңдар.

1. Мақта қыз.

2. Сиыр.

3. Ағаш.

4. Қыздар.

5. Дүкенші.

6. Тауық.

7. Тышқан.

2-топ. Мысық қайсысынан не алды?

1. Сиырдан – қатық.

2. Ағаштан – жапырақ.

3. Қыздардан – су.

4. Дүкеншіден – сағыз.

5. Тауықтан – жұмыртқа.

6. Тышқаннан – тары.

5. Қорытындылау.

Қатықты табу үшін мысықтың жүрген жолын суретпен сызып көрсету.

Осы ойын арқылы ертегінің мазмұнын айтып беру.

6. Оқушыларды бағалау.

7. **Үйге тапсырма:** ертегіні мазмұндау, 56-бет. Жұмбақты шешу.

СИНОНИМДЕР

Сабақтың мақсаты: синоним сөздерді бір-бірімен салыстыра отырып, анықтамасын оқушылардың өздері ойланып шығарып алуға бағыт беру; синоним сөздерді белгілеріне қарай топтастыру және қандай сөз таптарынан болатынын байқату; ұсынған әңгімені оқып, кейіпкерлердің ісін талдау жасай отырып бағалау, өздерінің алға қойған мақсатына еңбек ету арқылы жететінін түсіндіру.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен шаттық шеңбер құрып, бір-біріне сәттілік тілеу арқылы өткізу.

II. Жаңа сабақ барысы. Ой қозғау сатысы.

Синоним сөздер тілдің байлығын көрсетеді. Бүгінгі өткелі отырған сабағымызда үйренетін сөздеріміз тілдік қорымызды молайтып, ойымызды кеңейтеді. Синоним сөздерді сөйлегенде, әңгіме айтқанда пайдалана білу – тіл ұстарту белгісі.

Мағынаны ажырату.

Плакатқа жазылған синоним сөздерді оқушылар бірнеше топқа бөліп жазады. Олар мына сөздер: келбет, кескін, сабырлы, байсалды, дидар, рең, түс, ұстамды, мүсін, сәлемдесу, амандасу, есендесу, көрісу, сұлу, өңі.

Ажар	жүздесу	сабырлы
Көрік	амандасу	байсалды
Келбет	сәлемдесу	ұстамды

Жалпы оқушыларға сұрақ: Әр топтағы сөздерді бір-бірімен мағынасы және жазылуы жағынан салыстырыңдар. Қандай ой түйдіндер?

Оқушылар жауабы: Мағыналары бір-біріне жақын немесе бірдей, жазылуы әр түрлі сөздерді синонимдер дейміз.


Әр топтағы сөздерге сұрақ қойғызамын

Не?	Не істеді?	Қандай?
ажар	жүздесу	сабырлы

Жалпы оқушыларға сұрақ: синонимдік сөздер тобы қандай сөз табының құрамынан болады?

Оқушылар жауабы: зат есімнен, етістіктен, сын есімнен болған синонимдер.

Оқушыларға зат есімнен болған синонимдер тобымен сөз тіркесін құрау ұсынылады.



Оқушыларға сұрақ: *ажар, дидар, көркі, рең, өң* сөздері *малдың* деген сөзбен неге тіркеске түспейді? Бұдан қандай қорытынды шығарамыз?

Оқушылар жауабы: синоним сөздер кез келген сөзбен тіркеске түспейді. Ажар, дидар, көркі, рең, өң, т.б. адамға қатысты сөздермен ғана тіркеседі.

III. Топпен жұмыс.

«Үш жігіт туралы хикая» атты әңгіме бойынша жұмыс. Оқушылар үш топқа бөлінеді.

«Үш жігіт туралы хикая» әңгімесін оқып танысамыз. Хикая не туралы екен? Алдыңа қойған мақсатқа қалай жетуге болады екен? Әр топтан бір оқушы шығып, мазмұнын немесе өз ойын ортаға салады.

I топтың жауабы: бірінші бөлімде үш жігіт бірін-бірі білмейді. Олар өлместің тауын іздеп шықты. Бірінші жігіт жолда жүре-жүре шаршайды. Бір сұлу қызға кездеседі. Сол сұлу қыздың қасында қалады.

I топ оқушыларына сұрақ: екінші, үшінші жігіт өз мақсатына жете ме, қалай ойлайсыңдар?

Жауап: олар өз мақсатына жетеді деп ойлаймыз.

II топтың жауабы: екінші жігіт жолда жүріп келе жатып шаршап, шөлдеп, тілі кеуіп кетеді. Оның алдынан бұлақ көрінеді. Бұлақтан су ішіп, рахаттанып, сол жерде қалып қояды. Бұл жігіт те өз мақсатына жете алмады. Ал, үшінші жігіт өз мақсатына жететін болар деп ойлаймыз.

Жалпы оқушыларға сұрақ: бірінші, екінші жігіт өз мақсатына неге жете алмады?

Жауап: олар жігерсіз, дәрменсіз, қайратсыз, шыдамсыз, жалқау, т.б.

Жалпы оқушыларға сұрақ: үшінші жігіт өз мақсатына жетті ме?

Жауап: ол жігерлі, қайратты, шыдамды, еңбекқор, т.б.

IV. Ой-толғаныс сатысы.

- Ал, балалар, сендер алдарыңа қандай мақсат қойдыңдар? Өскенде кім боласыңдар? Осы мақсатқа жету үшін не істейсіңдер?

«Кім болам?» атты шығарма жазайық. Шығарма жазған кезде синоним сөздерді пайдаланыңдар. Шығарма 5-6 сөйлемнен тұратын болсын.

Кейбір оқушылардың жазған шығармаларын оқимын.

Қандай синоним сөздерді пайдаланғанын сұраймын.

V. Сабақты қорытындылау.

Не білем?

Не білдім?

Не білгім келеді?

VI. Үйге тапсырма беріледі. VII. Бағалау.

СӨЗГЕ БАЙ ҚАРАПАЙЫМ ҚАНЫШ

Сабақтың мақсаты: білімділік – Қаныш Сәтбаевтың мінезінің қарапайымдылығын мәтін арқылы білу және тереңірек танысу, оқушылардың сөз байлығын молайту, ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру, ҰБТ-ға дайындау, жеке тұлғаның танымдық белсенділігін арттыру; **дамытушылық** – оқушылардың тіл байлығын, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – ұлы тұлғаның өмірі – үлгі-өнеге.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, кеспе қағаздар, «Айгөлек» журналы. **Әдісі:** жеке және топтық.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

Мұғалім сөзі: - Біз Қаныш Сәтбаевтың кім екенін білеміз, енді осы дәрежеге қалай жетті, қандай адамгершілік қасиеттері бар, өмірде қандай адам болғандығы туралы «Қарапайым адам еді» деген мәтіннен оқып білеміз. Бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы: «Сөзге бай қарапайым Қаныш». Біз мәтінмен жұмыстанамыз. Мәтінді оқи отырып пікірлесеміз, сұрақтарға жауап береміз, әр түрлі тапсырмалар орындаймыз.

Сөздікпен жұмыс. Жаңа сөздер:

Сыпайыгершілік – вежливость;

Қарапайым – скромный;

Жылы шырай – тепло;

Лауазым – титул;

Сарп ету, арнау – посвятить себя.

Жаңа сөздермен таныстыру үшін (интерактивті тақта) алдын ала дайындап қойған сөздерді біртіндеп көрсету әдісін пайдалану. Жаңа сөздермен сөз тіркестерін және сөйлем құрастыру. Сөз-сөз тіркесі-сөйлем.

2-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін мәтіннен тауып, аудару.

Мәтінмен жұмыс. Мұғалім мәтінді мәнерлеп оқытырып, оқушылармен пікірлеседі.

Қаныш аға – өз бойындағы барлық күшін, жігерін, табиғаттың ерекше берген ақылын адам үшін жұмсап кеткен адам. (Адам үшін жұмсағанын қайдан білеміз?)
Оқушылар ғалымның еңбектері туралы айтады.

Үлкен ағамыз жұрттың бәріне бірдей қарайтын. (Осы сөйлемнің мағынасын қалай түсініп отырсыңдар?)

Алдына көмек сұрап барған адамның бәрін жылы шыраймен қабылдап, қолынан келген жәрдемін беретін. (Егер сіздерден көмек сұраса, сіздер не істер едіңіздер?)

Қарағым, қандай лауазымға ие болсаң да, үш қасиеттен жаңылмағайсың: – еңбексүйгіштіктен, сыпайыгершіліктен, адамгершіліктен (қалай ойлайсыңдар, неге үш қасиетті алып отыр?)

...ол мәңгі жасамақ... (Қалай мәңгі жасамақ?)

«Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт. Ел бірлігін сақтаған татулықты айт» деген Жамбыл атамыздың қанатты сөзін ғалым ісіне сәйкес келтіруге бола ма? (Англияның үкімет басшысы Уинстон Черчилльмен кездесуі және т.б.)

Тапсырма: мәтіннің мазмұнын өз сөздеріңмен айтыңдар.

IV.Сабақты бекіту. Деңгейлік тапсырма.

III деңгей.

1. Етістік шақтары дегеніміз не? Мысал келтір.

2. №3 Сұраққа жауап бер. Қаныш аға қандай қасиеттерден жаңылма, есіңнен шығарма, еш уақытта ұмытпа дейді?

- Еңбексүйгіштік, сыпайыгершілік, адамгершілік.

3. Интерактивті тақтада қаламды қолданып жаттығу жұмысын орындау.

1. Көп нүктенің орнына керекті сөзді жаз.

Қандай ортада жүрсең де қандай лауазымға ие болсаң да, үш _____ жаңылма: еңбексүйгіштіктен, сыпайыгершіліктен, _____, - деп айтқаны бар еді.

Мен _____ жастарға сол _____ осы сөздерін қайталап айтар едім.

Керекті сөздер: бүгінгі, қасиеттен, адамгершіліктен, кісінің.

II деңгей.

1. Өткен шақ етістіктің жасалу жолдарын түсіндір.

2. Дұрыс жауабын көрсету үшін сүртіп, өшіру (дұрыс жауабын жасырып жазып қою керек). «Қаныш аға қандай адам?» деген сұраққа жауап жазу.

3. Сөйлемді аяқтау: 1. Қаныш Сәтбаев

2. Қаныш аға ... 3. Мен

I деңгей.

1. Мәтіннен өткен шақ тұлғасында тұрған етістіктерді тауып жаз.

2. Тірек-сызба арқылы шеңбердің ішіне керекті сөздерді жылжыту арқылы негізгі ойға назар аудар.

V. Қорытынды:

VI. Бағалау.

VII. Үй тапсырмасы: 113-бет. 5,7-тапсырма.



ЕТІСТІКТІ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Сабақтың мақсаты: білімдігі – оқушылардың етістіктерден алған білімін жинақтау; сөздік қорын байыту; дағдыларын қалыптастыру; Қазақстан мемлекеті туралы мәліметтер беру; **дамытушылық** – ой-өрісін, танымдық қабілетін, қазақша, орысша ауызекі сөйлеу дағдысын дамыту; **тәрбиелік** – Отанына деген сүйспеншілік сезімін ояту.

Көрнекіліктер: Қазақстан картасы, сөзжұмбақ, мақал-мәтелдер, компьютер, интерактивтік тақта. **Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті, география. **Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, оқу, аудару, блиц-турнир, ассоциация жазу.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Кезекшімен диалог. Топпен диалог.

II. Үй жұмысын тексеру:

1. Сөздік қорын тексеру.
2. Негізгі, туынды етістікті қайталап сұрау.

III. Жаңа сабақ. Эпиграф:

Өзіндікі Елің де,

Өзіндікі Жерің де.

Өзінді өзің еткен Бақ-

Тәуелсіздік төрінде! *(Иран-Ғайып)*

Оқушыларға сабақтың тақырыбын, мақсатын айту.

IV. Жаңа сөздерді меңгерту.

Қор – фонд , запас; Қабылдау – принять;

Мерей – репутация; Сайлау – избирать;

Мұнай – нефть; Ынтымақ – солидарность.

V. Мәтінмен жұмыс. «Тәуелсіз Қазақстан».

1. Мәтінді бөліп, мәнерлеп оқимыз.

2. Аударамыз.

3. Сұрақтарға жауап береміз:

А) Еліміз тәуелсіздікті қашан алды?

Ә) Тәуелсіздік халыққа не берді?



Б) Тәуелсіздіктің қандай белгілерін білесіңдер?

В) «Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын» деген

мақалды қалай түсінесіңдер?

VI. «Тәуелсіз Қазақстан» туралы жаңа мәліметтер беру:

(слайд бойынша)



VII. Жазбаша жұмыс (қиықша).

1. Мәтіннен етістіктің болымды, болымсыз түрін табындар.

2. Мәтіннен болымсыз етістік қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын көрсет.

3. Мына сөздермен сөйлем құрындар:

Бұл, Отанымыз, бар, бір, дүниеде, ғана, біздің.

VIII. Мақал-мәтелдер:

1. Отанды сүю отбасынан басталады.

2. Отан – елдің анасы, Ел – ердің анасы.

IX. Блиц-турнир.

1. Отан деген не?

2. Сендер қай елде тұрасындар?

3. Сенің Отаның қалай аталады?

4. Сен Қазақстан картасын білесің бе?

X. Ассоциация. «Тәуелсіз Қазақстан». Кластер.

Президент

Сары

Мемлекет


Көк

Шаңырақ

Қазбалар

Бай

Сәуле



Астана

Киелі

Шаңырақ

Егеменді

Ту, елтаңба

Пырақ

Жұлдыз

Дамыған

XI. Үйге: сөздерді жаттау, 1-тапсырма.



ЕСІМШЕДЕ – КҮЙШІ ДИНА

Сабақтың мақсаты: білімділік – өнер адамдары туралы оқушылардың білімдерін кеңейту, Дина Нұрпейісованың өмірі мен шығармалары туралы мәлімет беру, есімшенің жасалу жолдары көлемінде білім дағдыларын арттыру; **дамытушылық** – ауызекі сөйлеу дағдысын жетілдіру, оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – қазақ халқының тарихын, музыка жанрын, күйші-сазгерлер, олардың шығармаларын білуге, құрметтеуге, сүюге тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі-танымдық. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, баяндау, мәтінмен жұмыс, топтық жұмыс жасай отырып, тақырып мазмұнын ашу. **Көрнекілігі:** интерактивтік тақта, слайдтар. **Пәнаралық байланыс:** музыка, орыс тілі.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

3. Жаңа сабақтың мақсатын айту: Дина Нұрпейісова.

Есімшені қайталау.

- Дина туралы не білесіңдер?

- Керемет күйлерді дүниеге әкелген дана күйші туралы білімімізді тереңдете түсу мақсатында мәтінге назар аударайық.

4. Мәтінмен жұмыс.

А) Сөздік жұмысы:

қақпай еркін өсірген – воспитывал свободно;

зеректік – способность;

шаруа отбасында – в бедной семье;

қарапайым – простой;

ұсыну – вручить.

Сөздерді хормен оқытқызу, синоним, антонимдерін табу.

Ә) Мәтінді оқу.

Б) Топтық жұмыс: үш топтағы оқушылар тапсырмаларды орындайды. Динаның күйлері орындалады. Уақыт белгіленеді.

1	Мәтін бойынша сұрақтар құрастыру. «Әкесінің аты Кенже болған», морфологиялық талдау жасау.
2	Тірек-сызба құрастыру, әңгімелеу. «Өнер» сөзіне фонетикалық талдау жасау.
3	Мәтінге жоспар құрастыру. Сөйлем мүшелеріне талда: <i>Тоғыз жасында Құрманғазымен танысады.</i>

- Сонымен, балалар, Дина апамыз қандай күйші болған? (асқан шебер күйші, домбырашы болған).

- Күйлеріне кішкене тоқталайық. «Бұлбұл» деген күйін тыңдайық. Көз алдыңа не елестейді?

Ұлы Отан соғысы басталғанда, Дина ұлы майданға аттанар алдында «Ана бұйрығы» деген күй шығарады.

- «Жеңіс» деген күйді қашан шығарды, қалай ойлайсыңдар?

- Әр күйде бір тарих бар. Қазақ халқының ақындары мен композиторлары халықтың қайғысы мен қуанышы, дала басына түскен ауыр жағдайы туралы көптеген шығармаларды дүниеге әкелген. Дина апамыз Құрманғазы ұстазының домбырасын «киелі дүниедей сақтап», өмірінің соңғы күніне дейін қолынан тастамаған.

6. Қорытынды: Тест (6 сұрақ, 6-слайд).

1. Бұрынғы өткен шақ түріндегі есімшені тап:

а) жүзген; ә) жүзді; б) жүзбек; в) жүзер.

2. Есімше тұлғасындағы сөзді тап:

А) қарайын; ә) қарады; б) қарайтын; в) қарапты.

3. Есімшеге тән емес қатарды көрсет:

а) айтқан еді; ә) барғалы жүр;

б) көрмек болды; в) айтар ақылым.

4. Тәуелденіп тұрған есімшені тап:

а) оқығаным; ә) оқығанның; б) оқитын; в) оқығанмын.

5. Дина Нұрпейісованың ұстазы кім болған?

а) Жамбыл; ә) Дәулеткерей; б) Құрманғазы; в) Тәттімбет.

6. Туынды етістікті тап:

а) ақылдас; ә) қатысты; б) ашылды; в) сақталды.

7. Бағалау, сабақты қорытындылау.



Панеш СЕКЕНҚЫЗЫ,

Қарағанды қаласындағы

№54 жалпы орта білім

беретін мектептің мұғалімі.

ЖАҢА СӨЗ ҮЙРЕТКІШ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН

Сөздік:

Ұялы телефон – сотовый телефон;

Сөндіріп қою – выключить;

Кездейсоқ қоңырау – случайный звонок;

Ескерту – замечание;

Қымбат – дорого;

Арзан – дешево.

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- Сен ұялы телефонды пайдаланасың ба?
- Ұялы телефонды қай кездері пайдаланасың?
- Ұялы телефоныңның қандай қызметі бар?
- Қазіргі кезде ұялы телефонсыз өмір сүруге бола ма?

2-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Мен ұялы телефонды сабақ уақытында сөндіріп қоямын. Себебі кездейсоқ қоңырау түсуі мүмкін. Ондайда мұғалім ескерту жасайды.

Менің ұялы телефонымның фотоаппараты және бейнекамерасы бар. Әдемі сәттерді суретке түсіремін, бейнекамераға жазамын.

Телефонмен достарыма смс, ммс жіберемін. Ұялы телефонмен кейде интернетке кіремін. @ mail-ды жазып, өз «Әлеміме» де кіремін. Электронды поштамды тексеремін. Ұялы телефонның қызметі қымбат. Сондықтан мен ұзақ сөйлеспеймін. Жақында телефоныма агент орнаттым. Ал, агент арқылы сөйлескен арзан. Телефон арқылы достарымды кез келген жерден тауып аламын.

Ұялы телефонды ұзақ пайдалануға болмайды. Себебі оны ұзақ пайдалану уақытыңды алады, шаршатады. Уақыттың қалай өткенін байқамай қаласың.

3-тапсырма. Бос орынға сұрақтар қойып, өзара сөйлесіндер.

...?

Ұялы телефонды сабақ уақытында сөндіріп қою керек.

...?

Сабақ уақытында кездейсоқ қоңырау түсуі мүмкін.

...?

Қазіргі ұялы телефондардың фотоаппараты және бейнекамерасы бар.

...?

Ұялы телефонмен интернетке кіруге болады. @ mail — ды жазып, өз «Әлеміңе» де кіріп, электронды поштан

тексеруге болады.

...?

Телефоныма агент орнатып, агент арқылы сөйлескен арзанға түседі.

4-тапсырма. Жақшаның ішінен керекті сөздерді тауып, сөйлемдерді толықтырып жазыңдар.

Ұялы телефонды сабақ уақытында ... (қосып қоямын, сөндіріп қоямын). Ұялы телефонымның ... (принтері, сканері, фотоаппараты) бар. Әдемі сәттерді суретке ... (жазамын, түсіремін, бояймын). Телефонмен достарыма ... (кітап, смс, газет) жіберемін. Ұялы телефонмен ... (интернетке, мектепке, үйге) кіремін. Ұялы телефонның қызметі ... (арзан, қымбат). Ұялы телефонды ұзақ пайдалануға ... (болады, болмайды).

5-тапсырма. Мәтіннен мағынасы қарама-қарсы сөздерді, неологизм сөздерді теріп жазыңдар.

6-тапсырма. Диалогты қажетті сөздермен толықтырып, өзара сөйлесіңдер.

- Сен ұялы телефонды пайдаланасың ба?

- Иә, мен ...

- Сенің телефон ... қандай?

- Менің телефон нөмірім ...

- Маған қоңырау ...

7-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құра: *ұялы телефонды, жиі, мен, пайдаланамын; хабарласамын, арқылы, ұялы телефон, достарыммен.*

2-сабақ. Байланыс түрлері.

Сөздік:

Адамзат – человекество;

Ажырамас – неразлучный;

Қызмет көрсетеді – обслуживает;

Ерекшелік – особенность;

Пайда болу – появляться, образовываться;

Қамтамасыз етеді – обеспечивает.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгендерінді айтындар.


Қазіргі адамзат баласының бір елі ажырамас досына айналған қалта телефоны, яғни, ұялы байланыспен алыс пен жақынды байланыстырған Beeline, Aktiv, Kcell, Pathword, Dalacom, Tele 2 байланыс операторлары қызмет көрсетеді.

Бұл байланыс операторларының ең басты ерекшелігі - жоғары сапалы қызмет көрсету мен төмен бағалардың үйлесімі болып табылады.

Әр компания өзінің абоненттерінің қажеттіліктеріне әрқашанда мұқият қарайды.

Өз абоненттерін ұялы байланыстың қызметін пайдалану үшін ең қолайлы жағдаймен қамтамасыз етеді.

2-тапсырма. Сызба арқылы байланыс операторларының қызметі туралы жазу.



3-тапсырма. Диалогты оқып, өзара сөйлесiңдер.

- Сен ұялы телефонды пайдаланасың ба?
- Иә, мен ұялы телефонды пайдаланамын.
- Сен қандай байланыс түрін пайдаланасың?
- Мен Aktiv, Pathword байланыс түрлерін пайдаланамын.
- Сенің нөмірің қандай?
- Менің нөмірім 87016874124 , 87003541723
- Бұл байланыс түрлерінің қандай ерекшеліктері бар?
- Aktiv байланыс түрі қалада да, ауылда да сапалы қызмет

көрсетеді. Pathword байланыс түрінде желі ішінде сөйлесу өте арзан, бірақ ауылды жерде байланыс жоқ. Сондықтан екі байланыс түрін қолданамын.

4-тапсырма. Әр оператордың нөмірі қай саннан басталатынын жазыңдар.

Үлгі: актив – 8701... , 8702 ..., 8775...

5-тапсырма. Байланыс операторларының ерекшеліктерін жазыңдар.

Beeline	Aktiv	Pathword	Kcell	Tele 2

3-сабақ. SMS арқылы сөйлесу

Сөздік:

Ыңғайлы – удобно;

Құттықтау хаттар – поздравительные письма.

1-тапсырма. Диалогты оқыңдар. Өздерің диалог құрастырып, өзара сөйлесіңдер.

- Сен ұялы телефонның қандай қызметін жиі қолданасың?
- Мен ұялы телефон арқылы достарыммен хабарласамын.
- Достарыңмен SMS арқылы сөйлесесің бе?
- Иә, SMS арқылы сөйлесу өте ыңғайлы.
- Оған көп уақыт кетпей ме?
- Жоқ, уақыт көп кетпейді және SMS арқылы сөйлесу өте

арзан.

- SMS арқылы қай тілде сөйлесесің?
- Мен, көбінесе, қазақ тілінде сөйлесемін, ал Андрей досыма орысша жазамын.
- SMS арқылы құттықтау хаттар жазасың ба?
- Әрине, мерекелерде, туған күнге байланысты туған-туыстарымды, достарымды SMS арқылы құттықтап отырамын.
- SMS арқылы хабарласудың қандай пайдасы бар?

- Біріншіден, сауатты жазуға дағдыланасың, екіншіден, арзан.

2-тапсырма. Әңгімелесушімен келіспей, өз ойыңды білдір.

- Сен ұялы телефонды жиі пайдаланасың ба?

- Жоқ, мен

- Сен ұялы телефонды сабақ уақытында қосып қоясың ба?

- ...

- Сен СМС арқылы сөйлеспей, көбінесе, қоңырау шаласың ба?

- ...

- 1000 бірлік 200 теңге тұрады ма?

- ...

- Сен ұялы телефонмен ән тыңдайсың ба?

- ...

- Сен актив байланыс түрін пайдаланасың ба?

- ...

Жағдаяттық тапсырма.

1. Ертең досыңның туған күні. СМС арқылы құттықтау жазып жолда.

2. Ұялы телефондағы агент арқылы ертең неше сабақ және қандай сабақтар бар, олардан не бергенін сұрап, жауап жазыңдар.

3-тапсырма. Берілген сөздерге антонимдер жазыңдар.

Ыңғайлы –

Арзан –

Пайдасы –

Дос –

4-сабақ. Телефонмен сөйлесу әдебі.

Сөздік:

Телефонда тұрған менмін – по телефону говорю я;

Шатастырып алу – перепутать;

Сөздің сипаты – характер слова;

Сөйлеу мәдениеті – культура речи;

Әдепсіздік – неучтивость, невежливость.

1-тапсырма. Диалогты оқындар. Өздерің диалог құрастырып, өзара сөйлесіндер.

- Алло! Сәлеметсіз бе?

- Иә! Сәлеметсіз бе? Сізге кім керек еді?

- Бұл сөйлеп тұрған Мақпал ғой, Әсемгүл бар ма екен?

- Қазір күте тұрыңыз.

- Алло! Мақпал, сені тыңдап тұрмын.

- Әсемгүл, кітапханаға қай уақытта барамыз?

- Ертең сағат 10-да аялдамада кездесейік.

- Жақсы, сау бол!

- Сау бол!

2-тапсырма. Тірек сөздер мен сөз тіркестерін қолданып, сұхбат құрастырындар. Өзара сөйлесіндер.

Телефонда тұрған менмін, сенімен сөйлесуім керек, шақырып жіберіңізші, шатастырып алу, кешіріңіз, оқасы жоқ, телефон бос емес.

3-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгендерінді айтындар.

Сөйлеу әдебі.

Әр адамның өз сөйлеу мәнері, сөз саптау ерекшелігі болады. Дегенмен, сөйлескенде адам мынадай қарапайым нәрселерді бойда қалыптастырғаны дұрыс.

1. Сөйлеген кезде әр сөздің айтылу заңдылықтарын сақтап, мағынасына орай сөйлемде дұрыс қолдануға дағдылану керек.

2. Сөйлесіп отырғанда, пікіріңді айтқанда қолды сермеуге, қатты күлуге, бет-ауызды қатты қимылдатып, жөні жоқ қисандата беруге болмайды.

3. Өзің туралы көп айта беру, барлық сөзді өзің бастау – ол да әдепсіздікті көрсетеді.

4. Білмейтінің жөнінде айтпа, өзің түсінбейтін сөздерді

қолданба.

Аса қызынып, тез сөйлесудің көп жағдайда қажеті жоқ. Егер сөйлесіп отырған адам қатты сөйлесе, одан да қатты айғайлап сөйлесуге тырыспау керек (М.Балақаев).

4-тапсырма. Жақшаның ішінен керекті сөздерді тауып, сөйлемдерді толықтырып жазындар.

Сөйлеген кезде әр сөздің айтылу заңдылықтарын. . . (сақтамай,сақтап), мағынасына орай сөйлемде. . . (дұрыс, бұрыс) қолдануға дағдылану керек.

Сөйлесіп отырғанда, пікіріңді айтқанда қатты күлуге . . . (болады, болмайды).

Өзің туралы көп айта беру, барлық сөзді өзің бастау – ол да . . . (әдептілікті, әдепсіздікті) көрсетеді.

Білмейтінің жөнінде . . . (айт, айтпа), өзің түсінбейтін сөздерді (қолдан, қолданба).

Жағдаяттық тапсырма.

Қатысушылар: оқушы және сабаққа келмеген сыныптасы.

Тапсырма. Оқушыға:Сабаққа келмеген сыныптасыңның ұялы телефонына қоңырау шалып, келмеген себебін біл.

Сабаққа келмеген оқушыға: сабаққа келмеген себебіңді айт.

5-сабақ. Қалта телефонының пайдасы мен зияны.

Сөздік:

Ақпараттық жүйе – система информации;

Үнемі – постоянно;

Пайыз – процент;

Еркін – свободно.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгендеріңді айтындар.

Қазіргі таңда ақпараттық жүйенің дамыған кезі болғандықтан, адамдар техникалық құралдарды үнемі пайдалануда. Соның бір кішкене бөлігі бұл – ұялы телефон. Ұялы телефон арқылы үлкен ара қашықтықтан сымсыз

хабарласып, хат алмасуға болады. Ұялы телефон қазіргі заман адамдарының 80-90 пайызының өте қажет құралы болып табылады. Сол сияқты біздің де өмірімізде ұялы телефон — басты маңызды заттардың бірі болып табылады. Біз бұл құрал арқылы қалаған адамымызбен қай жерде болмасын еркін байланысып, жағдай сұраса аламыз, сондықтан ол біздің өмірімізде үлкен рөл атқарады.

Ұялы телефонды, көбінесе, сөйлесуге емес, қазір интернет, веб сайттарға, чат агенттерге кіру үшін пайдалануға болады.

Ұялы телефонның пайдасы зор, бірақ зияны да аз емес.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер:

Ұялы телефонның ерекшелігі қандай?

Ұялы телефон қызметі туралы не білесің?

Сен бірнеше күн ұялы телефонсыз жүре аласың ба?

Ұялы телефонның қандай пайдасы бар?

Ұялы телефонның қандай зияны бар?

3-тапсырма. Тірек сөздер мен сөз тіркестерін қолданып, сұхбат құрастырыңдар. Өзара сөйлесіңдер.

Денсаулыққа қауіпті, бірлік, радиациялық кері әсері, ретсіз мазалау, кездейсоқ қоңырау, қуаты, өшіп қалу, белгісіз нөмір, музыка тыңдаудың шектен тыс әсері.

4-тапсырма. Кестені толықтырыңдар.

Ұялы телефонның пайдасы	Ұялы телефонның зияны

5-тапсырма. Берілген сөздерге антонимдер жазыңдар.

кіру –

өшіру –

пайдасы –

көп –

үлкен –

6-тапсырма. Берілген сөздерге синонимдер жазындар.

қашық –

хабар –

маңызды –

еркін –

пайдалану –

6-сабақ. Жарнама. Телефон дүкенінде.

Сөздік:

Шолғыш – браузер;

қызмет түрлері – виды функции;

жеңілдік – скидка.

1-тапсырма. Берілген сұхбатты оқып, өзара сөйлесіндер.

Сатып алушы: - Сәлеметсіз бе!

Сатушы: - Сәлеметсіз бе! Сізге менің көмегім керек пе?

Сатып алушы: - Иә, мен ұялы телефон сатып алайын деп едім.

Сатушы: - Сізге қандай ұялы телефон керек?

Сатып алушы: - Маған NOKIA маркасының телефоны керек.

Сатушы: - Таңдауыңыз тамаша, NOKIA маркасының телефоны өте көп, таңдаңыз.

Сатып алушы: - NOKIA X2-00 маркасын көрсетсеңіз.

Сатушы: - NOKIA X2-00 маркасы жоғары сапалы телефон, күнделікті байланыста пайдалануға өте қолайлы.

Сатып алушы: - Бұл телефонда қандай қызмет түрлері бар?

Сатушы: - Фотоаппарат және бейнекамерасы бар, медиаплеер, FM радиосы, Bluetooth байланысы бар.

Сатып алушы: - Бұл телефонмен интернетке қосыла аламын ба?

Сатушы: - Иә, телефоныңыздың шолғышын пайдаланып, әр түрлі интернет қызметтерін пайдалана аласыз.

Сатып алушы: - Бұл телефон қанша тұрады?

Сатушы: - Қазіргі маусымда телефонның NOKIA X2-00 маркасы 20% жеңілдік акциясы бойынша сатылымда. Акциямен есептегенде бағасы 14 000 теңге болады.

Сатып алушы: - Жақсы, міне, алыңыз.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- Сен ұялы телефоныңды қайдан сатып алдың?

- Сенің ұялы телефоныңның маркасы қандай?

- Телефоныңда қандай қызмет түрлері бар?

- Сенің телефоның қанша тұрады?

3-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңдар, синтаксистік талдау жасаңдар.

Мен «Техника әлемі» дүкенінен өзіме

Менің телефонымның маркасы

Менің ұялы телефонымның . . . ,

Мен билайн байланыс түрін . . . , менің нөмірім . . .

Туған-туыстарымды, достарымды мерекемен құттықтап,

.

4-тапсырма. Етістіктерді үш шақта жіктендер.

Үлгі: сатып алдым, сатып аламын, сатып алмақпын.

Көру, түсіру, жазу, сыйлау.

5-тапсырма. Өз ұялы телефондарыңның маркасы туралы жарнама дайындаңдар. Телефондарыңда қандай қызмет түрлері бар екенін айтыңдар.

7-сабақ. Нәтиже сабақ. «Қалта телефон».

1. «Ұялы телефон адамға не үшін керек?» деген сұраққа жазбаша жауап беріңдер.


2. Кестені пайдаланып, сөйлем құрастырыңдар.

Мен адамдармен	Телефон Факс Электронную почту Интернет Письма	арқылы байланыс жасаймын.
Ұялы телефон арқылы	Отправить картинку Свободно поговорить Поздравить с праздником, с днем рождения Фотографировать	болады.

3. Берілген сөздерді қатыстырып, сөз тіркесін құраңдар:
қызықты, күнделікті, қымбат, күрделі.

4. Сызбаны толықтырыңдар.

Етістіктің шақтары



5. Берілген етістіктерді келер шақта жіктендер, сөйлем құрастырыңдар: *сатып алу, түсіремін.*

6. Ұялы телефонның пайдасы мен зияны туралы шағын әңгіме жазыңдар.

7. Ұялы телефон тақырыбына байланысты неологизм сөздерді теріп жазыңдар.



ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ

Беліндегі телефоның ұялы
Саған мінсіз қызыметін істейді.
Тәнті етеді ғажап ұшқыр қиялы,
Күндіз-түні қолыңыздан түспейді.

Алмагүл НҰРТАЗАҚЫЗЫ,
Орал қаласындағы
№14 жалпы орта білім беретін
мектептің мұғалімі.

ШЕШЕНДІККЕ БАУЛЫҒАН ШОҚАН

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақтың тұңғыш зерттеуші ғалымы Шоқанның өмірі мен еңбектері туралы кеңінен мағлұмат беру; **дамытушылық** – оқушылардың дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын байыту, ауызекі дағдыларын дамыту, шығармашылықпен жұмыстандыру; **тәрбиелік** – ғалымның өмір жолын үлгі етуге, білімге, өнерге, еңбексүйгіштікке талаптандыру.

Әдісі: әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойландыру, іздендіру, шығармашылық. **Көрнекілігі:** слайдтар, буклет, кітап-журналдар, карта. **Пәнаралық байланыс:** география, сурет, орыс әдебиеті.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Оқушылармен амандасу, сабаққа бейімдеу.
2. Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

1. Мұғалім Шоқанның өмірінен қысқаша мәлімет келтіреді.

2. Оқулықтағы мәтінмен жұмыс.

А) Мәтінді мәнерлеп оқу.

Ә) Сөздік жұмысы:

Естелік – воспоминание;

Толықтыра түсті – дополнил;

Айырылмастай – неразлучные;

Құмарта – с удовольствием;

Испеттес – подобный, наподобие.

Б) Жаңа сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдер құру:
естеліктер жазған, саяхатқа шықты, дарынды бала, құмарта тыңдады. Серік саяхатқа шыққанды ұнатады. Әжемнің әңгімесін құмарта тыңдаймын. Сәуле мен Шынар айырылмастай достар.

В) Мәтіннен маңызды сөйлемдерді тауып оқу немесе әңгімелеу.

3. Оқушылардың дайындаған шығармашылық жұмыстарын тыңдау.

А) Шоқан – әдебиет зерттеуші.

Ә) Тарихшы, саяхатшы – Шоқан (Шоқанның саяхат жасаған жерлері, ғылыми еңбектері).

Б) Шоқанның суретшілік өнері.

4. Ұқсастық пен даралық (Венн диаграммасы).

Әл Фараби мен Шоқанның ұқсастығы:

1. Қазақтың ұлы ғалымы.

2. Білімді, өнерлі, еңбексүйгіш.

3. Әр түрлі тақырыпта ғылыми еңбектер жазды.

4. Екеуі де өнерді сүйді.

Әл Фараби мен Шоқанның айырмашылықтары:

1. Әл Фараби IX ғасырда, Шоқан XIX ғасырда өмір сүрген.

2. Әл Фараби – күйші, Шоқан – суретші.

5. Топтық, деңгейлік тапсырмалар:

I топ: хронологиялық кестені толтыру (интерактивті тақтамен жұмыс)

Қашан?	Қандай оқиға болды?
1835	Ш.Уәлиханов дүниеге келді.
1847-1853	Омбыдағы кадет корпусында оқыды.
1855	Орталық Қазақстанды аралайды.

1856	Қырғыздардан «Манас» жырын жазып алады.
1865	Алтынемелде қайтыс болады.

II топ. Шоқан – Кадет корпусы – зерттеуші (осы арқылы сұрақ-жауап құрастыру).

1. Шоқан Кадет корпусын неше жасында бітірді?
2. Шоқанның достары кім?
3. Шоқанға ұқсайтын орыс жазушысын білесің бе?
4. Шоқанның ғылыммен айналысуына кім ықпал етті?
5. Кадет корпусында қандай пәндерді оқыды?

IV. Сабақты бекіту.

1. Топтастыру (интерактивті тақтамен жұмыс)

А) Шоқан кім? Шоқан – ғалым, әдебиет зерттеуші, тарихшы, саяхатшы, суретші, Абылай ханның шөбересі.

Ә) Шоқан не істеді? Шоқан Батыс әдебиетін, мәдениетін, тарихын меңгерді. Шоқан – Орталық Қазақстанға, Қашқарияға, Ыстықкөлге, Қытайға саяхат жасады. Шоқан – әдеби, ғылыми, географиялық зерттеулер жазды. Шоқан жүріп өткен жерлерінің топографиялық картасын жасады, суретін салды, орыс географиялық қоғамына мүше болды, сот реформасын дайындауға қатысты.

Б) Шоқанға мінездеме беру: білімді, зерек, өнерлі, жан-жақты, еңбекқор.

2. Мақалдармен жұмыс.

-Бүгінгі сабаққа қатысты мақалдарды еске түсірейік. (Оқушылар өнер, білім туралы білетін мақалдарын айтады).

V. Үйге тапсырма: 1. Шоқан туралы оқу, іздену;

2. Ш.Уәлихановтың сөзін жаттау.

VI. Оқушыларды бағалау.



ШЕШЕНДІККЕ БАУЛЫҒАН ШОҚАН

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1. Шоқан Уәлиханов туралы оқушылардың білімдерін кеңейту; сабақтас құрмалас сөйлем тақырыбы көлемінде оқушылардың білім дағдыларын арттыру; 2. Оқушылардың танымдық белсенділігін, қазақ тіліне қызығушылығын арттыру; 3. Оқушыларды білімге, ғылымға баулу.

Жұмыс түрлері: фронтальдық, жеке, топтық, өздік. **Әдісі:** СТО технологиясы, модульдік оқыту технологиясы. **Әдіс-**

тәсілдер: «тұлғаны танып біл» техникасы, синтаксистік диктант, «мәтін бөліктері» техникасы, «Кім жылдам?» ойыны, графикалық диктант, «сөйлемдерді өзгертіңдер», «Толықтыр» тапсырмалары.

Құрал-жабдықтар: А.Байтұрсыновтың, Шоқанның портреттері, «салалас», «сабақтас» сөздері жазылған парақтар, оқулық.

Пәнаралық байланыс: география, тарих, әдебиет.

Сабақтың барысы.

1-кезең.

1. Ұйымдастыру бөлімі.

2. Өткен тақырыптарды тексеру.

а/ «Тұлғаны танып біл» техникасы арқылы өткен тақырыпты қайталаймыз.

Оқушыларға А.Байтұрсыновтың портреті ұсынылады. Олар тұлғаның аты-жөнін, оған байланысты оқиғаларды, ол туралы мәліметті ауызша айтады.

ә/ Синтаксистік диктант.

Қойылған сұрақтарға оқушылар бір сөзбен жауап беруге тиіс.

1. Екі немесе одан да көп жай сөйлемнен құралған сөйлем.
2. Құрамындағы сөйлемдерінің баяндауыштары тиянақты

түрде болады.

3. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің алдыңғысы соңғысының себебін білдіретін сөйлем?

4. Мезгіл, себеп, мекенді білдіретін сөйлем мүшесі?

5. Тура толықтауыш қай септікті талап етеді?

6. Құрамындағы жай сөйлемдердің алғашқысы тиянақсыз болып, соңғысына бағына байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі?

Сабақтың мақсатын қою.

2-кезең. Жаңа тақырыпты меңгерту.

а/ Шоқан Уәлиханов туралы оқушылардың білім деңгейлерін анықтау мақсатында insert кестесінің бірінші, екінші бағаналарын толтыру.

Білемін	Білгім келеді	Білдім

ә/ Мәтінмен жұмыс: оқу; сөздік жұмысын жүргізу; жоспар құру; «мәтін бөліктері» техникасы арқылы мазмұнын анықтау. Сынып 4 топқа бөлінеді. Оларға «кіріспе», «негізгі», «қорытынды», «сенім» сөздері жазылған парақтар ұсынылады. «Кіріспе» тобы мәтіннің кіріспе бөлігін, «негізгі» - мәтіннің негізгі бөлігін, «қорытынды» - қорытынды бөлігін мазмұндайды, ал «сенім» тобына сенім білдіріледі, олар жауап бермейді.

б/ «Кім жылдам?» ойыны арқылы салалас пен сабақтас құрмалас сөйлемдерді қайталау. Әр оқушыға екі түрлі қағаз беріледі. Бірінде «салалас», екіншісінде «сабақтас» деп жазылған. Сөйлемдер оқылғанда қағаздың бірін жоғары көтеру керек. Кім дұрыс, жаңылыспай жауап берсе, сол жеңімпаз болып есептеледі.

1. Біресе кітап оқиды, біресе хат жазады.

2. Шоқан «Манас» дастанын тұңғыш рет орыс тіліне аударып, толық әдеби талдау жасады.

3. Ол қазақ поэзиясының өлең құрылысын зерттей келе, оны орыс ғалымдарына таныстырды.

4. Білімі жағынан Шоқан тез өсті, орыс жолдастарынан озып отырды.

5. Шоқан Кадет корпусында оқып жүргенде саяхатшылардың өміріне қызығушылықпен қарады.

6. Шоқан Омбыға барады, Сібір қазақтары үшін жасалып жатқан сот реформасына қатысты.

3-кезең. Өздік жұмысы.

а/ «Сөйлемдерді өзгертіндер» тапсырмасы. Берілген салалас құрмалас сөйлемдерді сабақтас сөйлемге айналдырып жазу. Тұрлаулы сөйлем мүшелерінің астын сызу.

1. Ш.Уәлихановтың зерттеу еңбектері Петербург ғалымдарының назарын аударды, құнды ықылас-ілтипаттарына ие болды.

2. Шоқан орыс тілді тез меңгерді және ол өзі қатарлас оқушылардан озық оқыды.

3. Шоқан сайлауда жеңді, бірақ Сібір әкімшілігі оны бекітпеді.

ә/ Графикалық диктант. Берілген сөйлемдерді шартты түрде дәптерге түсіру.

1. Петербургте Шоқан достарын кездестіреді және орыс ғалымы А.Бекетовпен танысады.

2. 1861 жылы ол Атбасар уезіне аға сұлтан сайлауына қатысты және ол көпшілік дауысын алды.

б/ «Толықтыр» тапсырмасы. Жартылай берілген сөйлемдерді толықтырып жазыңдар. Басыңқы мен бағыныңқылы сөйлемдерді белгілеңдер.

1. Шоқан Қырғыз елін зерттеу үшін, ...

2. Ол болашақ саяхатшы Г.Потанинмен бірге оқып, ...

3. ..., Омбыда әскери қызметке қалды.

Қорытындылау. Бағалау.

а/ insert кестесінің үшінші бағанасын толтыру.

ә/ Шоқан сөзімен бес жол өлең жазу.

Үй тапсырмасы: 2-деңгей, 2-тапсырма. Мәтіннен сабақтас құрмалас сөйлемдерді теріп жазу.

Жанар ҚАЗЕЗҚЫЗЫ,
Лавровка орта мектебінің
мұғалімі.

Солтүстік Қазақстан облысы,
Айыртау ауданы.

ТІЛ МЕН СПОРТ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР

(7-сынып)


A1-деңгей: 1. Сөздерді орыс тіліне аударыңдар: *физкультура, полезно для здоровья, занимаюсь спортом, закаляюсь, люблю играть в хоккей, катаюсь на коньках, борьба, конный спорт, национальные игры.*

2. Берілген сөздермен сөз тіркестерін жасаңдар: *коньки, шаңғы, футбол, волейбол, спорт, шынықтыру, денсаулық, байлық, тоғыз құмалақ, жарысу, жеңілу, жүгіру, секіру.*

A2-деңгей: 1. Берілген сөз тіркестерін, сөйлемдерді аударыңдар: *мен жүгіремін, ол жаттығу жасайды, Саша футболды жақсы көреді, Алена коньки тебеді, теледидардан спорт ойындарын көремін, мектепте ылғи жарыс өтеді.*

2. Мектеп спортзалында нелер бар, онда оқушылар қандай жаттығулар жасайды? /әңгімелеу/.

A1-A2 деңгейлерге 3-тапсырма: Венн диаграммасын толтыру.



В1-деңгей: 1. Етістіктің жалғауларын толықтыр. Мен жүгір-е-....., ол секір-е-....., біз коньки теб-е-....., кеше хоккей ойна-ды-....., күнде таңертең жаттығу жаса-й-....., ол денені шынықтыр-а-....., досыммен күрес-е-..... .


2. Қазақтың ұлттық ойындары туралы әңгімелеу.

В2-деңгей: 1. Олимпиада ойындары туралы не білесің?

2. Менің сүйікті спортшым.....

/толықтырып жаз/.

В1-В2 деңгейлерге 3-тапсырма: Венн диаграммасын толтыру.




С1-деңгей: 1. Қажымұқан Мұңайтпасов....., Жақсылық Үшкемпіров....., Серік Қонақбаев....., Бекзат Саттарханов....., Ермахан Ыбырайымов....., Бақтияр Артаев....., Александр Винокуров....., Ольга Шишигина.... /көп нүктенің орнына спорттың түрлерін жаз/.

2. Әлемге танымал спортшылар туралы айтып бер.

С2-деңгей: 1. Жақсылық Үшкемпіров туралы не білесің?

2. «Қазақстан мерейін өсірген спорт» тақырыбына шағын эссе жаз.

С1-С2 деңгейлерге 3-тапсырма: Венн диаграммасын толтыру.



Қосымша тапсырмалар: /кеспе қағаздар/.

A1-A2 деңгейлерге:

№	Спорт түрлері	Заттары, бұйымдары	Адамдар не істейді?
1.	Футбол	доп, қақпа	ойнайды, допты қақпаға тебеді, жүгіреді, т.б.
2.	т.б.		

B1-деңгейге:

Болымды, болымсыз етістіктермен жұмыс жасау.

№	Спорт түрлері	Ұлттық спорт түрлері	Болымды, болымсыз етістіктер.
1.	Теннис	Қазақша күрес	Ойнайды-ойнамайды, күреседі-күреспейді.
2.	т.б.		

B2-деңгейге:

Спортзалда «Кім тез, жылдам?!»

№	Спортзалда нелер бар?	Спортзалда оқушылар не істейді?	Спортзал қандай, қайда орналасқан?
1.			
2.			

C1-C2 деңгейлерге:

Қазақстан спортшылары туралы мәлімет бер.

№	Спортшының аты-жөні.	Спорт түрі	Қай жарыстың жеңімпазы	Жарыс өткізілген жыл.	Жарыс өткізілген қала


Қазақтың жылқы малына байланысты ұлттық ойындары.

/ойындардың ерекшеліктері бойынша сұхбат құрастыру/.



Олимпиада ойындары бойынша сұрақтар:

1. Ежелгі олимпиада ойындары қай елде пайда болған? / Ежелгі Грекияда 776 жылы, содан кейін Афинада пайда болған/.
2. Олимпиада ойындары басталарда не жағылады? /Олимпиада алауы жағылады/.
3. Олимпиаданың негізгі белгісі не? /негізгі белгісі - бес шығыршық/.
4. Бес шығыршық ненің белгісі? /адамдар мекен ететін бес құрлықтың белгісі/.



5. «Медеу мұз айдыны» туралы айтып бер.
6. «Азиада» ойындары 2011 жылы қайда өтті және қандай қысқы ойындары өткізілді?
7. «Азиада» ойындарының символы туралы білесің бе?

Көп нүктенің орнына тиісті төл дыбыстарды қойып жаз.

К...рес,аза..ша күрес, б...йге, к...кпар, ар...ан тарту, қыз ...уу, то...ыз..ұмалақ, те..ге алу, аударыспа..., жаяу жар..с, қол к...рес, до...бы,

Мақал-мәтелдердің сыңарын тауып жаз.

- | | |
|----------------------------------|-------------------|
| Денсаулық – | денсаулық кепілі. |
| Тәні саудың – | егіз. |
| Денің сау болса, жарлымын деме – | жаны сау. |
| Еңбек пен бақыт – | зор байлық. |

Жамандық пайда етпейді –

жолдасың көп болса,

жалғызбын деме.

Спорт –

жақсылық зая кетпейді.

Антонимдер	Синонимдер	Омонимдер
Барады-бармайды	Жақсы, онды, тәуір.	Бас, қас, шаш, қара

Берілген сөздіктерді өрбітіп жазу.

Мысалы: футбол – футбол ойнау – футбол ойнаймын.

Мәнерлеп сырғанау – фигурное катание;

Шайбалы хоккей- хоккей с шайбой;

Тау шаңғысы – горные лыжи;

Допты хоккей – хоккей с мячом;

Коньки тебу спорты – конькобежный спорт;

Трамплиннен шаңғымен секіру – прыжок с трамплина.

A1-A2. Берілген сурет бойынша сөз тіркесін жаса.




B1-B2. Сурет бойынша сұхбат құрастыр.



C1 деңгейге: сурет бойынша 6 сөйлем құрастыр.





Қазақстан мерейін өсірген спорт

Қазір Қазақстанда спорттың барлық түрі дамыған. Көптеген ұлттық спорт ойындары бар. Оның ішінде көбірек өткізілетіндері – бәйге, көкпар, қазақша күрес, аударыспақ.

Тәуелсіз Қазақстан 1994 жылы Дүниежүзілік Олимпиада Комитетінің мүшесі болды. Қазақстандық спортшылар әр түрлі жарыстарда өте жақсы көрсеткіштерге жетіп келеді.

Біздің команда қысқы Наганада өткен олимпиадалық ойында 100 команда арасында 11-орынды жеңіп алды. Атлантада біз 180 команданың ішінен 26-орын алдық.

Сиднейдегі спортшыларымыздың жеңісі Қазақстанға даңқ әкелді.

Спорттың көптеген түрлерінен әлемге танылған спортшылар аз емес. Мысалы, боксшы Серік Қонақбаевтың шеберлігін дүниежүзі мойындады. Жақсылық Үшкемпіров – күрестен олимпиада жеңімпазы. Дәулет Тұрлыханов – әлемнің екі дүркін жеңімпазы, балуан. Бекзат Саттарханов-Сидней олимпиадасының жеңімпазы.

/ «Алматы ақшамы» газетінен/.

Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Мәтінді түсініп оқу, аудару.
2. Мәтінге жоспар құрастыру.
3. Мәтін бойынша сұхбаттасу, сұрақтар дайындау.
4. Мәтінді мазмұндау.

Ойды жалғастырыңдар:

Ұлттық спорт ойындарына.....

Мектебімізде мынадай спорт секциялары.....

Менің сүйікті спортшыларым.....

№	Спортшының аты-жөні	Спорт түрі	Қай жарыстың жеңімпазы	Жарыс өткізілген жыл	Жарыс өткізілген қала

Денсаулық – басты байлық, денсаулығыңды шыңда.

Адам өмірін ұзарту мүмкін бе? Белгілі гигиеналық, емдәм ережелерін сақтап, өмірді ұзартуға болады. Бұған әрбір адам міндетті. Денсаулық әркімнің өзі үшін, оның отбасы және елі, халқы үшін де қажет. Мен әр адам 120 жыл, одан да көп өмір сүруге хақылы, міндетті дер едім. Денсаулықты сатып ала алмайсың. Оны тек өзіңнің тынымсыз еңбегің арқылы ғана табасың. Тек табанды еңбек арқасында қайратты боласың, ұзақ жасайсың, сарқылмас денсаулықтың қызығын көресің. Мәселен, мен өз өмірімнің саулығын өзім жасадым. Жылдың 365 күнінде мен түгелдей саумын. Ауру, шаршау дегенді атымен білмеймін. Суға шомылғанды жақсы көремін. Тауға жиі серуенге шығамын. Билегенді өте ұнатамын. Осындай нәтижеге сіз де жете аласыз.

/Поль Брэгг/.

Түсініктеме: Поль Брэгг- АҚШ азаматы. Ол 95 жыл қызу еңбекке толы, белсенді, қызықты өмір сүрген. «Ашығудың ғажайыбы» деген кітаптың авторы. 1978 жылы Флорида жағалауында мұхит үстінде апатқа ұшырап, қайтыс болған.

1. Сенің денсаулығың жақсы ма?
2. Адам өз өмірін ұзартпа алады дегенге сенесің бе?
3. Отбасы мүшелері таңертеңгілік жаттығу, сумен шынығу немесе басқа да дене шынықтыру түрлерімен айналыса ма?

A1-A2 деңгейлер: Берілген сөздердің антонимдерін

жазындар:

Ұзарту –

Қайратты –

Тынымсыз –

Сау –

Жақсы көру –

Жиі –

диалог құраңдар:

Денсаулықты қалай сақтауға болады?

Апай, менің тісім ауырған емес.

Мен аяғымды ауыртып алдым.

С1-С2 деңгейлер: Ойды жалғастырыңдар:

Адам денсаулығына пайдалы жеміс-жидектер –

Адам ағзасына зиянды тағамдар –

Қазіргі жеміс-жидектердің құрамында бар зиянды химиялық элементтер –

ДӘРІГЕР – ЖАҚСЫ МАМАНДЫҚ

Дәрігер адамдарды жақсы көруге әрі мейірбан жүректі болуға тиісті. Өйткені, науқастың ауруын жеңілдету, оны емдеу – дәрігердің бірден-бір борышы.

Дәрігер білімді, батыл әрі шыдамды болуға тиіс. Ол нендей жұқпалы ауру болса да, емдеуге баруға міндетті. Ауруды жұқтырып алу қаупін білсе де, өз еркімен саналы түрде, сырқатын қарап емдейді. Оларды түн демей, күн демей, науқас адамға шақырады. Басқа дәрігер болмай қалса, ол өзінің ауырғанына қарамастан, шақыруға барады. Неғұрлым жылдам жетіп, жедел жәрдем көрсетуге міндетті.

/ «Ол кім? Бұл не?» кітабынан/.

1. Дәрігер қандай болу керек?
2. Қандай кездерде ол адамдарға көмектесуге міндетті?
3. Ол адамдарды қалай емдеуі керек?
4. Сен өзің дәрігер болғың келе ме?

Мәтін бойынша тапсырмалар:

- | | |
|--------------------------------------|-------|
| 1. Мәтінді оқу, аудару. | A1-A2 |
| 2. Мәтінді аудару, жоспар құрастыру. | B1 |
| 3. Мәтін бойынша сұхбаттасу. | B2 |
| 4. Мәтінді мазмұндау. | C1-C2 |

ДӘРІГЕРЛЕР

Кірпік қақсаң үзілердей гүл шырын,

Алмайсыңдар ай, аптада бір тыным.

Аққу құстай балапанын қорыған
Сақтайсыңдар адамдардың өмірін.

Дәрігерлер, дәрігерлер, дәрігер....

Жедел жәрдем бере гөр.

Ақ халаттың арасынан көрінсең,

Аулақ жүрер ауру деген әбігер. /К.Салықов/.

Кәкімбек Салықовтың өлеңін жаттап алыңдар.

ЖУСАН – ДӘРІЛІК ӨСІМДІК

Жусан – көп жылдық шөптесін өсімдік. Оның құрамында қоректік заттар көп, эфир майы бар. Ол, әсіресе, қой, ешкінің жақсы азығы. Оны басқа малдар да жейді. Жусан кебірсіген топырақтың бетін жел үрлеп кетуден сақтайды, қыста қар ұстайды.

Ермен мен дермене де жусанның түрлері болып табылады. Ерменнің биіктігі кейде екі метрге дейін жетеді. Ол медицинада бұрыннан қолданылып келеді. Ал дермене Қазақстанның оңтүстігіндегі шөлді өңірлерде өседі. Орта Азияда да кездеседі. Оңтүстік облысында оны қолдан өсіретін дермене шаруашылығы бар. Дерменеден кейбір іш ауруларына қарсы қолданылатын сантонин дәрісі жасалады, медицинада, парфюмерияда пайдаланылатын эфир майы алынады. /«Қазақ календарынан»/.

1. Жусанның қанша түрі бар?
2. Жусан қандай жерлерде өседі?
3. Ол қай малдардың азығы?
4. Тағы қандай өсімдіктер жусанның түріне жатады?
5. Жусанның қандай емдік қасиеттері бар?
6. Дермене қай облыста кездеседі?

ДӘРІГЕРДІҢ ҚАБЫЛДАУЫНДА

- Кіруге бола ма?
- Кіріңіз. Отырыңыз.
- Қай жеріңіз ауырады?
- Қызуым көтеріліп тұр.
- Ауырғаныңызды қашан сездіңіз?

- Кешеден бері.
- Тіліңізді көрсетіңіз. Жиі ауырасыз ба?
- Соңғы кезде денсаулығым нашарлап жүр.
- Шешініңіз. Еркін демалыңыз. Мына жеріңізді басқан кезде ауыра ма?

- Жоқ, ауырмайды.
- Қауіпті ештеңе жоқ. Сізге кішкене салқын тиіп қалыпты. Мен рецепт жазып берейін, дәріні бір таблеткадан күніне үш рет тамақ алдында ішіңіз.

Емделіңіз.

- Рахмет. Сау болыңыз. /Парталас сыныптасыңмен сұхбаттас/.

Жағдайлық тапсырма: 1. Что вы будете делать, если заболел бабушка? Составьте предложение употребляя словосочетания: жедел жәрдем, шақырамын, телефон соғамын, төсекке жатқызамын, сусын беремін, ыстығын өлшеймін, дәрі әкелемін.

2. Составь диалог «В аптеке».

Адам денсаулығы.

Әрбір адам денсаулығын күтуі және нығайтуы тиіс. Ол үшін тазалық сақтап, өзінің денесін қадағалауы керек. Адамның терісі кірлейді, сондықтан күнделікті жуынып, киімдерін ауыстыруы қажет. Әсіресе, денсаулық үшін әр түрлі дене жаттығулары өте пайдалы. Спорттық жаттығулар мен ойындар біздің бұлшық еттерімізді қатайтып, бізге сергектік сыйлайды.

Пайдалы кеңестер:

1. Тазалықты сақтау үшін киімді үнемі ауыстырып тұру керек.
2. Киім кірлеген кезде таза киім киген дұрыс.
3. Су мен сабын микробтардан арылуға көмектеседі.
4. Даладан келгенде қолыңды міндетті түрде жу.
5. Тырнақты өсірмей, алып тұру керек. Тырнақтың астында микроб көп жиналады.
6. Жуынып болғаннан кейін құлағыңның, мұрныңның ішін тазала.
7. Мұрынды тазалау арқылы біз бактериядан құтыламыз.

8. Тері – дене қорғаушысы. Ол ұсақ тесіктерден тұрады.
9. Теріні таза ұстап, үнемі жуып жүру керек.
10. Компьютерден денсаулыққа зиянды сәулелер бөлінетіндіктен, алдында ұзақ уақыт отыруға болмайды.
11. Ұялы телефоннан бөлінген зиянды сәулелер миға, адамның ішкі құрылысына әсер етеді, сондықтан ұялы телефонды 16 жасқа дейін пайдалануға болмайды.
12. Көзің ауырмаса да, жылына бір рет көз дәрігеріне көріну керек.
13. Теледидарды 2,5-3 метр қашықтықты дауысын қатты шығармай, аз ғана уақыт қарау керек.
14. Үнемі мұрын арқылы тыныс алуға дағдылан.
15. Құлақты, мұрынды үнемі тазалап, жуып жүру керек.
16. Құлақты жуған кезде ішіне су кетіп қалмасын.
17. Ұйықтар алдында жуынып, төсегінді жайлы етіп салу керек.

а/ Кеңестерді оқы, аудар, түсін.

ә/ Етістіктерді болымсыз етістікке айналдырып жаз.

б/ Кеңестердегі етістіктерді сөз құрамына талда.

Мысалы: Сақтау. Сақ-түбір, та-етістіктің жұрнағы, у-тұйық етістік.

«Денсаулық – зор байлық» тақырыбы бойынша бақылау жұмысы.

A1-деңгейге. 1. Берілген сөздермен сөз тіркестерін жасаңдар: *емхана, дәрігер, дәрі, кезекте, ауру, тексеру, емдеу, дене қызуы, ауруханада, мейірімді, мейірбике, дұрыс тамақтану, таза ауамен, жаттығулар.*

2. Қос сөздермен сөз тіркестерін құрастырыңдар: *ата-ана, әке-шеше, бір-біріне, ыдыс-аяқ, салт-дәстүр.*

3. *Үш-үштен, бір-бірден, екі-екіден, бесеуден* /топтау сан есімдермен сөз тіркестерін құрастыр/.

A2-деңгейге. 1. Берілген сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырыңдар: *мейірімді дәрігер, дұрыс тамақтану, жаттығулар жасау, салауатты өмір, тісті емдеу, ауру бала, қызуын*

тексеру, таза ауамен демалу, бос уақыт, дене шынықтыру.

2. Қос сөздермен сөйлем құраңдар: *әке-шеше, ата-ана, қып-қызыл, үлкен-кіші, жақсы-жаман.*

3. *Бір-бірден, алты-алтыдан, үш-үштен, бес-бестен* /топтау сан есімдерден сөз тіркестерін құрастыр/.

В1-деңгейге. 1. Берілген етістіктермен сөйлемдер құрастырыңдар: *ауырып қалды, емханаға барды, тексерді, өлшеді, берді, емдеді, демалады, көмек берді, тамақтанды.*

2. Қос сөздермен сөйлем құраңдар: *әке-шеше, ата-ана, іні-қарындас, үйді-үйді, киім-кешек, алыс-жақын, ойын-сауық.*

3. *Бір-бірден, алты-алтыдан, жүз-жүзден, отыз-отыздан* /топтау сан есімдерден сөйлем құрастыр/.

В2-деңгейге. 1. Дәрігер туралы 5-6 сөйлем жазыңдар.

2. Қос сөздермен сөйлемдер құрастырыңдар: *ата-ана, әке-шеше, өзінен-өзі, ұп-ұзын, сап-сау, ыдыс-аяқ, киім-кешек.*

3. *Жүз-жүзден, отыз-отыздан, екі-екіден, төрт-төрттен* /топтау сан есімдерден сөйлем құрастыр/.

С1-деңгейге. 1.«Емханада» тақырыбы бойынша диалог құрастырыңдар.

2. Қос сөздермен мысалдар келтіру.

3. Топтау сан есімдер қандай сұрақтарға жауап береді, мысалдар келтір.

С2-деңгейге. 1. «Денсаулық – зор байлық» тақырыбы бойынша шағын мазмұндама жазыңдар.

2. Қос сөздермен мысалдар келтіру.

3. Топтау сан есімдер қандай сұрақтарға жауап береді, мысалдар келтір.

1. Берілген сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

Бас ауырса, дәрі ішу керек. Жүрегіңіз ауырса, кардиологқа барыңыз. Тамақ ауырса бал қосқан сүт ішу керек. Көзіңіз ауырса, окулиске барыңыз. Мүмкін, сізге көзілдірік керек болар. Тісіңіз ауырса, тіс дәрігеріне барыңыз. Пломба қояды немесе тісті жұлып тастайды.

2. Үйіңізге телефон арқылы «жедел-жәрдем қызметін» шақыртыңыз.

3. Мақалдарды аяқтаңыз:

а/ Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық –, үшінші байлық –

ә/ Денсаулық – байлық.

б/ Аурудың жайын сау.....

в/ Жаман ауруға –ас.

4. «Етіс» тақырыбына тест тапсырмалары:

1. Өздік етіс:

а/ жуынды; ә/ жуғызды;

б/ жудырды; в/ жуылды.

2. Ырықсыз етіс болып тұрған сөз:

а/ дәптерлер жиналды; ә/ дәптерлер жинаған;

б/ дәптерлер жиналды; в/ дәптерлер жинайды.

3. Жаздыр етісінің түрі:

а/ортақ етіс; ә/ ырықсыз етіс;

б/ өзгелік етіс; в/өздік етіс.

4. Әкеліс етісінің түрі:

а/ өзгелік; ә/ ортақ;

б/ өздік; в/ негізгі.

5. Өздік етіс:

а/ еден жуылды; ә/ досымен сырласты;

б/ сурет ілінді; в/ асыл киім киінді.

6. Жіберілді етісінің түрі:

а/ ортақ; ә/ негізгі;

б/ ырықсыз; в/ өздік.

7. Өздік етістің жұрнағы:

а/ -ғы, -гі; ә/ -ын, -ін, -н;

б/ -ңыз, -тыр; в/ -ыс, -с.

8. Өзгелік етістің жұрнағы:

а/ -ыл, -іл; ә/ -дыр, -дір;

б/ -ыр, -ір, -т; в/ -ыз, -із.

9. Ортақ етістің жұрнағы:

а/ -ыс, -іс, -с; ә/ -дыр, -дір;

б/ ын, -н; в/ -ғыз, -гіз.

10. Ырықсыз етістің жұрнағы:

а/ -қыз, кіз; ә/ -т, -ыр;

с/ -ыз, -іл, -л, -н; в/ -ыс, -с.

«Қазақстанның белгілі спортшылары» тақырыбы бойынша бақылау жұмысы.

A1-A2 деңгей тапсырмалары:

1. «Азиада» ойыны туралы не білесің, қысқаша мазмұнда.
2. Қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесің?
3. Қазақстанның белгілі спортшылары туралы айтып бер.
4. Спорт тақырыбы бойынша термин сөздерді жазыңдар.
5. Етістің түрлерін атап, мысалдар келтір.

B1-B2 деңгей тапсырмалары:

1. Футбол немесе волейбол ойындары туралы не білесіңдер?
2. Кішкентай палуан дегеніміз кім, әңгімелеп бер.
3. Ұлттық ойындардың түрлерін айтып бер.
4. «Тоғызқұмалақ» ойыны туралы не білесің?
5. Етістің түрлерін атап, мысалдар келтір.
6. Спорт – денсаулыққа пайдалы ма, себебін айтып беріңдер.

C1-C2 деңгей тапсырмалары:

1. Қажымұқан Мұңайтпасов туралы айтып бер.
2. Шахматшы Берік туралы не білесің?
3. Қандай ұлттық ойындардың түрлерін білесің, әңгімелеп бер.
4. Қазақстанның белгілі спортшылары туралы айтып бер.
5. Спортқа байланысты термин сөздерді келтіріп, мысалдар жаз.
6. Етістермен мысалдар келтіріп, сөйлемдер жазыңдар.

СПОРТ. ҰЛТТЫҚ СПОРТ

Спорт, дене шынықтыру, жаттығу жасау, ауырмау, жүгіру, секіру, әперу, қорғау, күресу, жеңу, жеңілу, теннис, волейбол, футбол, баскетбол, ойын, ойнау, жанкүйер, қатысу, ойынның

бірінші жартысы, өтетін жарыс, спорттық күрес, жақсы дамыған, жарысты өткізу, жүлде, сыйлық, марапатталу, орынға ие болу, жеңімпаз болып аталды. Қазақша күрес, бәйге, көкпар, ат жарысы, қыз қуу, тоғызқұмалақ, аударыспақ, арқан тарту, асық ойнау, қол күресі.

Тапсырмалар:

A1-A2 деңгейлер: *Мәтіннен зат есімдерді тер және оларды өрбітіп жаз. Үлгі: Спорт – ұлттық спорт, қазақша күрес – ұлттық спорт.*

B1-B2 деңгейлер: *Мәтіннен етістіктерді теріп, олармен сөз тіркестерін құрастыр. Үлгі: Жаттығу жасаймын-таңертең жаттығу жасаймын.*

C1-C2 деңгейлер: *Берілген сөз бен сөз тіркестерін пайдаланатырып, әңгіме құрастыр.*

АТ СПОРТЫ

1999 жылдың 29 тамызында Қазақстан Конституциясының аталу құрметіне қарсы Жамбыл қаласында «Приз-кубок» жүлдесін жеңіп алу үшін ат спорты ұйымдастырылды. Спорттың бұл түрі-не Қазақстанның әр жерлерінен, Ресейден, Қырғызстаннан баптап әкелген аламан жорғаларды жарысқа қатыстырды. Бұл сайыста Шымкент облысынан келген «Пакистан» есімді аттың иесі 600000 мың теңгені ұтып алды. Ал Алматы облысының Кеген ауданынан келген «Падиша» деген жүйрік жорғаның иесіне екі миллион теңгені Алматы облысының әкімі сыйлыққа берді. / 70 сөз/.

Мәтін бойынша тапсырмалар:

- 1. A1-A2 деңгейлер: Мәтінді оқу, аудару, сұрақтар құрастыру.*
- 2. B1-B2 деңгейлер: Мәтінді оқу, аудару, сұхбат құрастыру.*
- 3. C1-C2 деңгейлер: Мәтінді оқу, мазмұндау.*



МӘНЕРЛЕП СӨЙЛЕТКЕН ЖЕҢІС ЖЫРЫ

Мақсаты: 1. Ұлы Отан соғысы, оның зардаптары, жеңістің мән-маңызы туралы мағлұмат беру; 2. Оқушылардың тіл байлықтарын, ойын, мәнерлеп оқу дағдыларын ұштау; 3. Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың, қазіргі таңдағы арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерліктерін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу; Отансүйгіштікке, елжандылыққа, батылдыққа, шыншылдыққа баулу.

Көрнекіліктер: плакатқа жазылған нақыл сөздер, батырлардың суреттері, буклеттер, оқушылар салған суреттер, слайдтар.

Тәрбие сағатының барысы:

- Құрметті қонақтар, оқушылар, мұғалімдер!

Әрқайсысымыз үшін жақын да қымбат мереке – 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жеңіс күніне санаулы күндер қалды. Жеңіске жету жолында Қазақстандықтардың асқан ерлігі мен әскери жанқиярлығы Отан соғысы тарихындағы жарқын беттерге айналды. Сондықтан Жеңіс күні әрқайсысымыздың жүрегімізге жақын.

1-жүргізуші: - Өкінішке қарай, уақыт сол ұлы оқиғаларға қатысушыларды біздің қатарымыздан алып кетіп жатыр. Олар азайған үстіне азайып барады. Бірақ ешкім де, ештеңе де ұмытылмауы тиіс! Себебі, бұл – біздің тарихымыз, біздің мақтанышымыз, біздің даңқымыз!

2-жүргізуші: - 1941 жылы маусымның 22-сінде Гитлерлік Германия Отанымызға соғыс жарияламастан опасыздықпен

шабуыл жасады.

Мұғалім: - Жеңіс үшін шыбын жандарын құрбан еткен бірнеше миллиондаған адамдардың есімдерін есте сақтап, 1418 азапты күн мен түнді болашақ үшін ерен еңбекпен, қайсар ерлікпен өткізгендерін ұмытуға болмайды.

1-жүргізуші: - Ұлы Отан соғысының дүние жүзі үшін маңызы зор болды. 1945 жылы 8 мамырда Берлинде фашистік Германия жеңілгенін мойындап қол қойды. 1945 жылы мамырдың 9-ында бұрын-соңды болмаған мың зеңбірек 30 дүркін салют атты. Міне, Жеңіс күні осылай келген еді.

2-жүргізуші: - Дүние жүзі халқы бостандық алды. Халық Отан ұғымын терең сезіне түсті. Қаһарман ерлік пен еңбек жеңіп шықты. Зұлымдық, басқыншылық тізе бүкті. Бірлік, ерлік, халықтар достығы нығая түсті. Биыл Ұлы Жеңістің 67 жылдығын атап өтеміз.

1-оқушы: - «Ешкім де ұмытылған жоқ, еш нәрсе де ұмыт қалған жоқ». Осынау сөздер Жеңіс күнін мерекелеу кезінде жиі айтылады, осынау сөздер соғыста қаза тапқандар ескерткіштеріне де қашалып жазылған.

2-оқушы: - Жеңіс деген – жақсылықтың сыңары,
Жігер менен құштарлықтың құралы.
Күрескердің арманы мен ұраны,
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

3-оқушы: - Әрбір көктем бізді ойша осынау ұмытылмас әрі көптен күткен күнге 1945 жылдың 9 мамырына қайта оралтады.

2-жүргізуші: - Жауынгер біздің саңлақтар,
Жауды жеңген солдаттар
Ардақты Отан – ел үшін,
Бақытты туған жер үшін!- деп бастарын өлімге арнап, тікті.

- Құрметті ұстаздар, оқушылар, сол ағаларымыздың рухына бас иіп, 1 минут еске алайық.

5-оқушы: - 9 мамыр – Жеңіс күні өмірді сүйер адамзаттың

есінен мәңгі кете ме? Бұл Жеңіс оңайлықпен келген жоқ.

6-оқушы: - Оқ борады күні-түн,
Жатты жерді от қарып.
Алға қарай ұмтылды
Батыр қазақ оқты алып.

1-жүргізуші: - Гитлершілдер соғыстың бас кезінде 190 дивизияны, 5 мыңдай ұшақты, 50 мыңдай қару, 3700 танкті шабуылға шығарды. Жерімізге басып кірген жау әскерінің жалпы саны 5,5 миллион адамға жетті.

2-жүргізуші: - Осы сұрапыл соғыста жауды талқандап Ұлы Жеңіске жетуге қазақстандықтар да сүбелі үлес қосты. Жүздеген мың қазақстандықтар қолына қару алып, өз Отанының бостандығы үшін күресті.

1-жүргізуші: - Қазақстандықтар Брест қамалын қорғады, Мәскеу түбінде өлімге бас тікті, Сталинград, Курск доғасындағы шайқастарда ерекше көзге түсті. Берлинді азат етті, Рейхстагқа 1945 жылы 30 сәуірде қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаев Жеңіс туын тікті.

7-оқушы: - Туын жықпай қолдағы,
Опат болды елі үшін.
Кеудесімен қорғады
Азаттықтың жемісін!

8-оқушы: - Біздің халқымыз қазақтың батыр қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың есімдерін мақтанышпен атайды.

9-оқушы: - 1942 жылы Алматы қаласындағы медицина институтында оқып жүрген еді. Ол өз еркімен сұранып, қазақ ұлттық 100-бригадасы құрамында майданға аттанды. Мәншүк Мәметова Невель қаласын қорғау кезінде ақырғы оғы қалғанша жауды қырып, ерлікпен қаза тапты. Қасындағы жолдастарынан айырылған Мәншүк үш пулеметті қатарынан қойып, жауды 3 сағат бойы жалғыз бөгеп тұрған. Каһарман қызға Кеңес Одағының

Батыры атағы берілді.

10-оқушы: - Даламыздың даңқысың,
Балауса гүл – балғын қыз!
Жанын қиып халқы үшін,
Жанып түскен ақ жұлдыз!

11-оқушы: - Әлия Молдағұлова (1925-1944) Ақтөбе облысы, Қобда ауданында дүниеге келген. Әке-шешесінен жастайынан айырылған ол ағасының тәрбиесінде болып, олармен бірге Ленинградқа көшіп келеді. Кейіннен Ленинградтағы балалар үйінде тәрбие алады. «Отан үшін алға!»- деп, барлық жауынгерлерді соңынан ертіп, жауға қарсы ұмтылды. Жаудың бораған оғына қарамастан қыстаққа бәрінен бұрын кіріп, бірнеше жаудың көзін жояды. Әлия соғыс жылдары ірі-ірі шайқастарға қатысып, мергендігімен аты шықты. Ер жүрек мерген қыз 20-ға толмаған қыршын жасында жау оғынан көз жұмды.

12-оқушы: - Сілкіктіп зеңбіректер жердің жүзін,
Оқ борап снарядтар қаққанда ызың.
Қаптаған қалың жаудан тайсалмаған,
Мен көрдім пилоткалы қазақ қызын.

«Ел қорғауға әзірміз» әні орындалады.

13-оқушы: - Бауыржан Момышұлы (1910-1982) – жазушы, қазақ халқының аты аңызға айналған атақты азаматы, Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, гвардия полковнигі. 1941 жылдың күзінен бастап, соғыс аяқталғанға дейінгі барлық шайқастарға қатысқан.

14-оқушы: - Жас ұрпақ, асыр сап
Шырқайды Ерлікті ән қылып,
Небір заңғар таулар құлазып шөксе де,
Ерлердің бейнесі жасайды мәңгілік!

15-оқушы: - Талғат Бигелдинов ұшқыш болуды жастайынан армандап аэроклубта оқыды, кейін авиация училищесінде білім алып шығады.

1943-1945 жылдар аралығында Ұлы Отан соғысына қатысқан. Жаумен 305 рет әуе шайқасына түсіп, 800-ден астам техникасын істен шығарып, 7 ұшағын атып түсірді. Жаудың жүздеген танкілерін, зеңбіректері мен солдаттарын жойды. 1944 жылы Кеңес Одағының Батыры атағын алса, соғыстан кейін екінші рет Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

16-оқушы: - Қасым Қайсенов (1909-2003 ж.ж.) соғысқа 1941 жылы шақырылды. Смоленск түбінде соғысты. «Отан соғысы» орденімен, «Маршал Жуков» медалімен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 40 жыл», «КСРО-ның Қарулы Күшіне 60 жыл» медальдарымен марапатталған.

17-оқушы: - Токтаров Төлеген Қабиденұлы – қатардағы жауынгер. 1942 жылдан бастап 1943 жылға дейін Сталинград майданында соғысқан. «Германияны жеңген үшін» медалімен марапатталған.

«Бейбіт күн тілегі» әні орындалады.

1-жүргізуші: - Иә, бұл Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлік көрсеткен Қасым Қайсенов, Нұркен Әбдіров, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сияқты есімдері аңызға айналған аталарымыз бен апаларымызды тарих бетінде «Батыр» деп жазып кетті.

2-жүргізуші: - 1945 жылдың 9 мамыры – Герман фашизмінің күйрей жеңілген күні. Жеңіс! Ұлы Жеңіс!

Сүйінші, халқым сүйінші,

Сүйіншіге – сүйінші!

Шаттан, ата-анамыз,

Шаттан, ата-бабамыз!

1-жүргізуші: - Кек қайтарып фашистен,

Соғыс бітті жеңіспен.

Жеңдік жауды күресте,

Жасалсын той – мереке!

ТІЛ КҮРМЕУІН ШЕШКЕН ШӘМШІ

Мақсаты: оқушыларға Шәмші Қалдаяқовтың өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік беру. Қазақ халқына ән салдыра білген сазгердің әндерімен және әндерінің шығу тарихымен таныстыру. Ұлы сазгер әндерін тереңірек білу арқылы тарихи мәнін, маңызын түсінуге және мақтан тұта білуге тәрбиелеу.

Сахна шымылдығын оқушылардың вальс биімен ашамыз.

Екі оқушының диалогі.

- Халық ішінде әншілер де, сазгерлер де көп. Алайда бір сазгердің әнін бүкіл халық – үлкені де, кішісі де, қарты да, жасы да сүйіп айтуы – сирек құбылыс. Ондай ән шығарған сазгер кім екенін білесің бе?

- Иә, білемін. Ондай ән шығарған сазгер, ұлы сазгер Шәмші Қалдаяқов – бүкіл қазақ халқына ән салдырған сазгер болды.

- Шәмші қалай Шәмші атанды? Оған кім ат қойды екен?

- Білмеймін .

Сахналық көрініс.

- Қалдаяқ, сен балаңа қандай ат қоясың?

- «Шәмші» деген ат беремін. Шәмшит – хиссада патшаның аты, Шәмшит – шығыс әлемінің асыл патшасы болған. Ол әділетті хан болған, бірақ баланың жылағандағы дауысы ханның дауысы емес, әншінің дауысына көбірек ұқсайды.

- Оу, Қалдаяқ, балаң адамдардың емес, әннің патшасы болса да тақияңа тар келмес.

1-оқушы: - Шәмші Қалдаяқов Оңтүстік Қазақстан облысының Шәуілдір ауданында 1930 жылы 15 тамызда Арыс өзенінің

жағасында дүниеге келді. Ол жас кезінен-ақ тамаша әндер шығара бастайды. Шәмшінің әндері ерекше жұмсақ, жылы сазымен ел назарын бірден аударды.

«Арыс жағасында» әні шырқалады.

Надежда: - Шәмшінің әкесі Қалдаяқ теріскейде туып-өскен, атақты шежіреші, көпшіл, ақынжанды, зергер, өнерлі адам болды. Шешесі – Сақыпжамал үні қоңыраудай сылдырлап ән салса, ажары ашылып тоты құстай түрленіп кететін жан екен.

Виктория: - Бала кезінен анасының жағымды әсем дауысы құлағына сіңіп, бала түйсігімен сезіп өсті. Дарынды сазгер шың секілді ән өнерін биікке көтерді. Ақ сүтімен асыраған аяулы анасына арнап әннің ең асылын жазды. Ол – «Ана туралы жыр». Себебі, анасы дүниеден өтер алдында бата берген еді. Анасының сөздері: «Жалғыз тілеуім – сен аман бол!». Бұл өмірде салған әнің айтылмай жатып үзілмесін. Ол әнің ұзаққа кетсін.

«Ана туралы жыр». Орындайтын – хор.

Оқушылар сандар жазылған сызбалар ұстап шығады.

Шәмші Қалдаяқов 1950 жылы Сарыағаштағы Қапыланбек мал дәрігерлік техникумын бітірген. 50-ші жылдан бастап шығармашылықпен айналысты.

- 1951-1954 жылдары Қиыр Шығыста әскери борышын атқарды.
- 1955 жылы Ташкенттегі музыка училищесіне қабылданды.
- 1956-1962 жылдары Алматы мемлекеттік консерваториясында профессор Великановтың класы бойынша оқыды.
- 1958 жылы Қазақ ССР сыйлығының иегері.
- 1992 жылы «Қазақстан халық әртісі» атағы берілді.

«Ақ бантик», «Сыған серенадасы» әндері орындалады.

- Әнің керемет! Вальс королі атанасың!- деген сөздер Шәмшінің жаңа әндер шығаруына шабыт, әсер берді. Оның әндерінде әр дыбыс ерекше анық шығады.

«Сыған серенадасы», «Бір белгі» әндері орындалады.

Жас та, қарт та Шәмші әндерін естісе елендеп, әлі күнге дейін әндерін сақтап, айтып келеді. Сондықтан Шәмші рухы әлі арамызда. Халық сүйіп айтатын, қасиет қонған Шәмші әні – «Менің Қазақстаным» бүгінде әнұранға айналды.

2006 жылы 11 қаңтарда «Менің Қазақстаным» әні мемлекеттік әнұран ретінде алғаш рет «Ақордада» орындалды.

Мұғалім: - Шәмші дүниеден өтсе де, алысқа ұзап кетсе де, тірі кісідей сырласып, ойласып, өлмей, жоғалмай әлі жүргені – оның керемет таланты. Шәмші әні – әрқашан біздің жүрегімізде. Қазақ вальсінің королі атанған аса дарынды композитор Шәмші Қалдаяқов – мерейімізді мәңгілік көтере білетін ұлттық мақтанышымыз!



Сымбат СМАТАЕВА,
Лозовое мектеп-бақшасының
мұғалімі.
Ақмола облысы,
Жақсы ауданы.

ТІЛІ НӘРЛІ ЕРТЕҢНЕ СЕНІМДІ

Мақсаты: оқушылардың алдарына қойған мақсаттарын білетін отырып, оларға бағыт-бағдар, ақыл-кеңес беру. Болашақтың жарқын және ашық болатынына сенімділіктерін арттыру. Білімге деген құштарлықтарын ояту.

Жұмыс барысы: (интерактивті тақта қолданылады).

Эпиграф:

«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып, көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа!».

Н.Ә.Назарбаев.

«Ұлттың ертеңі – бүгінгі ұрпақтың мойнында. Ел бірлігі! Елге тұтқа болар елдің де көкейіндегі басты мақсат осы болса керек. Жастардың да көксегені – бірлік, тыныштық, елдің тұтастығы.

Елдің жастарды тірек санауының сыры неде? Себебі, болашағымыз бұлыңғыр, беймәлім шақта тыңнан түрен салып, елді тығырықтан алып шыққан – осы тегеурінді жастар».

Кезінде сыршыл, лирик ақынымыз М.Жұмабаев осы жастарға деген сеніммен «Мен жастарға сенемін» деген өлең жолдарын арнаған еді. Соны Тимурина Линаның мәнерлеп оқылуында тыңдап көрелік.

«Жаман қасиеттерден арылайық».

Психологиялық тренинг.

Дұрыс тәрбие, сапалы білім алу үшін, еліне адал қызмет ету үшін әрбір жеткіншек өз бойындағы жаман қылықтардан арылу керек. Ендеше, осы тренинг мақсаты – өз бойымыздағы жаман әдеттерімізді өшіріп тастау.

Тренинг жүргізу. Әр топқа екі парақтан таратылады, бір параққа – жақсы, ал екіншісіне – жаман қылықтары жазылады. Жазылған дүниелерін оқып, жақсы қасиеттері жазылған қағазды жан қалтасына салып, жаман қасиеттері жазылған парақты қоқысқа тастайды.

Осыған орай адам баласы қандай бес асыл іске асығып, ал қандай қылықтардан аулақ болу жөнінде кімнің өлеңінен танысып едіңіздер?

- Дұрыс, Абай ағамыздың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен. Ендеше, өлең үзіндісін тыңдайық. Оқитын – Қазезова Аида.

- «Біреулер бойында жоқ нәрсені іздеп әуре, біреулер бойында бардың бағасын білмей мас» деген екен Үмбетбай Уайдин. Сондықтан да бойымыздағы бар жақсылығымызды бағалап, талантымызды талабымызбен ұштап, жігерімізді қайратымызға серік етіп, әрекет етсек, алынбайтын қамал болмайды.

Адамның көркі – жақсы іс.

Қазіргі адамдардың барлығының да көздері ашық, ғылыми-

техникалық дамудың шарықтап тұрған кезеңі компьютер дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Бірақ, бір нәрсе жетіспейді. Ол – рух қажеттілігі, рухани азық. Бұл азықты осы әлемнен аламыз.

Шәкәрімнің мынадай сөзі бар: адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек.

«Адам – ғалам ғажайып жеке дана,

Жан құмары-іздегенге мәңгі сана.

Өзіңді -өзің танысаң істің басы,

Түзеген өз ғаламын болған дана», - деп Әл-Машани ағамыз айтпақшы, ендігі кезекті өзімізді танудан бастаймыз.

Жақсылыққа жақсылық –

Әр кісінің ісі,

Жамандыққа жақсылық –

Ер кісінің ісі.

Ортақ сұрақ:

- Жақсылық дегенді қалай түсінесің, жақсылық пен жамандықтың айырмашылығы қандай болады? Жамандық жасаған адамға қалай жауап беруге болады? Жамандық неден болады?

2-ұстаным:

Жақсымен жолдас болсаң,

Жетерсің мұратқа.

Жаманмен жолдас болсаң,

Қаларсың ұятқа.

Сұрақ: - Достық деген не, достарды тауып, достықты сақтау үшін не істеуге болады? Достықтың неше түрі бар, достыққа не ең бастысы не қажет деп ойлайсыздар? Дос қиналғанда ма әлде қуанышқа ортақтасқанда көбірек таныла ма?

Елдің болашағы – білімді ұрпақта.

- Қазір екі топқа 20 сұрақтан қойылады. Қай топтың оқушылары жүйрік те алғыр екендігін байқаймыз. Сұрақтар әр саладан.

1-топтың сұрақтары:

- Сөз өнер жарысы. *айтыс*
- Томирис кім? *сақ патшайымы*
- Мұсылман діні. *ислам*
- Қасиетті тағам. *нан*
- Көне тарихи заттарды сақтайтын орын. *мұражай*
- Адам алғашқы құралды неден жасады? *тастан*
- Республикамыздың облыс саны. *14*
- Ең киелі құс. *аққу*
- Ата Заң қай жылы қабылданды *1995, 30 тамыз*
- Жаңа дүниеге келген нәрестенің алғашқы киімі.

иткөйлек

- Талапсыз жас, қанатсыз не? *құс*
- Вальс королі. *Ш.Қалдаяқов*
- 1 километрде неше метр? *1000*
- Шөл кемесі. *түйе*
- Қой пірі. *Шопан ата*

2-топтың сұрақтары:

- ҚР мемлекеттік туының авторы кім? *Ш.Ниязбеков*
- Тұңғыш қазақ ғарышкері. *Т.Әубәкіров*
- Тұңғыш рет қазақ әнін шетелде орындап, күміс жүлде алған

әнші.

Ә.Қашаубаев

- Төрт мүшелге толған адам нешеде болады? *49*
- Мұсылмандардың діни ғимараты. *мешіт*
- Тұңғыш қазақ журналы. *«Айқап»*
- Қан тоқтататын элемент. *йод*
- «Жақсы» сөзінің антонимі. *жаман*
- Мұсылмандардың қасиетті кітабы. *құран*
- Тісі түскен адам. *кетік*
- Байланыс аппараты. *телефон*
- 7 күн. *апта*
- Тәуелсіздікке неше жыл? *20*
- ҰБТ қандай сөз? *қысқарған*
- Ер қанаты не? *ат*

- Компьютер ауруы. *вирус*
- Қанша планета бар? *9*
- Атақты әйел математик *С.Ковалевская*

Ой жинақтау. Кластер.

- Қандай адамдардың болашағы жарқын болады?

Ақпараттар ағыны тасыған заманда мектеп табалдырығын аттап үлгермеген баладан «білім иісі» шығып тұрады. Бұл – қуанарлық жағдай. Бұл – болашақтың жарқындығы, жарықтығы. Біздің жастар – ұлттық рухы жоғары жастар. Мұндай жастар ел болашағына үлкен жауапкершілікпен қарайтын, елінің ертеңі ертегіге айналу үшін ерінбей еңбек ететін нағыз ержүрек жастар екендігіне сеніміміз мол.



Альмира ЕРЕЖЕПОВА,
Алматы қаласындағы
№18 гимназияның мұғалімі.

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МЕРЕЙІ

(8-сынып)

Мақсаты: оқушылардың қазақша сөйлеу дағдысын арттыру, қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін білуге, қазақ тілін меңгеруге, өз ойын жеткізе білуге үйрету, қазақ ақын-жазушыларының шығармаларымен таныс болып, оны жатқа білуге баулу, оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: техникалық құралдар, тіл туралы нақыл сөздер, ҚР мемлекеттік рәміздері. **Түрі:** сайыс сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, іздену, шығармашылық, топтармен жұмыс.

Сайыстың барысы:

1-жүргізуші: - Құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты мерекемізге қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: - Қазақ осы айтатұғын елге сыр,
О, ағайын, халық емес ол кесір.
Қазақ осы аңғал-саңғал жабусыз,
Қазақ осы ағыл-тегіл, көл-көсір.
Қазақ осы «Өнер алды – тіл» дейтін,
Қазақ осы қарасың ба, ақсың ба,
Қоңырсың ба, жатырқауды білмейтін,-

деп ақын ағамыз Қадыр Мырза Әли айтқандай, ұлы қазақ даласында 130-дан астам басқа ұлт өкілдері татулықта, сыйластықта өмір сүріп жатыр. Қазақстанда тұратын әрбір адам Отанын сүйіп, мәдениеті мен тілін білу керек.

1-жүргізуші: - Осы мақсатпен Тілдер күніне орай «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты сайыс жүргізіп отырмыз.

Әділ қазылар алқасымен таныс болыңыздар.

1-кезең: «Танысу».

1-жүргізуші:- Құрметті қонақтар, мұғалімдер, оқушылар! Енді, сайысымыздың «Танысу» кезеңін бастаймыз (әр топ топтың атын, ұранын айтып, көрсетеді).

1-топ – 8 «а», «Армандастар».

2-топ – 8 «б», «Тұлпарлар».

3-топ – 8 «в», «Көгершіндер».

4-топ – 8 «г», «Патшалар».

2-кезең: «Үй тапсырмасы».

1-жүргізуші: - Бұл кезең тапсырмасы бойынша әр топ белгілі бір ұлттың өнерін, салт-дәстүрін көрсетеді.

2-жүргізуші: - Ортаға кезекпен топтарды шақырып, өнерлерін тамашалайық.

«Армандастар» тобы – қазақ халқының, «Тұлпарлар» тобы – орыс халқының, «Көгершіндер» тобы – неміс халқының, «Патшалар» тобы – ағылшындардың салтын көрсетеді.

3-кезең: «Кім көп біледі?» викториналық сұрақтары.

1-жүргізуші: - Келесі сайысымыз – «Кім көп біледі?». Бұл сайыста қай топ тез әрі көп сұраққа дұрыс жауап берсе, сол топ жеңіске жетеді.

2-жүргізуші:

- «Армандастар» тобына берілетін сұрақтар:

1. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар? (42)
2. Қазақтың ұлы ақыны кім? (Абай)
3. ҚР рәміздерін ата. (ту, елтаңба, гимн)
4. Қазақ тілінде неше септік бар? (7)
5. Діни мерекелерді ата. (Ораза, Айт)

1-жүргізуші:

- «Тұлпарлар» тобының сұрақтары:

1. Қазақ әліпбиінде неше дыбыс бар? (37)
2. ҚР тәуелсіздігін қашан алды? (1991 ж. 16-желтоқсанда)
3. Лиро-эпостық жырларды ата («Қыз Жібек», «Еңлік- Кебек»)
4. Буын түрлерін ата. (ашық, бітеу, тұйық)
5. Салт – дәстүр түрлерін ата. (тұсау кесу, сүндет той, үйлену тойы, тілашар)

2-жүргізуші:

- «Көгершіндер» тобының сұрақтары:

1. Қазақ тілінде неше сөз табы бар? (9)
2. Қазақстанда неше облыс бар? (14)
3. Қазақстан егемендігін қашан алды? (1991 ж. 16 желтоқсанда)
4. Қазақ тіліне тән дыбыстар нешеу? (9)
5. Дауыссыз дыбыс түрлерін ата. (қатаң, ұяң, үнді)

1-жүргізуші:

- «Патшалар» тобының сұрақтары:

1. Дыбыстар нешеге бөлінеді? (2)
2. Ұлттық тағамдарды атаңдар? (бешбармақ, бауырсақ, қазы-карта)
3. Түйе сүтінен жасалатын сусын. (шұбат)
4. Мемлекеттік тілді білу кімнің парызы? (Қазақстанда тұратын)

барлық халықтың)

5. Жалғаулардың түрлерін ата. (көптік, септік, жіктік, тәуелдік)

4-кезең: «Полиглот болғың келсе».

1-жүргізуші: - Бұл кезеңде сайыскерлер қоржыннан қима қағаздарды алып, онда берілген сөздерді қанша тіл білсе, сонша тілде айтады.

1-топ – воскресенье, утро, город, независимый.

2-топ – пятница, день, улица, народ.

3-топ – среда, вечер, проспект, Родина.

4-топ – понедельник, ночь, центр, государство.

5-кезең: «Капитандар сайысы».

2-жүргізуші: - Топ басшыларын ортаға шақырамыз. Олар 3 минут ішінде берілген сөз тіркесінен бірнеше сөйлемдер құрастыруы керек:

«Армандастар» тобы – қазақ тілі.

«Тұлпарлар» тобы – орыс тілі.

«Көгершіндер» тобы – неміс тілі.

«Патшалар» тобы – ағылшын тілі.

6-кезең: «Мақал – мәтел білгірлері».

1-жүргізуші: - Бұл кезеңде сайыскерлер берілген тақырып бойынша көп мақал-мәтелдер айтуы керек.

1-топ – «Білім». 2-топ – «Еңбек».

3-топ – «Отан». 4-топ – «Тіл».

2-жүргізуші: - Осымен, құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар сайысымыз өз мәресіне жетті. Ендігі кезекте әділқазылар алқасы жеңімпаздарды анықтасын.

1-жүргізуші: - Әділқазылар алқасы шешімін шығарғанша 10 «В» сынып қыздары «Достарым» әнін орындайды.

Марапаттау. Барлық оқушылармен қол ұстасып, достық шеңберін құрып, «Армандастар» әнін орындаймыз.

СӨЗ САРДАРЫ – ЖІГІТ СҰЛТАНЫ

- Армысыздар, құрметті қонақтар, ұстаздар, ата аналар! Бүгін ауылымызда өтетін «Жігіт сұлтаны» сайысына қош келдіңіздер! Бүгінгі мектеп оқушылары – ертеңгі ел қорғаушылар!

Тек қана білектің күшіне сенбей, ақылы мен қайраты, күш-жігері мен зердесі бірдей мықты болуы тиіс.

Ата-баба дәстүрін жалғастыру, өз Отанын, жерін сүю, ана тілін, салтын құрметтеу мақсатында мектебіміздің бозбалаларының арасында ұйымдастырылған «Жігіт сұлтаны» байқауының бағдарламасымен таныс болыңыздар.

Жоспар: 1. «Мен – қазақтың баласы» (өзін-өзі таныстыру)

2. «Мақал – сөздің мәйегі» (мақал-мәтел жарысы)

3. «Шебер қолдар» (қамшыны өріп көрсету)

4. «Жігітке жеті өнер де аз» (спорттық сайыс, қол күрестіру)

5. Білімпаз. «Білімді мыңды жығады». Нөмірленген асықтағы сұрақтарға жауап беру.

6. «Батаменен ер көгерер» (әр қатысушы бата береді).

Біздің бүгінгі сайысымызда жігіттердің тек қана білек күші ғана емес, ақылы мен тапқырлығы, өнері де сыналады.

Әділдікпен әр сайысты бастайтын, туралықтан ешқашанда қашпайтын – төрешілер алқасымен таныстыруға рұқсат етіңіздер.

Сайысқа қатысатын әрбір оқушы реттік санын алады.

Жүргізуші: - 1. Жетер адам бақытына іздеген,

Ұл – мұрагер, бақытың ғой қыз деген!

Жігіттердің сайысын біз бастайық,

Қуанышын бөлісіңіз бізбенен.

Арайлап ата берсін ақ таң күліп,

Жүретін ұлымыз бар мақтан қылып.

Дәстүрлі іс-сәлемдесу сайысына,

Салайық салтанатпен аттандырып.

Мұғалім: - Сайысымыздың бірінші бөлімі – сәлемдесу, өзін-

өзі таныстыру. Ендеше, бірінші нөмірлі сайыскерімізді ортаға шақырайық (Барлығы өзін таныстырады).

Жүргізуші: - 2. Шешендік, көсемдік бар тілімізде,
Оттылық, тектілік бар көзімізде.
Ұрпағымыз жаңа өмір, жаңа ғасыр,
Жарасып тұр үлгіміз, сәніміз де, -деп

«Мақал – сөздің мәйегі» сайысын бастаймыз.

Мұғалім: - Сайыскерлер мақал-мәтел айтудан жарысады.

Тақырыптары – ата-ана, білім, тәрбие, денсаулық. Әр жігіт бір тақырыпқа кем дегенде үш мақал айтуы керек.

3. «Ата көрген – оқ жанар, ана көрген – тон пішер» деген бабалар. Олай болса, сайыскерлердің шеберлігін байқасақ. Қамшыны өріп көрсету.

4. «Жігітке жеті өнер де аз» атты кезеңге де келіп жеттік. Қызықты спорт сайысын тамашалаңыздар. Қол күрестіру.

Бұл сайыста үзеңгі қағыстырып,
Көрейік жігіттерді жарыстырып.
Жігіттің күштісі бар, мықтысы бар,
Жігіттер күш сынассын салыстырып!

5. Байқауымыздың келесі сыны «Білімді мыңды жығады» деп аталады. Нөмірленген асықтағы сұрақтарға жауап беру.

6. «Батаменен ер көгерер» сайысына орай, әр қатысушы бата береді.

Ықылас-ниет білдіру – әр адамға аманат.

Ата-баба дәстүрі – батаны біл, жамағат.

Мұғалім: - Барына риза болсын көрермендер,
Көрсетті өнерлерін жас өрендер.
Осымен сайысымыз аяқталсын,
Қазылар берсін енді шын бағасын.

Қазылар орнықтырар әділдікті,

Кімдердің жауаптары кәміл шықты.

Өнерлі, білімділер жарысында,

Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты.

Осымен наурыз мерекесінің құрметіне арналған «Жігіт сұлтаны» сайысымыз аяқталды.

ТІЛ БАЙЛЫҒЫ – НАУРЫЗ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін меңгеруіне жұмыс кеңістігін ұйымдастыру; **дамытушылық** – тіл мәдениетін дамыту; **тәрбиелік** – ұлттық құндылықтарды зерттеуге ұмтылдыру, бағалай білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: көрнекі құралдар топтамасы. **Құрал-жабдығы:** мультимедиялық кабинет, әр кезеңнен соң топтарды бағалау жетондары, тапсырмаларды бағалау өлшемдері, әр оқушының жұмысын бағалау картасы. **Педагогикалық технология:** жобалық технология. **Түрі:** сайыс сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** сөз әдісі, логикалық, тәжірибелік, проблемалық іздендіру әдістері, техникалық құралды пайдалану әдісі, көрнекілік әдіс. **Пәнаралық байланыс:** бейнелеу өнері, информатика, орыс және ағылшын тілдері.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: сыныптағы оқушыларды түгелдеп, әр кезеңнен соң топты және оқушыны бағалау ретімен және өлшемдерімен таныстыру:

9-сынып оқушыларының қазақ тілінен бірін-бірі /өзін-өзі/ бағалау картасы.

Тақырып	«3»			«4»		«5»		Ұпай	Баға
	1	2	3	4	5	6	7		
«Наурыз – жыл басы» Аты-жөні									
1.									

Мотивация кезеңі. Миға шабуыл: Біздің елімізде жаңа жыл неліктен екі рет тойланады? Наурыз қажет пе еді? /тілдесім/

Қолдаймын	Қарсымын
<ul style="list-style-type: none">▪ 2 күн демалыс беріледі.▪ Маңайымыз, үйіміз тазаланады.▪ Көңіл көтергенді ұнатамын.▪ Қазақтың салт-дәстүрлерімен танысамыз.▪ ...	<ul style="list-style-type: none">▪ Наурыз тойы – қаражатты текке шашу.▪ Мал төлдеп жатқанда той тойлауға уақыт жетпейді.▪ Той – жалқаулардың кәсібі.▪ ...

Операция кезеңі. 1. Ой қозғау: /тілдесім/ интербелсенді тақтадағы слайдта: Еуропаша жаңа жыл қашан тойланады?

Жаңа жыл орысша, ағылшынша қалай аталады? /Новый год, New Year/

Орыстар мен ағылшындардың Қыдыр атасының аты кім? /Дед Мороз, Санта Клаус/

2. Мәтіндермен жұмыс:

а) құлаққаппен тыңдау: /тыңдалым/

Happy New Year!

Ағылшындар жаңа жылды әр түрлі жағдайда тойлайды. Адамдар өз отбасында жиналып, кешкі сағат сегізден таңертеңге дейін тойлайды немесе би залдарына барып, түні бойы билейді, демалады. Әдетте, үстелге жеңіл тамақтар қойылады: суытылған ет, самса, торттар, сусындар. Түннің ортасында Биг Бен парламент үйінен берілетін қоңырауды радиодан тыңдайды.

Жаңа жылды қарсы алу үшін көп адам Пикадилли алаңына жиналып, өлең айтады. Трафалгар алаңына да халықтар жиналады. Жаңа жылда адамдар бір-біріне мерекелік құттықтау хат және сыйлықтар жібереді. Дәстүр бойынша адамдар бір-біріне Жаңа жылда уәде береді: шылым тартпауға, жыл бойы ерте тұруға...

ә) микрофон арқылы оқығанын жазып алып, құлаққаппен оқыта дауысын тыңдау: /оқылым/

С новым годом!

Жаңа жылды біздің елімізде екі рет тойлайды. Біріншісінде, жаңа жылды қыс ортасында, қатты аязды кезде тойлайды.

Көшелерге, аландарға, үйлерге, дүкендерге, саябақтарға, спорт кешендеріне шыршалар орнатылады. Оларға түрлі-түсті ойыншықтар іледі. Жаңа жылды, әсіресе, балалар асыға күтеді. Оларға сыйлықтар береді. Бұл күнді адамдар өз отбасыларында немесе достарымен, туыстарымен бірге мерекелейді. Үй иелері қонақ шақырады, дастарханға түрлі тағамдар, жеміс, шырын, шараптар қояды. Балалар үлкендермен бірге шыршаны айнала би билеп, өлең айтып, ән салып, көңілді демалады. Бір-біріне жаңа жылда жұмыста табыс, өмірде бақыт және денсаулық тілейді.

б) Аналогия әдісі бойынша жаңа сөздерді пайдаланып, мәтін құрастыру: /жазылым/

Кілтті сөздер: ұлыс күні, жаңа жыл, күн мен түннің теңесуі, тұрмыс мейрамы, тазалау, бұлақтың көзін ашу, наурыз көже, Қыдыр ата, ақ бата беру, құттықтау, ән айту, ойын-сауық құру, алтыбақан орнату, жамбы ату, бәйгеге қатысу, көкпар ойнау.

Балалар құрастырған мәтін:

Жаңа жылмен!

Жаңа жылды біздің елімізде екі рет тойлайды. Екіншісі — көктемнің басы, күн мен түннің теңелген күні, наурыздың 22-сінде тойланады. Бұл күнді дүние жүзінің мұсылмандары «Жыл басы, Жаңа жыл, Ұлыстың ұлы күні» деп атайды. Наурыз тойында жақсы киініп, салт атқа мініп, жақын адамдар бірін-бірі құттықтайды. Бұл күні әр үйдің дастарханында наурыз көже болу керек. Наурыз көжені су мен тұздан басқа ет, қамыр, сүт, айран, құрт, тары, бидай сияқты жеті түрлі азық қосып пісіреді. Наурыз көжені ішкен соң: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Дастарқаның бай болсын!» - деп үлкендер бата береді. Наурыз – жыл басы, салт-дәстүрімізді еске алатын күн.

3. Сергіту сәті. Наурыз ұрандарын еске түсіру: /айтылым/

Наурыз құтты болсын!

Наурыз құт әкелсін!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Ұлыс береке берсін!

Құт-береке мейрамы – Наурыз жасасын!

Жыл басы – Ұлыс тойы жасасын!

4. Үй жұмысын тексеру: әр топ жоспарымен таныстырып, өз буклетін қорғайды /буклет мәтінінде бір құрмалас сөйлем болуы – шарт/, құрмалас сөйлемді талдайды: әр компоненттің грамматикалық негізін тауып, астын белгілеп, сызбасын сызады, бағыныңқы сөйлеміне сұрақ жолдап, түрін анықтайды, мүмкіндігінше, салалас құрмалас сөйлемге айналдырады.

қайтсе?

Үлгі: «Бұл күні жаңбыр жауса, жыл сәтті болады» деген ырым бар.

қайтсе?

(---- ==са), [---- ==].

(шартты бағыныңқылы сабақтас қ. с.)

Бұл күні жаңбыр жауды, сондықтан жыл сәтті болады.

неліктен?

[---- ==], [---- ==].

(себеп-салдар салалас қ. с.)

5. Семантикалық картамен жұмыс:

Сабақтас құрмалас сөйлемді сипаттау картасы

Зерттеу объектісі	Шартты бағ-лы	Қарсылықты бағ-лы	Мезгіл бағ-лы	Себеп бағ-лы	Мақсат бағ-лы	Қимыл-сын бағ-лы
Наурызды жақсы қарсы алсаң, Қыдыр ата келеді.						
Қанша тырыссам да, наурыз көжені тауысып ішкізе алмадым.						
Наурыз көжені дайындап болғанда, қонақ та келіп жетті.						

Наурыз – тойда әдемі болу үшін әдейі ұлттық киім тіктірдім.						
Алтыбақан құрғандықтан, жастар біздің айналамыздан шықпады.						
Күн мен түн теңесіп, Наурыз да келді.						

6. Презентацияларды, қабырға газеттер мазмұнын талқылау; оқу тақырыбының мәселе тудырушы сұрақтарын құрастыру, жинақтаған материалдарын тексеру. Үлгі:

I топ:

- Шығыс елдерінде жыл басы неліктен наурыздың 22-сінде тойланады?
- Наурыз тойға басқа ұлт өкілдері қай елдің ұлттық киімін киюі тиіс?

II топ:

- Қазақстандықтар жаңа жылды тек наурыз айында ғана тойлауы керек пе?
- Наурызкөжеге жеті компоненттен артық азық салса, не өзгереді?

III топ:

- Наурыз баталарын кім ойлап шығарған?
- Алтыбақанды неліктен тек жастар ұнатады?

Рефлексия

7. Мұғалім презентациясының жоспарын еске түсіру:

- Ұйымдастыру.
- Ақпарат жинақтау /кітапхана, мұражай, интернет/
- Талдау, сұрыптау.
- Зерттеу нәтижесін жариялау.
- Ғылыми конференция.
- Осы жоспардың қай кезеңдерін өттік, қазір қай тұсындамыз?
- Тестілеу:

Топ ішінде жұмыс нәтижелерін талқылап, бір-бірін /өз-өзін бағалайды.

Үйге тапсырма:

1. Қабырға газеттерін қорғауға дайындалу.

Бағалау өлшемдерін еске салу:

- Мазмұны.
- Ғылымилығы.
- Рәсімделуі.
- Сөйлеу мәнері.
- Сауаттылығы.

2. Қонақтарына буклет тарату;

3. Наурыз баталарын жаттап келу;

№1 қосымша.

Әр тапсырманың бағалау өлшемдері мен берілетін уақыты:

№	Талаптары			Берілетін уақыт
	1 ұпай	0,5 ұпай	0,25 ұпай	
1	Дұрыс, толық, сауатты айтылса.	Дұрыс, толық айтылса.	Дұрыс айтылса.	2-3 мин
2	1-мәтінді дұрыс оқыса, 2-мәтінді дұрыс құрастырса, сауатты жазса.	1-мәтінді дұрыс оқыса, 2-мәтінді дұрыс құрастырса.	1-мәтінді дұрыс оқыса.	10 мин
3	Жатқа 7 ұран айтса.	Жатқа 3-4 ұран айтса.	Жатқа 1-2 ұран айтса.	3-4 мин
4	Жоспары дұрыс құрастырылып, буклеті дайын болса, құрмалас сөйлемін дұрыс талдаса, оны салалас сөйлемге айналдырса.	Жоспары дұрыс құрастырылып, буклеті дайын болса, құрмалас сөйлемін дұрыс талдаса.	Жоспары дұрыс құрастырылып, буклеті дайын болса.	7 мин
5	5-6 дұрыс жауап	3-4 дұрыс жауап.	1-2 дұрыс жауап	1-2 мин
6	Жоба / газет 80% дайын болса, мәселе тудырушы сұрақ өзекті болса.	Жоба / газет 70% дайын болса, мәселе тудырушы сұрақ дұрыс құрастырылса.	Жоба / газет 50-60% дайын болса, мәселе тудырушы сұрақ құрастырылса.	6-7 мин
7	«+» 7 жауап	«+» 4-5 жауап	«+» 2-3 жауап	2-3 мин

СӨЙЛЕТЕДІ НАУРЫЗ – КӨКТЕМ!

Мақсаты: білімділік – Наурыз мерекесі туралы бастауыш сынып оқушыларына кең мағлұмат беру. Саналарында наурыз – жылдың, көктемнің басы деген ұғымды бекіту. Наурыздың мерекеленуі, наурыздың салт-дәстүрі, дастарханы туралы көрнекілік, сахналық мағлұмат беру; **дамытушылық** – оқушылардың танымдық, есте сақтау қабілеттерін дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау; **тәрбиелік** – қазақтың мерекелеріне, тіліне, тарихына, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, халықтың әдет-ғұрпын, өнерін құрметтеуге баулу.

Көрнекілік: мерекелік түрлі-түсті суреттер, «Наурыз – жаңа күн. Наурыз – жыл басы. Құттықтаймыз! сөздері жазылған плакаттар, ұлттық тағамдар, ұлттық киім киген қатысушылар, дәнді дақылдарға толы ыдыс-аяқ, наурыз көже, бауырсақтар, шелпектер, кәмпіттер.

Мұғалім: - Қайырлы күн! Құрметті қонақтар, мұғалімдер, оқушылар!

- Добрый день, дорогие гости, учителя, ученики! Я поздравляю Вас с наступающим праздником – Наурыз. Желаю всем Вам крепкого здоровья, голубого мирного неба над головой, счастья вашему семьям, успехов во всех ваших благих начинаниях!

Уважаемые первоклассники, 22-марта у нас в Казахстане, но и не только в Казахстане и в других восточных странах проводится очень известный праздник – Наурыз мерекесі. Сегодня я хотела бы вас познакомить с этим праздником, показать, как его встречают, какие традиции соблюдает казахский народ. Вы будете не просто зрителями, а активными участниками. Вам предстоит показать,

что вы хорошо изучаете казахский язык, понимаете его, можете ответить на вопросы, правильно произносите казахские слова. Я думаю, что родители, сидящие здесь порадуются за вас. Будьте очень внимательны, в конце мероприятия я обязательно спрошу, что вы запомнили из услышанного и увиденного.

- И так, ребята, праздник начинается. Ваше выступление на сегодняшнем празднике – это ваши ответы.

Мұғалім төмендегідей сұрақтар қояды:

1. Қазір қандай жыл мезгілі? – Қазір көктем мезгілі.
2. Көктемнің қандай айлары бар? – Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр.
3. Қазір қандай ай? – Қазір наурыз айы.
4. Наурызда қандай мерекелер бар? - Наурызда 8 наурыз, 22 наурыз мерекелері бар.
5. Бүгін қандай мереке болады? – Бүгін Наурыз мерекесі болады.

-Жарайсындар, балалар! Вы мне очень помогли начать праздник. И так, внимательно слушаем ведущего.

Ведущий: - «Наурыз» – праздник Нового года у восточных народов. Наурыз в переводе с персидского языка обозначает – новый день. Этот день казахи ждали с особым нетерпением, радостью, так как, это день весеннего равноденствия, весеннего обновления, новой зародившейся жизни. Как нужно встречать Наурыз?!

Во первых, в доме наводятся чистота и порядок. Казахи говорят: Если Новый год войдет в чистый дом, то этот дом обойдут стороной болезни и напасти. Еды должно быть вдоволь, вся посуда наполняется пшеницей, овсом, кукурузой, пшеном, молочными продуктами и родниковой водой. (Үстелде аталған дәнді дақылға, сүтке, суға толы әдемі ыдыстар). Это означает, что Новый год должен пройти в достатке, чтобы всего было в достатке и народ был сытым.

- По поверью народа ночь с 21-го марта по 22-е марта называется – «Қыдыр түні», то есть «Ночь Кыдыра». По мифологическому

понятию народа, в эту ночь в степь приходит старец Кыдыр ата, который увидит все плохое и все хорошее. И обязательно поможет. Он вестник доброты, обновления, солнечного света, весны (Қолында ала таяғы бар, ұлттық киім киген Қыдыр ата көрінеді).

Так послушаем же слова напутствия старца Кыдыра (Кыдыр – учащийся 3-класса): - Ал, айналайын жаңа келген Наурыз мейрамы,

Жаңа аттаған қадамың құтты болсын!

Дастарханымыз мол болсын,

Абыройымыз, мол болсын!

Ай – тәңірі іркілмесін,

Күн – тәңірі күрсінбесін,

От – тәңірі көз ілмесін,

Су – тәңірі безінбесін!

Тасқа тары біткенше таршылық көрмеңіздер!

Көкорайдай желкілдеп-желпілдеп тұрыңыздар!

Әр күніміз жақсы болсын!

Достығымыз берік болсын!

Өнер – серік болсын!

Ұлыс бақытты болсын,

Төрт түлік ақты болсын!

Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!

Жүргізуші: - Праздник начинается с приветствия. Люди приветствуют друг друга, здороваясь непременно обеими руками. И при этом говорят слова приветствия, связанные именно с Наурызом. (Осы кезде сахнаға ұлттық киім киген 4 бала шығады). Олар қос қолдап амандасып бір-біріне: «Ұлыс оң болсын! Қайда барса жол болсын! Ұлыс бақытты болсын, төрт түлік ақты болсын!» деп тілектер айтады.

Жүргізуші: - После приветствия необходимо сделать поклон Солнцу. Первые лучи Солнца сопровождаются словами:

(Сахнаға ұлттық киім киген қыздар шығып, күннің суретіне қарап! Армысың, күн – Ана!- деп иіліп, тәжім етеді).

Жүргізуші: - В переводе эти слова обозначают: «Здравствуй, Матушка – Солнце!» Праздник единения с природой продолжается.

Мужчины взяв лопаты, идут расчищать арыки, родники, поговаривая при этом: «Арық көрсең, көзін аш» (Тағы 4 ұл бала шығады. Арықтың екі жағына шығып, қолдарындағы ойыншық күрекшелерімен қазып, тазалап жатқан қимылдар келтіреді).

Жүргізуші: - Что означает «Если увидишь родник, расчищай его!» Этот день полон забот и труда. (Сахнаға оқушы шығып, еңбекке шақырады.)

Оқушы: - Ұлы күні ұлыстың
Ұласады еңбекпен.
Өнімі көп жұмыстың
Наурызда тер төккен.
Көркейтеді ел қаланы
Көшет егіп, гүл егіп!

Жүргізуші: - И тут же возле родников сажают деревья. Молодые саженцы опрыскивают молоком, произносятся слова. (Жүргізуші айтып тұрған кездегі сахнадағы көрініс: көшет егіп жатқан ұл-қыздар, қолдарында күрек, шелек, су сепкіш, көшеттер. 5-6 бала істеп жатып айтатын сөздері: «Бір ағаш кессең, он ағаш отырғыз» 2-3 рет қайталайды).

Жүргізуші: - А в переводе эти слова обозначают: «Срубил одно дерево, посади десять!».

Молодежь друг другу дарит подарки. Девушки угощают юношей, а юноши преподносят своим избранницам зеркала, расчески, духи.

Көрініс. Сахнаға екі қыз, екі ұл шығып, бір-біріне сыйлықтар ұсынады. Қыздар ұлдарға пісірген тағам түрін, ұлдар қыздарға ниіссу немесе айна, тарақ сыйлайды.

Жүргізуші: - Специально к празднику готовят «Наурыз көже» (суп – «Наурыз», состоящий из семи компонентов, это: мясо, соль, перловка, рис, пшено и курт). Коже едят до сыта, чтобы весь следующий год был плодоносным. Давайте, прежде чем попробовать коже послушаем наших первоклассников, которые подготовили прекрасное стихотворение о Наурыз коже:

1-оқушы: - Ашық болсын қас-қабак,

Тас атқанды аспен ат.

Бейтаныс та, таныс та –

Бүгін төрде бас қонақ.

2-оқушы (жалғастырады): - Арпа, бидай, тары бар,

Қатық, малта, ағы бар,

Ішілетін, жейтіннің

Бұл көжеде бәрі бар.

3-оқушы (жалғастырады): - Ошақта көп шоқ әлі,

Астың ауыр обалы.

Астан үлкен ешкім жоқ,

Қазан ауызы жоғары.

Мұғалім: - Рахмет, балалар! Өте жақсы жаттапсындар, мүлтіксіз, мүдірмей айттындар!

Жүргізуші: - Казахский дастархан очень богат и щедр на угощения.

Дәмге толы дастарқан ортаға қойылады.

Ортаға бірінші оқушы шығып, «Наурызым, армысың!» өлеңін нақышына келтіре жатқа оқиды.

(Өлеңді оқып тұрып, дастарханға шақыру қимылдарын жасайды). Дастарқан басына 4-5 оқушы отыра бастайды.

Үшінші оқушы (дастарханды көрсетіп тұрып):

- Дастарханда – бауырсақ,

Тойғаныңша алып қой.

Көңілді бұл мереке –

Есте қалсын Наурыз той!- дейді.

Дастархан басында отырғандар бауырсақтан ауыз тиеді.

Жүргізуші: - За дастарханом самого старшего просят произнести бата. Дастархан басында отырғандар жамырай: (Ақсақал, бата беріңіз!» - дейді, қолдарын жаяды. Ақсақал (бата оқиды):

- Бақ қонсын,

Дәулет дарысын,

Бас аман болсын,

Деніміз сау болсын, Әумин!

Дастархан басында отырғандар да беттерін сипап, «Әумин!»-дейді.

Мұғалім: - Өте жақсы, балалар, рақмет сендерге!

Жүргізуші: - А теперь послушаем ученика 1 «А» класса. Он выучил стихотворение о Наурызе. Оқушы жатқа оқиды:

- Жарқыра, жайна, Наурызым,

Қабағы жаудың түйілісін.

Береке-байлық, дәм-тұзың

Халқыма менің бұйырсын!

- Рақмет, қандай тамаша өлең! Өте жақсы оқып шықтың!

- Ребята, что же вы узнали сегодня, что увидели, что поняли?

(Оқушылар жамырап айтып жатты).

Мұғалім: - Сонымен, балалар, тақтаға қарайық! Тақтадағы жазылған сөйлемдер: «Наурыз – жыл басы», «Наурыз – Көктем», «Наурыз – жаңа күн». Оқушылар оқып, аударып берді. Неге «Наурыз – Көктем» дейміз? деген сұраққа наурыз – өмірдің, табиғаттың оянуының басы екендігін, табиғат көктемде оянып, гүлденетіндігін, жаңа қайнаған өмір басталатындығын, сондықтан мерекелік шара да «Наурыз – Көктем» деп аталғандығын айтты.

Мұғалім: - Жарайсындар, балалар! Наурыз – это новый год, новый день новой жизни. Давайте поздравим всех присутствующих с новым днем, с новым годом и скажем на казахском языке «Поздравляем!»

Оқушылар «Жаңа күніңмен», «Жаңа жылыңмен», «Құттықтаймыз!» деген сөздерді хормен айтып берді.

Мұғалім: - Балалар, әнсіз мереке бола ма екен? Ребята, какой же праздник без песни?! Сегодня к нам в гости пришла Галина Геннадьевна Чапаниди! Ребята, она не просто учитель пения и музыки, она известная певица нашего города. Без ее пения не обходится ни один праздник, ни одно мероприятие нашего города. Ее голос знаком всем! Мы должны гордиться, что учимся у нее. Галина Геннадьевна рояльдің сүйемелдеуімен «Қазақы дастарханым» әнін орындап береді.

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 20.04.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1910. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№4, 2012 ж., 144 бет, Алматы.